

«Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ай сайын шығатын Республикалық ғылыми-педагогикалық, әдістемелік журналы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың
наурыз айынан
бастап шығады

3/2013 НАУРЫЗ

МАЗМҰНЫ

Көкейкесті көзқарас

Зиба ҚҰЛАМАНОВА, Гүлмира БЕРДІБАЕВА.	Кеңес дәуіріндегі кейбір топонимдердің аталу уәждері.....	3
---	---	---

Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Элмира ҚАШАУЛИЕВА.	Болымсыздық, жалпылау есімдіктерінің түрленуі.....	8
Өмірбек АЙТЖАНОВ.	Диалект сөздер.....	13
Райкүл ҚАРАТАЕВА.	Әлеуметтік-саяси шешендік сөз.....	16
Салтанат ӨРБІСІНОВА.	Сын есімнің мағыналық түрлері.....	20

Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Бибіш ИТІБАЙ.	Әнші-ақындар шығармашылығы бойынша тест.....	26
Әсем КӨЛБАЕВА.	Қарауылбек Қазиев. «Менің шешем».....	29
Амангелді ҚОҚЫМБАЕВ.	Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету және АКТ-ны пайдалану.....	33
Тұрсын ОҢАЛБЕКҚЫЗЫ. Құралай БАЙМҰРАТОВА.	Сұлтанмахмұттың «Бір адамға» өлеңі..... «Ата үміті» әңгімесіндегі	38

	кейіпкерлер бейнесі.....	41
Бинаш ҚИЯНБЕКОВА.	Махамбеттің «Қызғыш құс» өлеңі.....	46
Гүлмира БАРЖАУБАЕВА.	Ғабит Мүсіреповтің әңгімелеріндегі аналар.....	50
Алмат ҚАЙЫРҚҰЛОВ.	«Қамар сұлу» романы.....	54
Авторлық бағдарлама		
Ерназар ҚИСАХМЕТОВ.	«Қадыртану» қолданбалы курсы.....	58
Оқулыққа қосымша		
Рахат ЕЛУБАЕВА.	Шөже ақын шығармаларындағы сатира сипаты және ақындық шеберлік.....	66
Гүлжан СӘРСЕНОВА.	Жыраулар тіліндегі үнемдеулер.....	71
Мендібай ӘБІЛҰЛЫ,	Қазақ поэзиясындағы Сыпатай	
Айбөлек ОТАРОВА.	батыр бейнесі.....	77
Сыныптан тыс сабақ		
Назгүл ТҰҢҒЫШБАЕВА.	Үздік әдебиетші.....	81
Райса РАХМЕТ.	Махамбет шығармалары. Жәңгір хан.....	84
Балабақша бағында		
Дәмеш ТОҒАЙБАЕВА.	Табиғат дегеніміз не?.....	87
Гуля ҚОЙБЕКОВА.	Үй жануарлары: төрт түлік.....	88
Жас маманға жәрдем		
Мадина МУСАЕВА.	Дыбыстардың артикуляциялық жасалым белгілерінің зерттелуі.....	92
Манат ҚОЖАМЖАРОВА.	Ілияс Жансүгірұлы. «Әнші».....	98
Әлия ҚАНАПИЯНОВА.	Фразеологизмдерді зерттелу аспектісіне қарай топтастыру.....	102
Мәншүк ОСПАНБЕК.	Ою-өрнек сыр шертеді.....	107
Айсұлу КҮЗЕНБАЕВА.	«Аққулар ұйықтағанда».....	112
Алмагүл БУТУБАЕВА.	Мәтін.....	114
Ләззат ДОСАХАНОВА.	Сабаққа тиімді тренингтер.....	117
Сыныптан тыс тәрбие		
Нүргүл ҚУАТОВА.	Әйел – ана, ана – әлем.....	119
Назгүл БОЛАТБАЙ.	Жанға жақын жырлары.....	124
Мерейтой – 70		
Алданыш ИСИНА.	Мұзтаудың мұзбалағы.....	127
Білім бәсекесі		
Динара СЕРІКҚЫЗЫ.	«Елім менін» сайысы.....	130
Мемлекеттік тіл мәртебесі		
Сара ҚОЯНБЕКОВА.	ҰҚК мамандарын даярлауда мемлекеттік тілді оқытудың мазмұндық сапасын жетілдіру мәселесі.....	134
Мұғалімдер мүйісінде: рухани жыр-азық		
Бақытжан ТОБАЯҚОВ.	Мағжанға мадақ.....	141

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева, Қанипа Бітібаева, Жанғара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева, Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшһүр Жүсіп, Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев, Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.

Зиба ҚҰЛАМАНОВА,
М.Х.Дулати атындағы
ТарМУ доценті, ф.ғ.к.,
Гүлмира БЕРДІБАЕВА,
М.Х.Дулати атындағы
ТарМУ магистрі.

КЕҢЕС ДӘУІРІНДЕГІ КЕЙБІР ТОПОНИМДЕРДІҢ АТАЛУ УӘЖДЕРІ

Бүгінгі таңда Мәдениет министрлігі, Тіл комитеті тарапынан жер-су атауларына қатысты маңызды іске айырықша назар аударылып, ономастикалық жұмыстардың қарқынды бағытта жүргізіліп отырғандығын құптаймыз. Нақтылай айтсақ: өзгертілген жер-су, елді мекен атауларын байырғы тарихи атаулармен алмастыру; транскрипциясы бұрмаланған немесе қате жазылған атауларды қайта қалпына келтіру; байырғы атаулары ұмытылған немесе жаңадан құрылған және атаулары отаршылдық-тоталитарлық сипаттағы елді мекендермен білім, мәдениет мекемелерін, көрнекі ақпарат-құралдарын, басқа да физика-географиялық нысандарды қазіргі заман үлгісіндегі жаңа атаулармен қайта атау.

XIX ғасырда өмір сүрген белгілі географ Н.И.Надеждин «Топонимика дегеніміз – жердің тілі, ал жер – географиялық атаулар арқылы адамзаттың тарихы жасалынатын кітап» десе, жазушы Мұхтар Әуезов «Біздің қазақ – жер атын, тау атын әманда сол ортаның сыр-сипатына қарай қоя білген жұрт. Қайда, қандай өлкеге барсаң да жер,

су, жапан түзде кездескен кішкене бұлақ атының өзінде қаншама мән-мағына, шешілмеген құпия сыр жатады» деп ой түйген. Қазақ халқының ат қою шеберлігіне қызыға қараған.

Қолданыстағы кейбір тарихи халықтық атаулар жоғарыдағы пікірмен үндесіп жатады. Бірақ түрлі тартыстар мен соғыстардың құрбаны болған атаулар ұмытылып, көне жұрттар мен қалашықтар төбеге айналған. Мәселен: **Жалпақсу, Тентектөбе, Сынтас, Жартытөбе, Қарауылтөбе, Сарытөбе, Жаументөбе, Шұқырбекет, Сауыршы, Қышқорған** сынды атаулар ел жадынан шығып үлгерген.

Кеңес өкіметі дәуірінде ел топонимикасының 90%-ы өзгеріске ұшырағанын байқауға болады. Кеңес дәуірі кезіндегі келімсектердің (переселенец) атымен аталған атаулар қаншама?.. Сондай-ақ коллективтендіру кезеңіндегі атаулар – *Жаңабазар, Жаңажол, Жаңатұрмыс, Жұмысшы, Қызылдихан, Тілектес, Үлгілі, Ынталы, Қызылтаң, Еңбек, Өндіріс, Еңбекші, Жаңаталап, Қызылту, Алғабас; ірі саяси оқиғаларға байланысты атауларға 1-май, Қызыл Октябрь, Қазақ ССР-ның XX жылдығы, Коммунизм, Жеңіс; орыс тіліндегі және орыс тілінен енген атауларға Пригородные, Новосел, Лесхоз, Пришкольное, Заготскот, Новостройка, Комсомол, Старый Чанак; кісі аттарына қатысты атауларға К.Маркс, Антоновка, Самсоновка, Киров, Калинин, Ленинск, Ленин жолы, Ф.Энгельс, Крупская, т.б. атаулар жатады.*

Еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін күшпенен тарих шаңының астында қалған, ұмыт болып кете жаздаған топонимикалық атауларды қалпына келтіру үрдісі

басталды. Дегенмен, біраз атаулардың әлі сол күйінде қалуы империялық психологияның, оның өкілдерінің санасында (диаспорада) әлі де болса ескі сарынның қалғанын көрсетеді. Жамбыл облысының әкімшілік-аумақтық бөлінісі, елді мекеннің ресми жалпы саны — 500-ге жуық. Мұның ішінде 200-ге жуығы орыс тіліндегі атаулар болды. Өзгертіліп кеткен тарихи атауларды қайта батыл қалпына келтіру тәуелсіздік орнағаннан кейін шұғыл басталды. Мәселен, 1992 жылдан 140-қа жуық тарихи атаулар идентификацияланды (қалпына келтірілді).

Әлі де болса Жамбыл облысының қоршаған ортасы мен орналасқан жерінің физикалық-географиялық ерекшеліктері ескерілген, толық сипаттамасы тарихи және топонимикалық деректермен негізделіп, атаулары өзгертілу мәселелері күн тәртібінде тұр. Жергілікті жердегі топтасқан этностардың қарсылығымен кейбір елді мекендердің атаулары әлі өзгертілмей жатыр.

Өңірдегі ономастикалық кеңістікті ретке келтіру мақсатында аудандар мен Тараз қаласы әкімдіктері мәжілістерінде тіл мәселесімен қатар ономастика бағытындағы атқарылған жұмыстарды жеке мәселе ретінде қарап, БАҚ-та ішінара жарияланып та жүр. Осыған қатысты **Гродиков** (Н.И.Гродеков) атауына қатысты (Жамбыл ауданы) мынадай ой-пікір айтудың реті келіп отыр.

Қоныс, елді мекен, жер-су, жайылымдықтар, т.б. атаулар көшпелі қазақ халқының тарихи көп жылдық тәжірибесінің негізінде қалыптасып отырған...

Жалпы топонимдердің, оның ішінде елді мекендердің де қандай да болмасын қоғам өмірінде алатын орыны айырықша. Сондықтан бұл жердің атауын жердің

физикалық-географиялық ерекшеліктеріне қатысты сулы жер, яғни, бұлақтың көптігіне байланысты «Бұлақты» немесе «Көпбұлақ» деп атауды ұсынар едім. Біріншіден, Жамбыл облысы бойынша бұл атау кездеспейді, екіншіден, дәлірек айтсақ, **Гродиково** – Жамбыл ауданындағы ауылдық округ және ауыл атауы. Кісі фамилиясына қойылған атау. Гродиков ауылдық округі облыс орталығы Тараз қаласының оңтүстік-шығысында 12 шақырымдағы Талас өзені аңғарының сол жағасында орналасқан. XIX ғасырдың аяғында іргесі қаланған. Алғашқыда Әулиеата гарнизонындағы әскери қызметтен босаған солдаттар қоныстанған село болғандықтан «Солдатское» аталған, онан соң оған Оңтүстік Қазақстандағы патша әскерінің командашысы Гродековтың аты берілген. Ал Гродековтың кім, қайда туылған, оның қазақ еліне сіңірген еңбегі қандай сипатта болды? Ол жайында тек арнайы мамандар ғана білмесе, қазіргі өскелең ұрпақ, жастар біле бермейді.

1973 ж. Қазақ Совет энциклопедиясында: «Н.И.Гродеков XIX ғ. Сырдария облысы әскерлері Түркістан әскери округінің қолбасшысы, сонымен қатар әскери жазушы. Қазақ пен қырғыздардың Ресейдің ықпалына түсуін қолдаған және патша әскерлерінің Түркменстанды қалай жаулап алуы жөнінде еңбектер жазған. Патша өкіметінің ұлы державалық шовинистік пиғылдарының іске асуына атсалысқан» [А., 1973, 3-том, 402-бет].

Жер белгілі бір халықтың ата-бабасынан қалған иелігі, оның атаулары сол ұлттың тілінде болуы шарт екендігін ұмытпағанымыз жөн. Осыған орай халқымыз өзгертіліп жатқан атаулар (онимдер) туралы мәліметтерді нақты біліп, қолданысқа енгізу мақсатында мемлекеттік ономком, терминком тарапынан анықтамалық хабарларға

арналған интернеттен сайт ашса дұрыс болар еді.

Әрбір атау (оним) өзіне ғана тән ерекшеліктерге ие. Әрбір лексикалық қабаттар бірден қалыптаспай, осы аймақтың саяси-әлеуметтік қарым-қатынасы, тарихи кезеңдері мен иірімдерін басынан кешкендігінің дәлелі болып табылады.

Бұл атаулардың кезінде қалай қойылғандығын енді ғана өз Тәуелсіздігімізге қол жеткізгеннен соң аңғарып отырмыз. Бір қарағанда, атауда тұрған ештеңе жоқ сияқты болып та көрінетін шығар. Бірақ өз елінде, өз жерінде мүсәпірдің күйін кешпей, өз тілің мен өз мәдениетіңнің үстемдігін сезінгеннен артық бақыт жоқ. Шындыққа сүйенсек, жер-суға, түрлі нысандарға ат қою – үлкен саясат, яғни, кез келген атаудың негізінде мәдени-танымдық ақпарат жатуы тиіс. Сонда ұлт ұрпағының патриоттық сезімі артады, танымы тереңдейді. Бұл мәселеде жаңалық ашу қажет те емес, тек кешегі ата-бабаларымыздың жер-суға ат қоюдағы ұлылығын ұғына алсақ болғаны, өйткені топонимдік атаулар тұрғысынан алғанда онимдерінің бәрі төл мәдениетімен, өз таным-түсінігімен тікелей астасып жататынын қазақтан артық ешкім білмесе керек. Титулды ұлттың тарихы, оның мақтанышы, рухы, қуанышы, олардың өзегі – жері мен суына, тауына, өзен-көліне, т.б. қойылған аттар. Олар қазақ халқының тарихи жады, ал ол оны отансүйгіштікке баулиды. Сондықтан қай нысан, елді мекен болмасын оларға атау беруде абай болайық! Біз мұндайда үлкен жауапкершілікті талап ететіндігін ұмытпасақ игі. Біз туралы келер ұрпақ бойында «Ата-бабаларымыз кезінде не ойлады екен?» деген күмән тудырмайық.

Элмира ҚАШАУЛИЕВА,
Алматы қаласындағы
№148 мектеп-гимназияның
мұғалімі.

БОЛЫМСЫЗДЫҚ, ЖАЛПЫЛАУ ЕСІМДІКТЕРІНІҢ ТҮРЛЕНУІ

(7-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – болымсыздық, жалпылау есімдіктері туралы білімдерін тереңдету, оның түрленуін үйрету, есімдіктердің мағынасына қарай түрленуін білуге машықтандыру; **дамытушылық** – оқушылардың ой-өрісін, сана-сезімін, белсенді ойлау дағдыларын жандандырып, сөздердің фонетика-морфологиялық ерекшеліктерін анықтап талдау жасай білуге және топтық тапсырмалармен жұмыс істеуге машықтандыру, білімін дамыту, сауаттылыққа баулу, сабаққа ынталандыру; **тәрбиелік** – түрлі жаттығу жұмыстарын орындату арқылы елжандылыққа, ана тілін, туған жерін қастерлеуге, ұқыптылыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.

Түрі: аралас сабақ. **Типі:** жаңа білім беру. **Әдіс-тәсілі:** түсіндіру, сұрақ-жауап, топтастыру. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, слайдтар, перфокарта, мақал-мәтелдер. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру. Оқушылардың сабаққа қатынасын түгелдеу. Оқу құралдарын алдырып, назарларын сабаққа аудару.

Екі топқа бөлу, бірнеше тапсырмалар орындалатынын ескерту. 1-топ: «Талап», 2-топ: «Қанағат».

Әр топ өз ұрандарын айтып таныстырады.

Үй жұмысын тексеру.

Үйге берілген 106-жаттығуды тексеру. Берілген белгісіздік есімдіктерін түрлендіріп сөйлемдер құрастыру.


Бүгінгі сабағымызды «ББҮ» стратегиясымен бастаймыз.

Оқушының жауаптарын топ басшылары «Білім пердесі» арқылы бағалап отырады. Есімдік бойынша не білетінін, не білгенін, нені білгісі келетінін оқушылар айтады.

Не білемін?

Не білдім?

Не білгім келеді?



Сұрақ-жауап әдісі арқылы үй жұмысын пысықтау

1. Жіктеу есімдігі қалай түрленеді? 2. Сілтеу есімдігі қалай түрленеді? 3. Сұрау есімдігі қалай түрленеді? 4. Өздік есімдігі қалай түрленеді? 5. Белгісіздік есімдігі қалай түрленеді? 6. Болымсыздық, жалпылау есімдіктеріне қандай сөздер жатады?

Жаңа сабақ.

Болымсыздық есімдіктері зат есімдердің орынына жүріп септеледі, тәуелденеді, көптік жалғауын қабылдайды. Болымсыздық есімдіктері жіктелмейді.

Болымсыздық есімдігінің септелу үлгісі

А.	Ешкім	Ешбір
І.	Ешкім – нің	Ешбірі – нің
Б.	Ешкім – ге	Ешбірі – не
Т.	Ешкім – ді	Ешбірі – ң
Ж.	Ешкім – де	Ешбірі – нде
Ш.	Ешкім – нен	Ешбірі – нен
К.	Ешкім – мен	Ешбірі – мен

Болымсыздық есімдігінің тәуелдену үлгісі

І	Ештеме – м	Ештеме – міз
ІІ	Ештеме – ң	Ештеме – лерің
	Ештеме – нің	Ештеме – леріңіз
ІІ	Ештеме – сі	Ештеме – сі

Болымсыздық есімдігінің көптелу үлгісі

Ешнәрсе – лер (і)	Кейбіреу – лер
Ештеме – лер (і)	Әлдекім – лер
Ешқайсы – лар (ы)	Бірдеме – лер , әрне – лер

Жалпылау, жинақтау мағыналарын білдіретін жалпылау есімдіктерінің кейбірі тәуелденеді, септеледі.

Жалпылау есімдігінің тәуелдену үлгісі

І	Бар – ым (барым осы)	Барша – м – а (айтарым)
ІІ	Бар – ың (барың осы ма ?)	Барша – ң – а, барлығы – ың – а (айтарым)
	Бар – ыңыз (барыңыз осы ма?)	Барша – ңыз – ға, барлығы – ыңыз - ға
ІІ	Бары (бары осы)	Баршасы, барлығы – ы (жиналды)

Жалпылау есімдігінің септелу үлгісі

А.	Бәрі	Барлығың	Баршаңыз
І.	Бәрі – нің	Барлығың – ның	Баршаңыз – дың
Б.	Бәрі – не	Барлығың – а	Баршаңыз – ға
Т.	Бәрі – н	Барлығың – ды	Баршаңыз – ды
Ж.	Бәрі – нде	Барлығың – да	Баршаңыз – да
Ш.	Бәрі – нен	Барлығың – нан	Баршаңыз – дан
К.	Бәрі – мен	Барлығың – мен	Баршаңыз – бен

Жаңа сабақты пысықтау. «Кітап – сенің ақылшың»

110-жаттығу. Көп нүктенің орынына тиісті жалпылау есімдіктерін түрлендіріп қойып, мәтінді көшіріп жазу. (Екі топтан үш оқушыдан жауап береді)

Қажетті сөздер: *барша, барлық, бүкіл, жалпы.*

«Кім тапқыр?» ойыны. Берілген сөйлемдерден есімдіктерді тауып, морфологиялық талдау жасау. (Екі топтан үш оқушыдан шығады)

1. *Ешкім іштен батыр болып тумайды. Батырлық та мінез секілді: өскен орта, көрген тәрбиеге байланысты қалыптасады.*

2. *Үмітін жоғалтқан жан – ешқашан үміттеніп көрмеген жан.* (Бауыржан Момышұлы).

3. *Өнер-білім – бәрі де оқуменен табылған.*

4. *Біреуге жақсылық етсең, ол жақсылығыңды міндет етпе.* (Ыбырай Алтынсарин).

5. *Бәрінен де өзіңді-өзің алдау оңай.*

6. *Ғылым үшін барлығы да маңызды.*

Шығармашылық жұмыс.

«Еліммен, Елбасыммен мақтанамын» тақырыбында ойтолғау жазу.

«Кім жылдам?» ойыны. Болымсыздық, жалпылау есімдіктері бар мақал-мәтелдерді айту.

Жаңа сабақты бекіту.

Перфокартаны толтырыңыз

№	Есімдіктер	Септеледі	Жіктеледі	Тәуелденеді	Көптеледі
1	Жіктеу				
2	Сілтеу				
3	Сұрау				
4	Өздік				
5	Белгісіздік				
6	Болымсыздық				
7	Жалпылау				

Перфокартаның жауабын интерактивті тақтадан шығарып, жауабын тексеру.

«Нені білгім келеді?» парағын таратып беріп, оқушыларға толтырту.

Оқушыларды бағалау.

Білім пердесі

№	Оқушының аты-жөні	Үй тапсырмасы	Ауызша тапсырма	Жаттығу жұмысы	Талдау жұмысы	Шығ. жұмыс	Перфокарта	Қорытынды
1								
2								
3								

Үйге тапсырма: 1) Болымсыздық, жалпылау есімдіктері бар нақыл сөздер жазып келу; 2) Болымсыздық, жалпылау есімдіктерінің түрленуін оқу.

Өмірбек АЙТЖАНОВ,
Қарағанды облысының
«Жаңаарқа» ауданындағы
«Бидайық» орта мектебінің
мұғалімі.

ДИАЛЕКТ СӨЗДЕР

(5-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – деңгейлік тапсырмалар арқылы оқушыларға жеңілден қиынға, қарапайымнан күрделіге қарай сатылы түрде орындалатын жұмыстар жүйесін ұсыну, диалект сөздер туралы мағлұмат беру; **дамытушылық** – оқушылардың ойлау, есте сақтау, ой жинақтау, еркін сөйлеу қабілеттерін арттыру; **тәрбиелік** – дұрыс сөйлей білуге, өз білімін бағалай білуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Түрі: деңгейлік тапсырмалармен жұмыс. **Көрнекілігі:** карта, диалектологиялық сөздік, кәртішке. **Пәнаралық байланыс:** ағылшын, география, әдебиет, сурет.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру. Оқушыларды сабақ үдерісіне дайындау.

Үй тапсырмасын сұрау. 177-жаттығу.

Жаңа сабақ. Оқулықтағы теориялық мәлімет түсіндіріледі.

Электронды тақтадағы сөздердің басқы әріптерін тауып, тор көзге орналастырады. Тақырыбымыздың аты («Диалект» деген сөз) шығады. Бүгінгі өтетін сабағымыздың тақырыбы жазылады. Қалған деңгейлік тапсырмалар осы тақырыпқа байланысты болатыны айтылады.

I деңгей.

1-тапсырма. Берілген сөздердің ішінен диалект сөздердің астын сызып, олардың басқы дыбыстарын мына тор көздерге ретімен орналастыр.

Үтік-дезмал, ила-айла, азан-таңертең, пышақ-лөкір, қайратты-екіл, кемер-белбеу, үй-там.

--	--	--	--	--	--	--

2-тапсырма. Сөйлемнің ішінен диалект сөздерді теріп жаз.

- Ошақ жанындағы үстелде бірнеше қауақ тізіліп тұр.*
- Неменеге аң-заң болып отырсың?*
- Допияз таулы, тасты жерге шығады, жуандығы шынашақтай болады.*
- Ұсталар бұрын ердің алдыңғы қасына тарбақ салып түрлендіретін.*
- Бала мектепке қажет деп үстірік сұрады.*
- Қарағым, мүмкін болса ырам ет.*

Диалект сөздер теріп жазылады, олардың жазылу емлесіне назар аударылады.

II деңгей.

1-тапсырма. Диалект сөздерді мағынасына қарай топтап жаз.

Қайышаш, қайырма, сым, әсел, байлауыш, бөрлек, діңке, тұқым, бәтір, ләрен, кәсе, жадағай, бәдірен, телпек, қалақ, дәкір, кепсер, сапылдақ.

Тағам	Ыдыс-аяқ	Киім-кешек

Әр сөздің мағынасын тауып, топқа бөліп жазса, оқушы бұл сөздерді есіне берік сақтайды.

2-тапсырма. Берілген әдеби сөздердің диалектілік қолданыстағы түрін жаз.

таңертең →
сіріңке →
күнбағыс →
жұмыртқа →

III деңгей.

Электронды тақтада Қазақстан картасы. Оқушы Қазақстан туралы, қалалары туралы қысқаша айтып өтеді. Картадағы ағылшын тілінде жазылған қалалардың аттарын атайды. Картаның астындағы сөздерді (кәртiшке) оқушыларға таратып беріп, қай сөз қай облыста қолданылатынын айтып, тақтаға барып сол қаланың қасына іледі. Осылай кезектесе жұмыс атқарады. Қателесе басқа оқушы қатесін түзейді.

1-тапсырма. Төмендегі диалект сөздерді оқып шығып, олардың әрқайсысы қай аймаққа тән екендігін анықтаңыз. Картаға орналастыр.

Кәуәп, діңке, шөген, кәсе, шөміш, азан, мұздау, шекер, сым, дөкей, қалақ, жоян, құдағай, малту, тұқым, әсел, қайырма, қайышап, бөрлек, пісте, оттық.

2-тапсырма. Суреттегі заттардың атауларын диалект сөздермен бірге жаз.

(Жұмыртқа, шалбар, ақша)

Бұл тапсырманың ерекшелігі – заттардың атаулары дайын күйінде берілмей, сурет түрінде берілген (жұмыртқа – тұқым, шалбар – сым, ақша – пұл).

Шығармашылық тапсырмалар арқылы жаңа сабақты қорыту.

IV деңгей.

1-тапсырма. «Диалект» сөзі шығатындай етіп сөзжұмбақ немесе ребус құрастыр. Бұл деңгейдегі тапсырма

алдағы деңгейдегі тапсырмалардың қорытындысы ретінде саналады. Сөзжұмбақ, ребус құрастыру да оқушы шығармашылығына жатады.

2-тапсырма. Қазақстанның барлық аймақтарына саяхат жасаған оқушылар түрлі диалект сөздерді жинап келді. Қай өңірден қандай сөз жинағаны туралы шағын әңгіме жазады.

Үйге тапсырма: «Мен қандай сөз үйрендім?» атты шағын әңгіме құрау.

Оқушыларды бағалау.



Райкүл ҚАРТАЕВА,
Қызылорда облысының
Қармақшы ауданындағы
№250 мектеп-лицейдің
мұғалімі.

ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ ШЕШЕНДІК СӨЗ

(11-сынып, қоғамдық-гуманитарлық бағыт)

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушыларға әлеуметтік-саяси шешендік сөздің ерекшелігін, тілдік сипатын таныстыру арқылы олардың сөйлеу, ой қорыту дағдысын қалыптастыру; **тәрбиелік** – сөз нормасын сақтауға, мәдениетті сөйлей білуге тәрбиелеу; **дамытушылық** – сөздік қорларын дамыту.

Тегі: жаңа білім беру. **Түрі:** аралас сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, баяндау, сызба-кестелер.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру: оқушылармен сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу.

II. Үй тапсырмасын сұрау.

1. Шешендік өнер дегеніміз не? (Адамзаттық құндылық деңгейіндегі өнер) 2. Шешендіктің Отаны... (Эллада) 3. Қазақ шешендіктану ғылымында шешендікті тұңғыш рет ғылыми түрде зерттеп зерделеуші ғалым кім? (Ахмет Байтұрсынұлы) 4. Ғылыми әдебиеттерде шешендік сөздің қанша тегі көрсетілген? 5. Шешендік сөздердің көріктеуші құралдарын ата, ерекшеліктеріне тоқтал. 6. Бұрынғы шешендік пен қазіргі шешендіктің тілдік амалдарды қолданудағы ерекшеліктері туралы не айтасындар?

III. Үй тапсырмасын бекіту.

Өмір – мәңгі, уақыт – мүмкін елес.

Кел, болашақ, сауық құр, күлкіңе көш!

Бір күн шықса, бір күннің батуы анық,

Екі күннің тұруы мүмкін емес! - деп Мұқағали ақын жырлағандай, сөз құдіретінің мәнін түсініп, әдемі де әдепті, сұлу да ойлы сөйлей білуге үйренейік.

IV. Жаңа сабаққа даярлық.

1. *Кеше* деген сөздің екінші буынын алыңдар. 2. *Пишен* деген сөздің екінші буынын алыңдар. 3. *Мүмкіндік* деген сөздің жұрнағын алыңдар.

Қандай сөз шықты, кім айтады? (ШЕШЕНДІК)

V. Жаңа сабақ. Мұғалімнің кіріспе сөзі.

Интерактивті тақта арқылы жаңа сабақ түсіндіріледі.

Әлеуметтік-саяси шешендік сөз түрлері:

- Саяси және әлеуметтік тақырыпта жасалатын баяндамалар;
- Съезд, конференция, мәжіліс, парламенттегі, сессиядағы сөйленетін сөздер;
- Ресми хабарлар;
- Радио мен теледидардан жүргізілетін саяси-


әлеуметтік шолулар;

- Әскери-патриоттық сөздер;
- Үгіт-насихат сипатындағы саяси шолулар;
- Дипломатиялық сөз.

Қолданылатын орыны:

- Мемлекетішілік істерде;
- Мемлекетаралық қарым-қатынастарда;
- Ресми, дипломатиялық кездесулерде.

Әлеуметтік-саяси шешендік сөз



Тілдік құралдары:

- Афоризмдер;
- Қанатты сөздер;
- Ақыл-нақыл сөздер;
- Фактілер;
- Сілтемелер;
- Қаратпа, қыстырма сөздер.

Әлеуметтік-саяси сөздерге қажет емес нәрселер:

- Басы артық болжаммен айтылатын сөздер;
- Әлсіз деректер;
- Қиялдан туған қоспа пікірлер.

Әлеуметтік-саяси шешендік сөздерді қолданушылар:

- Қоғам қайраткерлері;
- Ел қалаулылары – Парламент депутаттары;
- Түрлі партиялар мен ұйымдар өкілдері;
- Қоғамдық бірлестік жетекшілері;
- Саясаткерлер.

Мемлекет саясатын түсіндірудің, белгілі саяси бағыт ағым үшін күрестің басты құралы – әлеуметтік-саяси шешендік.

VI. Жаңа сабақты бекіту.

Тапсырмалар орындау: 68-тапсырма, 72-тапсырма, 73-тапсырма.

Өзбетінше жұмыс: 76-тапсырма.

Қалаған сөйлеміңе синтаксистік талдау жаса.

79-тапсырма, 80-тапсырма.

VII. Бағалау.

СЫН ЕСІМНІҢ МАҒЫНАЛЫҚ ТҮРЛЕРІ

(6-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – сын есімнің мағыналық түрлерін таныстыра отырып, сын есімнен алған білімдерін бекіту, сын есімдерді орынымен қолдана білуге үйрету, Қадыр Мырза Әлидің “Қызыл кітап” поэмасымен таныстыру; **дамытушылық** – оқушылардың белсенділігін, сабаққа қызығушылығын, ақыл-ойын, өмірге көзқарасын, сөздік қорын, тілін дамыту; **тәрбиелік** – табиғатты қорғауға, Отанды сүйуге, достыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.

Түрі: кіріктірілген сабақ. **Тегі:** жаңа білімді игеру. **Әдіс-тәсіл:** СТО стратегиялары, бірін-бірі бағалау, топтық, жеке жұмыс. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, жаратылыстану, музыка.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру. Сәлемдесу.

“Танысу” тренингі.

Мұғалім: «Мен сабырлы Салтанатпын».

Оқушы: «Мен ақылды Азаматпын»...

Өз есімінің басқы әрпінен басталатын сын есім ойлауы шарт.

“Төрт сөзді сөйлем” ойыны. Оқушыларды топқа бөлу. Оқушылар ортаға шығып «Сөздер» деген кезде араласып жүреді. «Сөйлем» деген кезде төртеуден бірігу керек.

1-топ: “Күміс қоңырау”. 2-топ: “Кішкене Қожанасырлар”. 3-топ: “Биік баспалдақ”. 4-топ: “Ақ отау”.

Оқушылардан сарапшы сайлау.

Үй тапсырмасын сұрау. Сын есім тудырушы жұрнақтар.

Әдебиет пәнінен өткен өлеңдерден сын есімді тіркестерді жазып келу.

Электронды оқулықтан сын есім тудырушы жұрнақтарды көрсетіп қайталау.

ББҮ кестесін тақтаға жазу

Білемін	Білгім келеді	Үйрендім

Жаңа сабақ.

Қызығушылықты ояту. «Кітап» сөзін жұмбақтау. Мен бір нәрсе ойладым, сіздер маған сұрақ қою арқылы ол сөзді тауып алыңдар. Сұрақтарыңа «Иә», «Жоқ» деп жауап беремін.

Жұмбақты кім табады? Экранда кітап суреті. Жай кітап емес. «Қызыл кітап». Ол туралы не білеміз? Биыл аймағымызда қандай жыл? (Қадыр Мырза Әли жылы)

Мағынаны табу.

Сын есімнің мағыналық түрлері.

Қадыр Мырза Әли. “Қызыл кітап” поэмасы.

Оқушыларды нөмірлеп, бірдей сандарды бір топқа топтау. Электронды оқулықтан Қазақстан табиғаты туралы ақын өлеңімен басталатын бейне көрініс тамашалау.

Әр топқа танысуға мәтін беру. Олар мәтін бойынша тірек-сызба сызады.

1-топ. “Күміс қоңырау”. Қадыр Мырза Әли

2-топ. “Кішкене Қожанасырлар”. Қызыл кітап

3-топ. “Биік баспалдақ”. Сапалық сын есім

4-топ. “Ақ отау”. Қатыстық сын есім

Әр оқушы өз тобына келіп, оқыған мәтінін түсіндіреді.

1. Қадыр Мырза Әли – ақын, жазушы, драматург, аудармашы. Ол 1935 жылы Батыс Қазақстан облысының Жымпиты ауданында дүниеге келген. Қадырдың «Жаңғалақтар», «Кішкене Қожанасырлар», «Сабақ» кітаптары балаларға арналған. Ақын – «Ой арманы», «Ақ отау», «Домбыра», «Көш», «Күміс қоңырау», «Биік баспалдақ», «Жазмыш», «Иірім» атты қырықтан астам кітаптар мен балаларға арналған топтамалардың авторы.

Оның 200-дей өлеңіне ән жазылған. Ақын өлеңдері ағылшын, француз, неміс, т.б. тілдерге аударылған.

2. Халықаралық табиғат қорғау одағының «Қызыл кітабы» 1966 жылы тұңғыш рет екі том болып шықты. Қазіргі кезде көптеген елдерде «Қызыл кітап» жарық көрді. Қазақстанның «Қызыл кітабы» – Қазақстан Республикасы аумағында жойылып кету қаупі төнген және сирек кездесетін жануарлар мен өсімдіктердің сипаттамасы берілген арнайы кітап. Ол 1978 жылдан шығарыла бастады. Оның бірінші бөлімі омыртқалы жануарларға, екінші бөлімі өсімдіктерге арналған. Қазіргі кезде табиғатты қорғау мәселесі дүниежүзілік мәселеге айналып отыр.

3. Сын есім дегеніміз – заттың сынын, т.б. қасиеттерін білдіретін сөз табы. Ол қандай, қай деген сұрақтарға жауап береді. Сын есім мағынасына қарай сапалық, қатыстық болып бөлінеді.

Заттың сынын, т.б. қасиеттерін тікелей анықтайтын негізгі сын есім сапалық сын есім деп аталады. Мысалы: *жасыл, қызыл, қызғылт, ыстық, әдемі.*

Заттың сынын, т.б. қасиеттерін басқа сөз табының қатысы арқылы білдіретін сын есім қатыстық сын есім деп аталады. Мысалы: *темірдей, қазақы, сусыз, мейірімді, кестелі, қорқақ.* Қатыстық сын есімдер зат есім, етістік, есімдік, үстеуге жұрнақ жалғану арқылы жасалады. Бұлар – туынды

сын есімдер.

Сұрақ-жауап:

1. Қадыр кім? 2. «Қызыл кітап» қандай кітап? 3. Сапалық сын есім дегеніміз не? 4. Қатыстық сын есім дегеніміз не?

- Балалар, сендердің топтарыңды неліктен бұлай атадымыз екен? (Ақын кітаптарының аты екенін біледі)

Венн диаграммасы арқылы сын есім түрлерін салыстыру.

Жаттығу жұмыстары.

Бекіту. Топпен жұмыс. Семантикалық картаны толтыр.

Өлең жолдары	Негізгі	Туынды	Сапалық	Қатыстық
Мылтық көрсем төрлерден іліп қойған, Менің мазам кетеді күдікті ойдан. Жұртпен бірге мәз болып, дуду етіп, Қайта алмаймын одан соң күліп тойдан.				

Басқа топтарға:

Аяймын мен **анасыз, атасызды.**

Аяймын мен **құлынсыз, ботасызды.**

Хайуанатқа жасаған қиянатың –

Бауырыңа жасаған опасыздық!

Қызыл түлкі даланың көрігі еді,

Жаға болып ол енді «керіледі».

Бөкебаймен бүркеулі анау қалпақ

Қалпақ емес – Қақпан боп көрінеді.

Тартып алған аңдардың бір киерін,

Қыз-келіншек үшін мен құр күйемін.

Кешіре гөр біздерді, Әулие көл!

Кешіре гөр біздерді,

Қыр **киелі!**

Қызыл-жасыл, зер өнді, қалайы түр,

Тотылардың музейде талайы тұр.

Адамдардың алдында ақырғы рет

Ышқынды да көз жұмды жабайы тур.

Жеке жұмыс. Өлең жолдарынан сын есімді тауып,
қандай сын есім екенін айту. Тұлғасына талдау.

Біздің сайда болатын мия қалың.

Ауылдастар ойлайтын ұя қамын.

Мия сиреп,

Ұядан құстар безіп,

Біреу үшін енді мен ұяламын.

Жатыр дейсің жаратқан кімді ескеріп,

Құртты ма әлде өзара күндес бөрі?!

Ажары еді Даланың,

Қайда кетті,

Қайда кетті қазақы жүндес керік?!

Талай темір көк тасқа қайырылды,

Талай тәңір сенімнен айырылды.

Адамбысың сен өзі мейірімді,

Адамбысың сен өзі қайырымды?

Әттең, бірақ!

Аспанның бұлты биік,

Жаңбыр емес,

Өтеді сілті құйып,

Жоқ боп кетті

Әдемі теке мүйіз,

Айғыр жалды көгілдір жылқы киік!

Ойтолғау. РАФТ

Рөл	Аудитория	Форма	Тақырып
Табиғат	Адам	Үндеу	Табиғатты қорғау
Оқушы	Достары	Шағым	
Мұғалім	Оқушы	Кеңес	
Қадыр	Халық	Ұсыныс	

Автор орындығы. Топта талқылау, үздік жұмысты оқу.

Қорытындылау. «ББҮ» кестесінің «Не үйрендім?» бөлігін толтыру.

Өлең шумағымен сабақты қорытындылау.

Отыра алмас ұл шыдап,

Қызың шыдап.

Жоғалғандар тізімі – ұзын шұбақ.

Қызыл кітап –

Мезгілсіз кеткендердің

Бастарына қойылған

Қызыл шырақ!

Баяғыдай көбінің халі бірақ –

Мойындарын үзеді әлі бұрап.

Қызыл кітап –

Бұл өзі **қызық** кітап:

Тысы **жұқа**,

Астары **қалыңырақ!**

Ақынның сөзіне жазылған «Өз елім» әнін тыңдау.

Бағалау.

№	Аты	Үй тапс.	Жаңа сабақты түсіндіруі	Сұрақ-жауап	Семан. карта	Өздік жұмыс	РАФТ	Белсенділігі
1								

7-9 ұпай – “5”, 5-6 ұпай – “4”, 2-4 ұпай – “3”.

Бибіш ИТІБАЙ,
Зұлқарнай Баймырзаев атындағы
орта мектептің мұғалімі.
Маңғыстау облысы,
Түпқараған ауданы.

ӘНШІ-АҚЫНДАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ БОЙЫНША ТЕСТ

(10-сынып)

Біржан сал

1. «Біржан жасынан өзгеше мінезді, әуесқой, әңгімеге құмар, сезімтал болатын. Ауылға келген әнші, жыршы, күйші болса, соны жағалайды. Тіпті, көрші ауылда бүгін ән салады екен... десе, оған да кетіп қалады» деп Біржанның балалық шағын сипаттаған кім?

а) Мұхтар Әуезов; ә) Ахмет Жұбанов; б) Абай.

2. Біржан Абайдың қай өлеңіне ән шығарды?

а) «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын»;

ә) «Көзімнің қарасы»;

б) «Айттым сәлем, Қаламқас».

3. Біржанның «Ақтентек» әні кімге арналған?

а) Сараға; ә) Ләйлімге; б) Ажарға.

4. Біржанның қоғамдық-әлеуметтік көзқарасын айқындайтын шығармасы

а) «Теміртас»; ә) «Жанбота»; б) «Бурылтай».

5. Омбының генерал-губернаторына жағынып қалуды ойлап жиын ұйымдастырған қай болыс?

а) Жанбота; ә) Азнабай; б) Есімбек.

6. Біржан неше ағайынды? а) 1; ә) 2; б) 3.
7. Біржанның ағалары немен айналысқан?
а) өлең айтумен; ә) егін салумен; б) мал бағумен.
8. Біржан кімнің тәрбиесінде өсті?
а) әжесінің; ә) атасының; б) нағашысының.
9. Біржан айтыстарының ең шоқтығы биік айтысы
а) Нұрғайша; ә) Орынбай; б) Сара.
10. Біржанның қазақ аруларының қайталанбас көркем бейнелерін сомдаған шығармалары
а) «Айтбай», «Ақтентек»; ә) «Ғашығым», «Бірлән»;
б) «Ләйлім шырақ», «Көлбай-Жанбай».
11. Біржан өмірінің соңғы сәттерін бейнелейтін шығармасы

- а) «Теміртас»; ә) «Алтын балдақ»; б) «Сырғақты».
12. «Біржан-Сара» операсын жазған композитор
а) Әсет Бейсеуов; ә) Мұқан Төлебаев;
б) Нұрғиса Тілендиев.

13. Жаны жомарт, қолы ашық Қозыбақ бейнесін қай өлеңінде сипаттайды?

- а) «Жанбота»; ә) «Ақтентек»; б) «Жайма-шуақ».

14. Біржан қайтыс болған жыл а) 1834; ә) 1865; б) 1897.

№	Жауабы	№	Жауабы	№	Жауабы
1	Ә	6	Б	11	А
2	А	7	Б	12	Ә
3	Б	8	Ә	13	Б
4	Ә	9	Б	14	Б
5	А	10	Б		

Жаяу Мұса Байжанұлы

1. Ақын қайда оқыды?
а) Омбыда; ә) Петерборда; б) Орскіде.
2. Мұса Черняев отрядында жүріп кіммен танысты?
а) Абаймен; ә) Ыбыраймен; б) Шоқанмен.
3. Мұса қандай аспапта шебер ойнай білді?

а) баянда; ә) домбырада; б) скрипкада.

4. «Мұса ерлік, өктемдік, өршіл рухта, ашық тілмен өзінің әлсіз де болса күштілігін айта білсе, көңіліне ұнамаған адамды музыка тілімен сықақ қыла да білген. Оның тілінің өткірлігі мен үнінің өткірлігі бірдей келген» деп бағалаған зерттеуші ғалым кім?

- а) Ахмет Жұбанов; ә) Мағжан Жұмабаев;
б) Шоқан Уәлиханов.

5. Ақынның «Қазан қыздары» атты әні қай жылы, қайда шығарылды?

- а) 1875 жылы Петербургта; ә) 1880 жылы Қазанда;
б) 1876 жылы Тобылда.

6. Ақынның суреткерлігін танытатын шығармасы:

- а) «Сәулем қыздар»; ә) «Көкаршын»; б) «Сұрша қыз».

7. Ақынның әлеуметтік теңсіздік, заман шындығын бейнелейтін шығармасы?

- а) «Ақ сиса»; ә) «Гауһар қыз»; б) «Құлбай».

8. Ақынның әнге, саз өнеріне деген эстетикалық көзқарасын танытатын шығармасы:

- а) «Шолпан»; ә) «Ақ сиса»; б) «Көкаршын».

9. Ақынның 7-8 буынмен жазған өлеңдері

- а) «Жан серігі», «Күз», «Күлзимаға»;
ә) «Қаршыға», «Бүркіт», «Қақпан»;
б) «Құлбай», «Шолпан», «Тұрымтай».

10. Ақынның қай өлеңінен алынған үзінді?

*Барады Үркер ауып жазға таман,
Жүгірдім мылтық алып қазға таман.
Буылып қол-аяғым жатсам-дағы,
Домалап бара жатам қызға таман.*

- а) «Сұрша қыз»; ә) «Ләйлім»; б) «Сәулем қыздар».

11. Ақынның батырлық, ел қорғау, ерлік, елдік тақырыбына жазған дастаны:

- а) «Олжабай батыр»; ә) «Құлбай бай»; б) «Тұрымтай».

12. Ақын қайтыс болған жыл:

а) 1929 ж.; ә) 1921 ж.; б) 1923 ж.

№	Жауабы	№	Жауабы	№	Жауабы
1	А	6	А	11	А
2	Б	7	А	12	А
3	Б	8	Б		
4	А	9	Б		
5	Ә	10	Б		

(Жалғасы бар).



Әсем КӨЛБАЕВА,
Сындыбала Қырықбаева атындағы
орта мектептің мұғалімі.

Алматы облысы,
Көксу ауданы,
«Кеңарал» ауылы.

ҚАРАУЫЛБЕК ҚАЗИЕВ. **«МЕҢІҢ ШЕШЕМ»**

(8-сынып)

Сабақтың мақсаты: 1) әңгімені оқыта отырып, ССРО-Германия соғысы жылдарындағы елдегі жағдай туралы білімдерін толықтыру; 2) ана қадіріне жете білуге сөз құдіреті арқылы әсер етіп, оқушыларды шығармашылық жұмысқа төселдіру, өзіндік пікірін айтуға, жазуға бағыттау; 3) жазушы әңгімесі арқылы ой қозғап, толғап, олардың еңбектерінің майдангер ерлігімен сабақтас екендігіне көздерін жеткізетіндей етіп, отансүйгіштікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

Түрі: бекіту сабағы. **Көрнекілігі:** кестемен жұмыс, шығарманың композициялық құрылымын жазу, бүктеме, Қазақстанның картасы. **Пәнаралық байланыс:** тарих, география (картамен жұмыс).

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру.

1. Сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу.

2. Оқушыларды сабаққа психологиялық дайындау.

- Біздің бүгінгі және ертеңгі, болашақтағы мақсатымыз не?

- Ол үшін не істеуіміз керек?

(Сұрақтарға оқушылардың жауаптары)

Бекіту. Үйге берілген тапсырма: жазушы Қарауылбек Қазиевтің «Менің шешем» әңгімесін толық оқып келу.

- Балалар, сабақтың соңында инсерт стратегиясы бойынша жұмыс атқарасындар (таблицаны тарату).

Үй тапсырмасын шығарманың композициялық құрылымы арқылы жүзеге асырамыз.

Шығарманың композициялық құрылымы.

1. Тақырыбы: Ана туралы

2. Идеясы: Өз анасын жаза отырып, бүкіл аналар туралы ой толғайды.

3. Мазмұны: Соғыс жылдарындағы елдегі жағдай.

4. Басталуы: Ауыл тұрмысын суреттеу.

5. Байланысы: Шешесінің жұмыстан келуі.

6. Сюжеттік дамуы: Баланың нан сұрауы.

7. Шарықтау шегі: Ауданнан келген өкілдер сөзі.


8. Шешімі: Ана күткен үміт сәулесі.

Топтастыру стратегиясы.

- Енді екі топқа бөліне отырып, жұмыс істеп көрейік.

Мақсаты: біз өз ойымызды еркін, толық жеткізе айтқанымызды дәлелдей білуге дағдыланамыз.

«Майдан», «Тыл» сөздерін топтастыру.



Ойтұжырым.

- Енді әңгімеге тұжырымдама жазайық, мұнда біз анаға деген бала махаббатының нәтижесі туралы ой толғайық.

Әңгіменің соңғы екі бөлімін талдай отырып негізгі ой түйінін жазайық.

I топ	II топ
<p>Шешем күткен үміт сәулесі.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ауырлық арқалаған жылдар елесі; 2. Бейбіт өмірдің шуақты күндері; 3. Әкем соғыстан оралмады. 	<p>Шешемнің көңіліндегі еңбек жыры.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қайран ананың қажымас көңілі, жазира жүрегі; 2. Менің шешем – қарапайым еңбеккер; 3. Менің шешем – қажымайтын, талмайтын асыл жан.

Ойқозғау стратегиясы.

- Соғыстан кейінгі балалар мен қазіргі балалардың арасында қандай ұқсастық, айырмашылық бар?

Ұқсастығы:

1. Оқудың қажеттілігін біледі;
2. Оқуға құмар.

1. Соғыстан кейінгі тұрмыс қиын, оқу мүмкіндігі,

1. Қазір жағдай жақсы, оқуға мүмкіндік мол, ақпарат құралдары көп.
2. Қазіргі балалардың кішіпейілдігі

ақпарат
құралдары аз

төмен, бір-біріне деген аяушылық
сезімі де аз, керісінше, мазақтап,
жәбірлеп кетеді.

Ойтолғау.

- Әңгіменің соңында сендерге тапсырмалар берілген, алтыншы тапсырмаға көңіл бөлейік. Ана тақырыбына жазылған шығармаларды салыстырып, «Ана мен бала» тақырыбына ойтолғау жазайық.

Алдыңғы сабақта өткен ақын Төлеген Айбергеновтың «Ана», Міржақып Дулатұлының «Шешенің балаларын сүюі» өлеңдерімен сендер таныссыңдар. Осы өлеңдерге бір сәт көңіл бөлейікші.

Міржақып Дулатұлының өлеңін интерактивті тақтадан мәнерлетіп оқыту.

Төлеген Айбергеновтың өлеңінің соңғы төрт жолына тоқталу.

Ана керек! О, адамдар, ана керек адамға,

Анасыздар – аң сияқты күн кешіп жүр галамда.

Пікірімді ұнатпаған таптық та дер дананы,

Даналықтың қажеті жоқ сыйлау үшін ананы.

- Осыдан өздеріңе қорытынды шығарып, ой толғандар.

Қорытындылау.

- INSERT стратегиясы бойынша кестені толтыру.

Кімнің шығармасымен таныстың?	Басты шығармалары	Нені оқыдым?	Берген тәрбиесі	Көзқарасым

- Балалар, қай заманда да ана бейнеті ауыр. Аналарыңның өлшеусіз еңбегін бағалап, мәңгілік қамқор болып өтіңдер. Жазушы айтқандай, «Жолына қызғалдақтың бояуын төгіп, таңғы арайдың нұрын шашыңдар!».

Үйге тапсырма: Шығарма мәтініне орай сурет салу, өлең жазу.

СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУҒА ҮЙРЕТУ ЖӘНЕ АКТ-НЫ ПАЙДАЛАНУ

Сыни тұрғыдан ойлау мен сабақ үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияны (АКТ) қолдану оқушылардың тәуелсіз ойлауына, ой қорытуына, қабілетіне, визуалды және ауызша түрдегі ақпарат алуына, өз бетімен ізденуіне ықпалын тигізеді. Сыни тұрғысынан ойлауды қалыптастырып, балалардың өз білімдері мен жаңа білімдерін ұштастыра отырып, тақырыпты түсінуге бағыт беріледі. Сыни тұрғыдан ойлаудың стратегиялары өте көп. Ол іс-әрекеттер оқушыларға еркін ойлауға мүмкіндік береді, ақыл-ойын дамытады, ұжымдық іс-әрекетке тәрбиелейді, тіл байлығы жетіледі, жан-жақты ізденеді, өз ойын жеткізеді.

Тақырыпты қаншалықты түсінгендігін анықтау үшін оқушыға «Өзін-өзі бағалау», «Бірін-бірі бағалау» әдістері өте тиімді: балалар өздерінің артықшылығын біле отырып жіберген қателерін анықтайды және бағалайды. Болашақта жіберген қателіктерін жоюға тырысады. Кейбір жағдайда өздерін жоғары бағалау немесе төмен дәрежеде бағалау байқалады. Дегенмен, үздіксіз жүргізілген жұмыстар нәтижесінде оқушылар оқу мен оқытуға шынымен сыни тұрғыдан қарай білуге дағдыланады, үйренеді, қалыптасады.

Осы модульдермен жұмыс барысында оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамытып және оймен қабылдауын меңгерту мақсатында 6-сыныппен «Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығы» тақырыбында өткізген

сабағыма тоқталайын.

Сабақты өткізу барысында сыни тұрғыдан ойлаудың элементтерін пайдаландым. Мақсатым: оқушыларға тақырып жайында мәлімет бере отырып, сыни тұрғыдан ойлауға қалыптастыру, өз ойларын еркін жеткізуге мүмкіндік беру, АКТ-ның тұрмыста, үйде және оқу үдерісіндегі мәні мен маңызын түсіндіру, оның зиянды және пайдалы жақтарын салыстырмалы түрде түсіндіре отырып тиімді қолдана білуге үйрету.

Сыни тұрғыдан ойлау әдістерін сабақтың әр кезеңдерінде пайдаланып отырдым. Сабақты бастамас бұрын сыныпта психологиялық ахуал орнату арқылы оқушылардың қызығушылығын ояттым. Оқушылардың көңіл-күйлеріне байланысты фигуралар таңдатып, әр фигураға түсінік берілді. Осы таңдаған фигуралар арқылы оқушыларды 5 топқа бөлдім. Топтық ереже құруда оқушыларға ұйымшылдық, тәртіп сақтау, үнемі жетістікке жету, уақытты тиімді пайдалану, топ мүшелерімен бірге шешім қабылдау, берілген тапсырманы сапалы орындау керек деген сияқты ережелер түсіндірілді, кейіннен оқушылар бұл топтық ережені өздігінен орындайтын болды.

Ой қозғау мақсатында оқушылардан өткен сабақта нені білгендерін сұрай отырып, ұлы Абайдың өмірі мен шығармашылығын өту барысында қандай мағлұматтар алатындары туралы қысқаша тоқталып өттім. Сыни тұрғыдан ойлау стратегиясын қолдана отырып, «Абай Құнанбайұлының өмір сүрген ортасы», «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ», «Құлақтан кіріп бойды алар», «Желсіз түнде жарық ай» (қосымша), «Әсемпаз болма әрнеге» тақырыптарында өтілген сабақтардан қандай мағлұматтар алғанын білу мақсатында әр топқа постерлер таратылып, өз араларында талқылау тапсырылды.

Сабақ барысында оқушыларға қолдарында бар ұялы

телефондарын, ноутбукты қолдана отырып, ғаламтордан ақпараттар алу, АКТ арқылы берілген тапсырманы орындау жүктелді. Берілген тапсырманы оқушылар тиянақты орындап шықты.

Бірдей, ортақ көзқарас орын алған постерлер тақтаға ілініп, әр топ мүшелері толықтай өз ойын еркін жеткізе білгендерін дәлелдейтін жұмыстарын баяндамашы оқушылар қорғады. Басқа топ мүшелері толықтырулар енгізіп, өздерінің қосатын ұсыныстарын айтып, бағаларын беріп отырды.

Бекзат Бейсен деген оқушым сабақта, көбінесе, үнсіз отыратын, ал топтық сабақта, өз тобымен тақырыпты талдау барысында өз пікірін білдіре алды, сабақта жаңа қырынан ашылды, себебі оқушы өз ұялы телефонымен ғаламтордан талантты және дарынды балалардан қалыспай үйге берілген тапсырмаға байланысты Сүйінбай Аронұлының өмірбаянын, Абай Құнанбайұлы, оның әжесі Зере, әкесі Құнанбайдың суреттерін тауып көрсете алды.

Оқушылар ноутбукпен ғаламтордан Абайдың «Желсіз түнде жарық ай», «Айттым сәлем, Қаламқас», «Көзімнің қарасы» әндерін тауып, барлық оқушыларға тыңдатты. Оқушылар өздері де қосылып айтып үйренді.

Өзім ғаламтордан Абайдың отбасы, өскен ортасы, руы, ата-тегі, бауырлары, балалары, сауат ашып, білім алған оқу орындары, шығармалары, аудармалары, қара сөздері, т.б. мәліметтер бойынша слайд дайындап, сабақ барысында көрсеттім. Сабақ барысында оқушылар ұлы ақынның өмірі, өскен ортасы, білім алу жолы, т.б. туралы жан-жақты мағлұматтар алды.

Бұл сабақ АКТ-ны пайдаланудың, топтық жұмыс пен диалогтың тиімді және пайдалы екенін дәлелдеді.

Бір сабағымда әр топ үшін үйге берілген тапсырмада «Венн диаграммасын» пайдалана отырып, Дулат

Бабатайұлының «О, Ақтан жас, Ақтан жас» өлеңіндегі адам баласының жақсы және жаман қасиеттерін қағазға түсіру жұмысы берілген еді. Әр топ өздеріне берілген уақытты тиімді пайдаланып, 7 минут ішінде талқылап, қағаз бетіне түсірді. Бір-бірімен айқасқан екі шеңбердің екі жағына салыстыруға берілетін тапсырманың сипаттамалары жазылады. Ал шеңбердің айқасқан жеріне екеуіне ортақ сипаттар тізілді. Салыстыруға арналған тапсырмаларды осы диаграммаға салып, оқушылар қызыға толтырды, яғни, салыстыру сияқты күрделі ойлау операциясын меңгерді. Осы кезде бір-біріне сын айтып, пікір алмасуға келгенде өз ойларын еркін жеткізіп отырды. Осы тапсырманы орындау кезінде оқушыларымның еркін және белсенділікпен жұмыс атқарғандықтарын байқадым. Сабәқ барысында оқушылар топта жұмыс істеуді, өзгелермен санасуды, бірлескен жұмыста ортақ жауап табуды, өзін-өзі реттеуді, өзін және өзгелерді бағалауды, оқуда АКТ-ны пайдалануды үйренді.

Оқушылардың топпен жұмысқа қызығушылық танытуы, өз ойларын еркін жеткізе білуі, тіл байлықтарының дамуы, топтық жұмыста өз пікірін көпшілік талқысына салмаған оқушы болмайтындығын, өз ойларын шамасы келгенше түсіндіруге жеткізіп жатқандықтарын байқадым. Сонымен қатар бұрын интернетке кіріп көрмеген оқушыларымның ғаламтордан алдын ала берілген тапсырмалар бойынша ізденіп келулері мені таңғалдырды. Мұндай тапсырмаларды орындау барысында оқушылардың ұйымшыл, алғыр, белсенді болатынын, өз білгенін сыныпта еркін жеткізетіндігін байқадым. Сыни тұрғыдан ойлау стратегиясында барлық іс-әрекет оқушыларға бағытталды, топтық жұмыста өз ойларын нақтылап, жүйелеп, талдап, ашық айтуға мүмкіндік болды. Оқушылардың бір-бірімен ой бөлісуінен өзара диалогтық қарым-қатынастарының аз да болса артқандығын байқадым.

Оқушылардың сабақ үстінде жасаған жұмыстарын қорғауда бір-біріне пікір алмасу, сын айту, талдап түсіндіру және олардың бойынан бұрын-соңды байқамай жүрген ерекшеліктерді көруге мүмкіншілік болды. Алдыңғы сабағыма қарағанда оқушылар топпен жұмысқа бейімделді десем де болады. Бес топтың оқушылары да белсенділікпен, ұйымшылдықпен уақытты тиімді пайдалана білді. Топтық жұмысқа оқушылар қызығушылықпен белсенді түрде қатысып отырды.

Жалпы сабақтар бойынша менің кемшілігімнен жетістігімнің әлдеқайда көп көрінгендігін байқадым. Оған дәлел – оқушыларымның мұндай сабақтарға қызығушылығының артуы. Әдебиет сабағына деген көзқарастары өзгере бастады. Өз ойларын еркін жеткізуге тырысып, ынталана бастады. Жаңа тәсілдерді қолданудың оқушыларды шығармашылыққа, ізденушілікке жетелейтіні барлығымызға түсінікті. «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясымен жұмыс кезінде бұл сабақтар баланың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал ететіндігін атап айтамын. Бұл жобамен жұмысқа дейінгі және кейінгі кезең аралығын салыстыру оқушылардың оқуға деген ынта, ықыласының артқандығының, адами жақсы қасиеттердің қалыптасқандығын, мұғалімнің шыдамдылық, төзімділік сияқты сапаларымен қатар оқушылардың басқаны қабылдау, түсіну, сыйлауды үйренгендігімен сипатталады.

Оқушыларды зерттеушілік әңгімеге тартқанда өз ойларын айтты және пікірлерін білдірді. Ис-тәжірибені зерттеу барысында балаларды сенімділікке, бір-бірімен кеңесу, шыдамдылық, табандылық, серіктестерімен әңгіме, ынтымақтастықта бірлесіп жұмыс істеуге қызықтыра отырып ұйымдастыра білдім.

СҰЛТАНМАХМҰТТЫҢ «БІР АДАМҒА» ӨЛЕҢІ

(7-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Бір адамға» өлеңін мәнерлеп оқытып талдату, астарлы мағынасын ашу, өз ой-пікірін айтқызу; **тәрбиелік** – өлең арқылы адамгершілікке, мейірімділікке баулу, адалдыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу; **дамытушылық** – түйінді ой айтуға, ойды қорытып, жеке пікірін айта білуге жетелеу, шығармашылыққа баулу.

Типі: практикалық сабақ. **Әдісі:** топтастыру, сұрақ-жауап, «Автор орындығы», «Екі жақты бақылау күнделігі».

Көрнекілігі: сызба, кесте, плакаттар, презентация (слайдтар).

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру. Балалармен сәлемдесемін, бүгінгі күнге бір-бірімізге сәттілік тілейміз. Сыныпты 4 топқа бөлемін.

Үй тапсырмасын тексеру. 1. Сұлтанмахмұт өміріне қысқаша шолу. (Алдын ала берілген тапсырма бойынша оқушылар дайындаған өз презентацияларын қорғайды).


2. Ахмет Байтұрсынұлының «Ақын ініме» өлеңін жатқа сұрау.

3. Өлеңдегі кейіпкерге жазып әкелген мінездемені оқыту, жеке пікірлерін білу.

Жаңа сабақ.

Қызығушылықты ояту.

- Балалар, біз осы дүниеге адам болып келдік, енді адам болып өтуіміз қажет. Сіздердің ойларыңызша «адам болу үшін» оның бойында қандай адамдық қасиет болуы керек?



Иә, адам болу үшін оның бойында тек қана жақсы қасиеттер болу керек екен. Ол қасиеттерді өздерің атап өттіңдер, енді біз осы қасиеттерді бойымыздан табуға тырысайық. Өткен сабағымызда Ахмет Байтұрсынұлының «Ақын ініме» өлеңін өтіп, талдаған болатынбыз. Аталмыш өлеңде де адамның жаман қасиеттерден аулақ болуын қалай келтіріп еді? (кекесінмен, мысқылмен...)

Мағынаны тану.

Бүгінгі өтетін сабағымыз – қазақтың ерекше дарынды, біртуар ақыны, Абайдың ізін жалғастырушы, туған елін, жерін сүйетін Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Бір адамға» деген өлеңі.

Алдымен өлеңнің шығу тарихымен таныстыру.

Дәптерге өзіңнің адам ретіндегі ойыңды жаз. Қоғамға, еліңе, Отаныңа, отбасыңа, ата-анаңа тигізетін пайдаң жөнінде, қандай қасиеттерің, қабілетің, дарының болғанын қалайтыныңды жазуға 5 минут уақыт беріледі.

Тақтаға кесте ілінеді. Балалар берілген уақытта өзінің қазіргі адам ертеңгі болашақ елдің азаматы ретінде не істейтінін жазады. («Менің ойым» бөлімін толтырады)

Менің ойым	Бір адамға
	<p>Аталарының сыйға алған дүниелерін көрсетіп <u>мақтануы</u>. Сол байды әшкерелей мысқылдап құтты болсын айтуы, <u>ойсыздықтан, мақтаншактықтан</u> адамдар бойын аулақ ұстаса деген оймен айтуы. Байдың күміс кесе, алтын аяқтарын көріп жиіркене карап, «Бұдан гөрі артыңа жақсы даңқ қалдырсаң ғой» деп қынжылуы.</p>

Енді сен өзінді жазушымын деп есепте. Сенің жазғаның – жазушының әңгімесі. Тақтаға орындық қойып, жазушыны «Автор орындығына» шақырамыз. Оқушы дәптердегі өз ойын оқып береді.

Сенің ойыңды білдік. Енді ақын Сұлтанмахмұттың шәкірт ретіндегі ойы қандай екен. Оны өлеңді оқып талдау арқылы ұғынамыз. Өлеңді оқуға 10 минут беріледі. («Шәкірт ойы» бөлімін толтырады)

*Бір үйде жиюлы екен қазына мал,
Көрсетті бәрін бізге ақ сақал шал:
«Бұрынғы атамызға сыйға берген
Біздерде мынадай бар, мынадай бар!...»*

Өлеңді талқылау үшін алдын ала дайындалған сұрақтар беріледі:

1. Өлең қандай адамға, кімге арналған деп ойлайсындар?
2. Мысқыл, кекесін мағынада қолданылған жолдардан нені байқадыңдар?
3. «Ақын ініме» өлеңі мен «Бір адамға» өлеңін салыстыру. Ұқсастықтары мен айырмашылықтарына Венн диаграммасын жасау.
4. Кейіпкерлерді анықтату.
5. Өлең мазмұны бойынша инсценировка құрастыру.

Өлеңді оқып, талдап болған соң дәптерге өлеңнің бір шумағын жазып, өлең құрылысына қарай талдаймыз.

Әр топ бір шумақтан алады.

Ой-толғаныс. Халық арасынан шыққан бай адамның өз байлығына масаттанып, өзгеге озбырлық көрсеткен қияна-

тын, жиіркенішті қылықтарын мысқылдап әшкерелейтін

«Бір адамға» өлеңін қорытындылайтын кез келді.

Қазір бүгінгі сабақта оқып, түсінген өлеңімізге қорытынды пікір айтып, ой түйіндейік. Ендеше, «Екі жақты бақылау күнделігін » толтырамыз.

Мәтіннен үзінді	Оқушы көзқарасы	Мақал-мәтел
Бір үйде жиюлы екен қазына мал, Көрсетті бәрін бізге ақ сақал шал:		
Апыр-ай, қалай бұлдаған сатқандарын, Оқа, түйме, сылдырмақ, теңге алыпты!		

- Үйге тапсырма:** 1) «Бір адамға» өлеңін жаттау.
2) «Шәкірт ойы» өлеңінің мазмұнымен танысу.



Құралай БАЙМҰРАТОВА,
Тараз қаласындағы
№49 орта мектептің
мұғалімі.

«АТА ҮМІТІ» ӘНГІМЕСІНДЕГІ КЕЙІПКЕРЛЕР БЕЙНЕСІ

(6-сынып)

Сабақтың мақсаты: 1) шығармадағы кейіпкерлер бейнесіне талдау жасап, олардың ішкі жан дүниесін ашу, жазушының көркем тіл шеберлігін анықтау; 2) кейіпкерлер іс-әрекеті арқылы адалдық пен арамдық туралы ой қозғатып, оқушылардың танымдық қабілеттерін арттыру, жазба тілі мен логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру; 3) жеке тұлғаның қоршаған ортада өмір сүру мәдениетін қалыптастырып,

адамгершілікке, мейірімділікке, имандылыққа тәрбиелеу.

Түрі: ізденіс сабағы. **Тегі:** жаңа материалды меңгерту.
Әдісі: баяндау, әңгімелеу, талдау, проблемалық сұрақтар, салыстыру. **Көрнекілігі:** Дулат Исабеков портреті, ұлағатты сөздер, интербелсенді тақта, кестелер.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру: 1) оқушыларды түгелдеу; 2) оқушы құралдарын тексеру; 3) жаңа сабаққа назарларын аудару.

Үй жұмысы: 1) сұрақ-жауап; 2) қорытындылау (Ата үміті – немереде...)

Жаңа сабақ.

Ойқозғау: Обал мен сауап.

Обал – ұғым атауы. Дерексіз зат есім. Көзбен көрмейміз, қолмен ұстамаймыз.

Обал сөзінің мағынасын қалай түсінеміз?

Тірек-сигналдар

Неге, кімге қатысты айтылады?	Не себепті айтылады?
1. «Ұя бұзған оңбайды»	Ұяны, омартаны, илеуді бұзуға болмайды. Өйткені олар – құстың, араның, құмырсқаның отаны...
2. «Ақты төкпе, нанды баспа»	Сүт – тіршілік көзі. Нан – ас атасы.
3. «Кісі ақысын жеген оңбас»	Әлсізге әлімжеттік жасамас болар...

Сауап сөзінің мағынасын қалай түсінеміз?

1. «Дұрыс болды, оған сол керек» деген мағынада.

2. **Алғыс, ықылас, қошемет, рахмет** ұғымын білдіреді. Мысалы: *Сауабын алды*, т.б.

Мұғалімнің түсіндірмесі.

а) Өткен сабақты жаңа сабақпен байланыстырып, бүгінгі сабақта кейіпкерлер бейнесіне талдау жасап, олардың іс-әрекеттеріне баға беру арқылы көркем шығарманың күш-

қуатын танымыз...

ә) Үш қатардың **баяндаушылары** кейіпкерлер туралы баяндайды; **із қуушылары** концептуалдық кесте толтырады; **ізденушілері** кейіпкер бейнесін ашатын сөйлемдерді оқулықтан тауып жазады; сөз **тапқыштар** кейіпкер портретін бейнелеген көркемдегіш сөздерді теріп жазады, синонимдерін табады; **дәнекершілер** бүгінгі өмірмен байланыстырып, «**Кейіпкерлермен сырласу**» хатын жазып, өз көзқарасын білдіреді.

Оқулықпен жұмыс.

а) 1-қатардың **баяндаушысы** Тоқсанбай қарт туралы, 2-қатардың **баяндаушысы** Ергешбай бала туралы, 3-қатардың **баяндаушысы** Омаш туралы баяндайды.

ә) **Із қуушылар** концептуалдық кесте толтырып, кейіпкерлерге мінездеме беріп салыстырады.

№	Кейіпкер	Іс-әрекеті	Мінездеме	Баға
1	Тоқсанбай			
2	Ергешбай			
3	Омаш			

б) **Ізденушілер** кейіпкерлер бейнесін ашатын нақты мысалдарды оқулықтан іздеп тауып жазады.

№	Кейіпкер	Мінез-машығы	Нақты мысал
1	Тоқсанбай	ақпейіл, балажан	Лып еткізіп шай қойып жіберейін. «Құлыным-ау, әншейін... ұйқысырап жатыр, құлап қалмаса нетті!»

2	Ергешбай	Елгезек	- Су әкелу дермене әкелуден қиын дейсіз бе? Арбаны ауылға дейін апарып тастадым.
---	----------	---------	--

№	Кейіпкер	Мінез-машығы	Нақты мысалдар
3	Омаш	қатыгез, өтірікші.	

в) **Сөз тапқыштар** фоторобот жасайды. Кейіпкерлердің іс-әрекетін сәйкестендіреді.

№	Мінез-машығы	Тоқсанбай	Ергешбай	Омаш
1	<i>Мейірімді</i>	х		
2	<i>Қатыгез</i>			х
3	<i>Есті</i>		х	
4	<i>Қонақжай</i>			
5	<i>Қомағай</i>			
6	<i>Арсыз</i>			
7	<i>Иманды</i>			
8	<i>Тойымсыз</i>			
9	<i>Көргенсіз</i>			
10	<i>Төзімді</i>			
11	<i>Оспадар</i>			
12	<i>Ұстамды</i>			
13	<i>Елгезек</i>			
14	<i>Имансыз</i>			
15	<i>Ақпейіл</i>			
16	<i>Балажан</i>			
17	<i>Тәрбиелі</i>			
18	<i>Әдепсіз</i>			
19	<i>Ұры</i>			
20	<i>Аяр</i>			
21	<i>Қанағатшыл</i>			

22	<i>Арлы</i>			
23	<i>Арам ойлы</i>			
24	<i>Адал</i>			
25	<i>Өнегелі</i>			
26	<i>Еңгезердей</i>			
27	<i>Қағылез</i>			

г) **Дәнекершілер** «Кейіпкермен сырласу» хатын жазып, кейіпкерге өзінің сырын ашады.

Тіл – өнер. Сөйлемдегі көп нүктенің орынына тиісті сөзді қойып, оның орысша және ағылшынша нұсқасын тап.

1. *Пайда ойлама, ... ойла (Абай)*
2. *..... бала – арлы бала (мақал)*
3. *Ақылды ағып жатқан дария (мақал)*

Жаңа сабақты бекіту.

Проблемалық сипаттағы сұрақтар:

а) *Тоқсанбай мен Ергеишбайға Омаиш қандай мақсатпен қосылды, ол ойы жүзеге асты ма?*

ә) *Омаиштың қартты алдауы қылмыстық іс-әрекетке жата ма?*

б) *Тоқсанбайдың Омаиштың айтқанына көніп ұрлыққа баруы қылмыс па?*

в) *Қазіргі уақытта Омаиш сияқты тұлғалар кездесе ме?*

Қорытынды.

- Балалар, бізде **«арам ас», «адал ас»** деген қарама-қарсы екі ұғым бар. Бұл сөздердің мәнін үзіндіден оқи отырып түсінгендейміз. Арам астан ойланбай бас тартқан Тоқсанбай қарттың алдында басымызды иеміз.

Шығарма сендерге ұнады ма? Несімен ұнады? Егер сен автордың орынында болсаң, шығарманы қалай аяқтар едің?

Үйге тапсырма: *«Адамгершілік – асыл қасиет»* тақырыбына эссе жазу.

МАХАМБЕТТІҢ «ҚЫЗҒЫШ ҚҰС» ӨЛЕҢІ

(5-сынып)

Сабақтың мақсаты: а) Махамбет Өтемісұлының ақындық шеберлігін таныту, оқушылардың танымдық біліктілігін арттыру, өлеңнің тақырыбы мен идеясын ашу, лирикалық кейіпкерлердің көңіл күйін танытудағы шығарманың көркемдік ерекшелігін көрсету, қызғыш құс туралы мәлімет беру; ә) елін, жерін сүйуге, әділдікті қорғауға, адал достыққа баулу. б) оқушылардың сын тұрғыдан ойлау қабілеттерін артыру, әдебиет теориясынан мәлімет беру, сабақтың негізгі түйінін бөліп алып, шығармашылықпен жұмысқа дағдыландыру, өлеңді мәнерлеп айтуға қалыптастыру, өз пікірін айтуға машықтандыру.

Түрі: аралас. **Әдісі:** топтық жұмыс, салыстыру әдісі, ЖигСо, бес жолды өлең, эссе. **Типі:** жаңа білім беру. **Көрнекілігі:** қызғыш құс суреті, Махамбет портреті, кесте карта, бүктеме. **Пәнаралық байланыс:** тарих, биология.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру: сәлемдесу, түгелдеу; сабаққа зейіндерін аудару.

Үй тапсырмасын сұрау.

Махамбеттің «Соғыс» өлеңі.

1. Махамбет кім?
2. Үзіндіні жатқа сұрау.
3. Шығармашылық жұмыстардың орындалуын тексеру.

Жаңа сабаққа кіріспе.

- Өмірде әділетсіздіктің көп кездесетіні белгілі. Бұл шығарма айтып тұрғандай, Махамбет жау қолына ілікті.

Енді, қалай ойлайсыңдар, әрі қарай не болуы мүмкін? Не Махамбет жау қолынан құтылып көтеріліс жеңіске жетеді, не жеңіліс табады.

- Тарихтан білеміз. Исатай қаза тауып, Исатай - Махамбет көтерілісі жеңіліске ұшырады.

- Мұнан соң Махамбеттің көңіл күйі қандай болуы мүмкін?

- Махамбет басында қайғы-қасірет.

- Махамбет қайғы-қасіреті қандай жағдайдан туып отыр?

- Әділетсіздіктен.

- Енді Махамбет үміті ақталмай, жалғыздық зардабын тартып жүрген уақыттағы «Қызғыш құс» өлеңімен танысайық.

Жаңа сабақ.

Қызығушылығын ояту. Оқушыларды төрт топқа бөлу. Қызғыш құс туралы не білетінін сұрау.

Су маңында ашық жерлерде өмір сүреді. Ұясын қалың шөп өскен жерге салады. Жыл құсы.

Қауіпті хайуандар немесе адам жақындаса, көз алдыға келіп құлап түсіп, мерткікен болып, ұша алмаған болып, өзіне назар аудартатын, жақындаса және әрірек жылжып, ұясынан алдап алыстатып әкететін құс. Ол, тіпті, ұясының маңында жүрсең де қиқулай ұшып, жан таппай кетеді «Қызғыштай қору» деген сөз де осыдан шыққан.

Салмағы 200 гр, үлкендігі 30 см, мойыны қара, арқасы жылтыр, бауыры, екі бүйірі ақ, қанаты жалпақ, доғал, тұмсығы түзу, қысқа, шүйдесінде қара қауырсын айдары бар.

Мағынаны тану. ЖигСо әдісімен жаңа сабақтың мазмұны ашылады. Оқушыларды төрт топқа бөліп, өлең шумақтарын мәнерлеп оқыту.

1-топ 1-шумақ.

Махамбет өз бейнесін қызғыш құстың бойына көшіре

отырып жырлады. Қоғамдағы өз жауы – хан, сұлтандар болса, Қызғыштың жауы лашын екенін салыстыра суреттейді.

2- топ 2-шумақ.

Көлінен айырылған қызғыштың, елінен айырылған өзінің ауыр тағдыры айтылады.

3- топ 3-шумақ.

Елін, туған жерін сүйген Махамбет өзін елден айырған хан-сұлтандарды ащы тілмен аяусыз түйреді.

Лашынның да қызғышқа жасаған тепкісін айтады.

4-топ 4-шумақ.

Бойдағы ыза-кегі тасып тұрғанымен қарсы тұрар күш-қайраттың мардымсыздығы айтылады. Өлеңде Махамбеттің көтерілістен кейінгі барлық көңіл күйі айқын көрінеді.

Біз ақынның өткен сабақта талдаған шығармасында Бекетай құмындағы қанды соғысты көрсек, ал мына өлеңінде Исатайдың өлімінен және көтерілістің жеңілісінен кейінгі көңіл күйлері аңғарылады. Ақынның бұл жердегі шеберлігі – қызғыш құсты қолданғандығы.

Бекіту.

- Балалар, ақын өлеңінде не себепті басқа құсты емес, қызғыш құсты қолданып отыр?

- Қызғыш құс ұясын, балапанын жан таппай қорғайды. Қызғыш құс сияқты Махамбет те елін, жерін қорғаған. Өлеңде Махамбет қызғыш құс өмірі мен өзінің өмірін қатар алып суреттейді. Мұны әдебиет теориясында психологиялық параллелизм деп атайды. Параллелизм психологиялық және синтаксистік болып екіге бөлінеді.

Талдау жұмысы.

- Балалар, мәтіннен психологиялық және синтаксистік параллелизмді табайық.

Психологиялық параллелизм.

Қызғыш құс пен Махамбеттің басындағы хал-жағдайды қатар суреттеу. Махамбет қызғыш құс арқылы өз көңіл

күйін көрсетіп отыр.

Синтаксистік параллелизм

а) Ау, қызғыш құс, қызғыш құс...

Ау, қызғыш құс, қызғыш құс

ә) Мен де айырылдым елімнен...

Сен де айырылдың көліңнен

б) Сені көлден айырған...

Мені елден айырған.

Салыстыру.

Сұрақ	Шығармалар	
1. Шығарманың аты	“Соғыс”	“Қызғыш құс”
2. Не айтылды?		
3. Сенің алған әсерің?		

- Балалар, енді шығармадағы Махамбет бейнесін қандай мақал-мәтелдермен түйіндеуге болады?

1. Жалғыз жігіт би болмас,

Жалғыз ағаш үй болмас.

2. Ерді намыс өлтірер,

Қоянды қамыс өлтірер.

3. Жақсы адам – елдің ырысы,

Жақсы жер – жанның тынысы.

Ойтолғау. Махамбет бейнесі туралы ойтолғауды мынадай тірек сөз тіркестерін пайдалана отырып жазу.

Ел қору, жалғыздықпен дос болу, елден айырылу, құсалықпен өту, хан Жәңгірдің екпіні.

Қорыту.

- Өлеңде не айтылады?

- Махамбеттің жалғыздығы, үмітінің ақталмауы, әділетсіздік.

- Шығармадағы лирикалық кейіпкер кім?

- Шығармадағы лирикалық кейіпкер – ақынның өзі.

Пысықтау.

- Көтеріліс жеңілді, бірақ Махамбеттің сол үміті

ақталып, арманы орындалды ма?

- Иә, қазір егемендігімізді алып, өз алдымызға Тәуелсіз мемлекет болдық.

- Ендеше, балалар, Махамбет секілді осы Тәуелсіз мемлекетімізді қорғайық, өркендеуіне үлес қосайық.

Үйге тапсырма: «Қызғыш құс» өлеңін түсініп жатқа айту.

Шығармашылық жұмыс.

Қызыл таңба белгісі бар оқушылар: «Егер мен ақын болсам...»

Көк таңба белгісі бар оқушылар: «Егер мен батыр болсам...»

Сары таңба белгісі бар оқушылар: Лашын мен қызғыш құсты салыстыру.



Гүлмира БАРЖАУБАЕВА,

Түркістан қаласындағы

№21 жалпы орта

мектептің мұғалімі.

ҒАБИТ МҮСІРЕПОВТІҢ ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ АНАЛАР

(11-сынып)

Сабақтың мақсаты: Ғабит Мүсіреповтің ана туралы әңгімелерін толық талдап, пән бойынша білім-білік дағдыларын қалыптастыру; оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырып шығармашылыққа баулу; оқушыларды мейірімділікке, ананы сүйуге, құрметтеуге, қамқорлық көрсетуге, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Түрі: аралас сабақ. **Әдісі:** интербелсенді оқыту әдістері.


Көрнекілігі: портрет, шығармалар жинағы, кестелер, слайд.

Пәнаралық байланыс: музыка.

Сабақтың барысы.

Проблеманы айқындау.

Өткен сабақта Ғабит Мүсіреповтің өмірі мен шығармашылығына шолу сабағын өткен едік. Ендеше, үй тапсырмасын қайталау ретінде Ғабит Мүсіреповтің шығармаларын жүйелейік



Ойқозғау.

- Ғабит Мүсіреповтің ана туралы қандай әңгімелері бар?
- Ана туралы әңгімелерінің жаңалық сипаты неде?
- Ана, әйел мінезінің ғажайып сипатын қалай бейнелейді?
- Ғабиттей ұлды дүниеге әкелген өз анасы туралы не білесіңдер?
- Қазақ әдебиетіндегі ананың рөлі қандай?

Проблеманы шешу.

Топтық тапсырмалар.

1. Зерттеңіз (шығарманың тақырыбы, идеясы, композициялық құрылысы).

2. Саралаңыз.

Тақырыбы	Кейіпкерлері	Оқиға болған кезең	Қысқаша мазмұны	Ананың мақсаты
«Адамның анасы»				
«Өлімді жеңген ана»				
«Ана кесімі айнымайды»				
«Ақлима»				

«Ер ана»				
«Ананың анасы»				
«Ананың арашасы»				
«Ашынған ана»				

3. Салыстырыңыз.

Мұхтар Әуезовтің
«Абай жолы»
эпопеясындағы әйелдер

Ғабит Мүсіреповтің
әңгімелеріндегі
әйелдер

Ойсергек. Ән шырқау. Шәмшінің «Ана туралы жыры»
(Әр топқа бір тармақтан беру)

Семантикалық карта толтыру

	«Менің атым – әйел, мына қыздың анасымын»	«Тәңір жарылқасын, тереңірек көм, баламды аясаң»	«Сен не істесең де адам ғанасың, ал мен анамын»	«Менен туған ұл менің бетіме де, елімнің атағына да кір жұқтырған жоқ»	«Қой, менің балам жас емес пе?»	«Адам адамзат атанса, әйел ана атанса, адам баласы бір-біріне жолдас атанса, ана біткеннің содан басқа іздегені бар ма?»	«Ей, тоқтатындар, мектепте менің бөбегім жағыр!»	«Өзі бір шешесімен сырласып өскен, шешесіне жан теңемейтін жігіт екен»
«Ақлима»								
«Ана кесімі айнымайды»								
«Ашынған ана»								
«Ер ана»								
«Өлімді жеңген ана»								
«Адамның анасы»								
«Ананың анасы»								
«Ананың арашасы»								

Проблеманың шешімін қолдану.

Тест тапсырмалары «Анамызға гүл жинайық»
(Интерактивті тақтада, дұрыс жауапқа гүл шығады)

1. «Адамның анасы» әңгімесінде ана кімді құтқарады?

А) туған баласын; Ә) туған қызын; Б) немересін.

2. Ғ.Мүсіреповтің «Ашынған ана» шығармасы қай кезеңде болған оқиғаны суреттейді?

А) II дүниежүзілік соғыс жылдары;

Ә) I дүниежүзілік соғыс жылдары;

Б) Ұлт-азаттық көтеріліс жылдары.

3. Ғабит Мүсіреповтің Максим Горькийден аударған әңгімесі А) «Ашынған ана»; Ә) «Ер ана»; Б) «Ананың анасы».

4. Антонов қай әңгіменің кейіпкері?

А) «Ер ана»; Ә) «Ақлима»; Б) «Ананың арашасы».

5. 17 ай түрмеде отырған ана:

А) Ақлима; Ә) Қапия; Б) Наталия.

6. Сапарды асырап күткен ана:

А) Қапия; Ә) Нағима; Б) Ақлима.

7. «Рождение человека» деген Максим Горькийдің әңгімесін Ғабит Мүсірепов қалай аударды?

А) «Адамның анасы»; Ә) «Өлімді жеңген ана»;

Б) «Ананың анасы».

8. Қаһарлы Ақсақ Темірдің анаға бас июі қай әңгімеде?

А) «Ер ана»; Ә) «Өлімді жеңген ана»; Б) «Ананың анасы».

9. Ежелгі түркілерде әйел тәңірісі кім болған?

А) Ұмай ана; Ә) Домалақ ана; Б) Айша бибі.

10. Ғабит Мүсіреповтің ана туралы неше новелласы бар? А) 6; Ә) 8; Б) 5.

Ойтолғаныс. Бүгінгі сабақтан алған әсерлерің, қоғамдағы, әдебиеттегі ананың рөлі, өз аналарыңа деген махаббатты қалай жеткізесіңдер?

Үй тапсырмасы: «Ғабит Мүсіреповтің ана туралы әңгімелеріндегі аналар бейнесі» (шығарма).

Алмат ҚАЙЫРҚҰЛОВ,
Қызылорда облысының
Қармақшы ауданындағы
№185 орта мектептің
мұғалімі.

«ҚАМАР СҰЛУ» РОМАНЫ

Сабақтың мақсаты: а) оқушыларға Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өмірі мен шығармашылығы, атқарған қызметі жөнінде мәлімет беру; ә) шығарманың мазмұнын меңгерту, кейіпкерлерге мінездеме бере білуге, романдағы сөз болған мәселелерді өз ойымен еркін жеткізе білуге дағдыландыру; б) адамгершілік қасиеттерін жетілдіру, ұлттық дәстүрлерді қадірлеуге, еліне, тарихына деген сезімдерін ояту, мейірімділікке баулу.

Түрі: жаңа білім беру сабағы. **Әдісі:** түсіндіру, сұрақ-жауап, топтастыру, проблемалық сұрақтар. **Көрнекілігі:** тірек сызбалар, буклет, сөзжұмбақ, кітаптар.

Сабақтың барысы.



Ұйымдастыру. Сәлемдесу. Оқушыларды түгелдеу, оқу-жабдықтарын байқау, ынтасын сабаққа аудару.

Жаңа сабақ.

Ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы мәлімет беріліп болғаннан кейін оқушыларды үш топқа бөлемін: «Зерек», «Зейін», «Зерде».

Кейіпкерлер сөзжұмбағы.


Тақтаға «Қамар сұлу» деген ортасында жазуы бар сөзжұмбақ ілінеді.




1. Қамардың ағасы. (*Қасен*)
2. Қамардың ауруын емдеген бақсы. (*Көңілбай*)
3. Қамарға ғашық болған жігіт. (*Ахмет*)
4. Омардың ағасы. (*Қалтан*)
5. Қасеннің әкесі. (*Омар*)
6. Омардың ағасы. (*Оспан би*)
7. Қамарға атастырылған кісі. (*Жорға Нұрым*)
8. Қамардың ауруын емдеген ишан. (*Әбілда*)
9. Ахметтің әкесі. (*Жәуке*)

Тірек сызбалар арқылы кейіпкерлердің мінезін ашу.

Үш топқа бір-бірден кейіпкер есімі таратылады. Әр топ тірек сызбалар арқылы кейіпкер мінезін ашады.



Талдау кестесі



Проблемалық сұрақтар:

«Қамар сұлу» романында қандай мәселелер сөз болған?
 (Романда негізінен сөз болатын мәселе – әйел теңсіздігі, яғни, сол уақыттағы қыздардың өз сүйгеніне қосылмай, қалың малдың ықпалымен жаны сүймеген адамға тұрмысқа шығуы. Сонымен бірге романда сол кездегі қазақ халқында белең алған қалың мал мәселесі сөз болған).

Романда өзіңе ұнайтын кейіпкер бар ма?

(Шығармадағы маған ұнаған кейіпкерлер – Ахмет пен Қамар. Оларды үлгі тұтатын себебім: екеуінің адал махаббаттары, қаншалықты қиын жағдайда болса да бір-бірін сүйе түсетіндігі).

Ахмет пен Қамардың қосылмауына қандай жағдайлар себеп болды?

(Ахмет пен Қамардың қосылмауына екі жақтан да үстем тап өкілдерінің болуы және Ахметтің кедей отбасынан, Қамардың дәулетті жанұядан шығуы себеп болды. Сонымен бірге Қамардың Жорға Нұрымға атастырылуы).

Шығармадағы Омар қандай әке?

(Омар – оқыған, көзі ашық адам. Баласы үшін отқа да, суға да түсетін әке).

Жорға Нұрымға мінездеме беріңіз.

(Бұл өзі жеті атасынан бері уызы арылмаған, басынан бағы таймаған, қолынан ұры кетпеген, ешкімге жақсылық етпеген, басы сәждеге тимеген, жамандықтан басқаны сүймеген, бірді-бірге атыстырып, елді қан жылатумен күн кешкен, шынжыр балақ, шұбар төс, қанды ауыз атанған бір жауыз еді).

Ахмет қандай кейіпкер?

(Ахмет – кедей шаруа ортасынан шыққан, оқыған жігіт. Оның бойында ақындық, сөзге шешендік, сыпайылық, достарына қадірлі қасиеттері бар).

Сабакты бекіту.

1. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың қандай еңбектері бар?
2. Қандай баспа орындарында қызмет атқарды?
3. Романдағы жағымды және жағымсыз кейіпкерлер кімдер?

Үйге тапсырма: «Егер мен автор болсам, шығарманы былай аяқтар едім...» (Ойтолғау).

Ерназар ҚИСАХМЕТОВ,
Құрманғазы Сағырбаев атындағы
жалпы орта білім беретін
мектеп-балабақшасының мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы
Бөкей ордасы ауданы.

«ҚАДЫРТАНУ» ҚОЛДАНБАЛЫ КУРСЫ

(11-сынып)

АЛҒЫ СӨЗ

Қадыр Мырза Әли өлеңдерінің негізгі тақырыбы – адам, оның тылсым табиғаты. Бұл мәңгілік тақырып Қадыр жырлауында жаңаша сипат алады. Әсем өрнекпен, ақындық шабытпен, құпия сырмен, қызық астармен айтылады. Сан алуан тақырыпты ақын өзінше түйсікпен қабылдап, өзіндік стильмен өрнектейді. Әр шығармасынан тәлім мен тәрбиенің, тағылым мен танымның тамаша үлгісі танылып отырады.

Қадыр ақын – әдеби-көркемдеуіш құралдар арқылы сөзбен сурет салудың шебері. Бала Қадырдан дана Қадырға дейінгі ақын музасының қайталанбас өз үні, айшығы, өрнегі бар. Сыңғыры бөлек, сыры терең. Ол «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиер» өлең өлшемінің зергері. Оның шығармашылығы бір жанрмен шектелмейді, барлық көркем жанрды қамтыған.

Алғашқы өлеңі 1954 жылы «Пионер» журналында басылды. 1959 жылы «Көктем» атты тұңғыш жинағы жарық көрді. 1966 жылы «Ой орманы» кітабы үшін Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығына ие болды. 1980 жылы «Жерұйық» жинағына Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығы

берілді. Бұл күнде 70-тен аса жыр жинағы мен әдеби-сын, прозалық, драмалық шығармалары жарық көрді. Аудармамен айналысты, өз шығармалары бірнеше тілге аударылды.

«Қадыртану» қолданбалы курсына оқушылар XX ғасырдың II жартысы мен XXI ғасырдың бас кезіндегі әдебиетіміздің алып тұлғасы Қадыр Мырза Әли шығармашылығымен терең танысады. Бұл курс оқушы жан-дүниесін ізгілендіріп, бейнелі ойлау дағдысын жетілдіреді. Шешендік өнерге баулып, тіл мәдениеті жетілген құзыретті тұлға қалыптастыруға қызмет етеді. Поэзия тілін талдап, саралап, танып-білуге талаптанған ғылыми-ізденіс жұмыстарымен шұғылданады. Осы арқылы «Қадыртану» курсының өзіндік мақсат, мүдделері айқындалады.

«Қадыртану» қолданбалы курсының мақсаты – Қадыр шығармаларымен мейлінше терең таныстыру. Поэзияға деген сүйіспеншілігін арттырып, әдеби-эстетикалық талғамын дамыту. Қадыр шығармаларындағы шырайлы сөз сипаты арқылы бейнелі ойлау дағдысын жетілдіру. Ақынның танымдық-тағылымдық тақырыпта жазылған өлеңдері арқылы адмгершілікке, ізгілікке, ізденімпаздыққа тәрбиелеу. Өлеңдерін талдау, саралау арқылы ғылыми-зерттеушілік жұмысқа баулу. Әр жолдардың табиғатына тән сиқырлы сырмен астарлы ойдың тереңіне бойлап, өзінше пайымдай алар білік-дағдысын жетілдіру.

Еркін ойлауға, өлеңді тануға, өлең арқылы өзін-өзі тануға жетелеу. Сөзбен сурет салар шешендік өнерге баулу.

Курстың міндеті поэзия тілінің қасиетін, көркемдік күдіретін түсінетін, ауызша, жазбаша тіл мәдениеті жетілген өркениетті қоғамның өнегелі тұлғасын тәрбиелеуге бағытталған. Шығармашылық қабілеті бар оқушылардың талабына жол сілтейді, талантын ұштайды.

Бұл қолданбалы курста өзін-өзі тану, экология, тарих, т.б. пәндермен пәнаралық байланыс жүргізіледі.

Бұл бағдарлама 68 сағат көлемінде аптасына 2 сағаттан 1 оқу жылында оқытуға арналған.

Күтілетін нәтиже

Қадыр шығармаларын терең талдай білер әдеби сауаттылық; ақын шығармаларын көркемдік ерекшелігін танып, тілін, өлең табиғатын тани білер ғылыми-ізденімпаздық; әдебиеттің өмірдегі ерекше орынын бағалай білер эстетикалық талғамы жоғары құзыретті тұлға; көркем-әдеби тілде сөйлеу мәдениетін жетілдіру; зерттеушілік қабілетін ояту, ғылыми жұмысқа баулу; дарынды оқушылармен шығармашылық жұмыс жүргізу.

Курс бағдарламасының мазмұны

1. Өмірдерек (3 сағат). Қадыр Мырза Әлидің өмір жолы, шығармашылық ізі. Өскен ортасы, туған жері. Соғыс өртіне шарпылған балалық шақ. Алғашқы жарияланған өлең, тұңғыш жинақ. Шығармашылық жетістіктер. «Иірім» атты эссемен жұмыстану.

2. «Өмірбаян орынына...» (2 сағат). Қадырдың өмір жолына ақын көзімен шолу. Лирикалық қаһарман туралы түсінік беру. Өлеңнің әр жолындағы тұнық ойларды ортаға салып ой бөлісу.

3. «Балалықсыз балалық» (2 сағат). Ақынның балалық шағына сапар шегу. Соғыс отына шарпылған бал дәурен. Бүгінгі балалық шақпен салыстыру.

4. Балалар әдебиетінің бағбаны (3 сағат). Балаларға арналған шығармаларымен (өлең, жұмбақ, жаңылтпаш) танысу. «Көктем», «Жаңғалақтар», «Шымыр жаңғақ» кітаптарынан өлең үлгілерін ұсыну.

5. «Тарихпен тілдесу» (2 сағат). Ақынның қазақ тарихы туралы тебіренісіне оқырман ретінде үн қосу. «Дала дидары» кітабындағы тарих тақырыбындағы өлеңдеріне ойтолғау жазу.

6. «Бабамыздың шоқ басқан табанымен...» (2

сағат). Өлеңнің көркемдік ерекшелігіне тоқталу. Қайталау үлгілерінің атқарып тұрған қызметін айқындау. Өлеңді жаттау, өзіндік пікір жазу.

7. «Табиғаттан бабамыз ала берген секілді» (2 сағат). Ақын халқымыз бен табиғат арасындағы ғажайып үндесімді ерекше шабытпен жырлайды. Табиғат және адам туралы пікірсайыс ұйымдастыру.

8. «Күйші» (2 сағат). Халқымыздың төл өнері – күй туралы, күйшілік өнер туралы ой бөлісу. Бұл өлең жерлесіміз, Халық әртісі Тұяқ Шәмеловке арналған. Атақты жерлесіміздің өмір жолы, шығармашылығы сабақпен байланыстырылады. Күй тыңдалып, оқушылардың қатысуымен шығармашылық сағат ұйымдастырылады.

9. «Құлақ күйі» (2 сағат). Бұл өлең «Домбыра» кітабының кіріспесі сынды. Аталмыш кітап ақын көңіліндегі сан түрлі пернелерден сыр шертеді. Қадыр «Өлең шіркін өсекші жұртқа жаяр, сырымды тоқтатайын айта бермей» деген Абай сөзін «Өлеңге айтып қойыппын өмірдің айтпа дегенін» деп жалғастырады.

10. «Азаматтың сыналатын жері – осы» (2 сағат). Ақынның бұл өлеңінде азаматтық пен пенделік сөз болады. Азамат деген ұғым туралы пікірталас ұйымдастырылады.

11. «Өтіп-ақ шығар ойнақтап» (2 сағат). Өмір туралы, қуаныш туралы өзгеше толғаныс. Сұлтанмахмұттың «Тұрмысқа» өлеңімен байланыстыра отырып, «Көзқарас» сағатын өткізу.

12. «Домбыра» (2 сағат). Өлең «Домбыра» жинағынан алынды. Халқымыздың ұлттық аспабы домбыраның тарихи, мәдени мәні ақын тілімен ерекше жырланады.

13. «Қазақтарды шетелдік қонақтарға таныстыру» (2 сағат). Бұл өлең – қазақ халқының ұлттық келбетін танытатын өлең. Жұбан Молдағалиевтің «Мен қазақпын» поэмасымен байланыстыра отырып ойтолғау жазу.

14. «От» (2 сағат). Өлеңдегі астарлы ойдың мәнін ашу. «Өз отыңды өшірме» деген қастерлі қағиданың қасиетіне үнілу.

15. «Бір үзім нан» (2 сағат). Адамзат баласына ортақ нан туралы қасиетті ұғым сөз болады. Осы тақырыпта пікірталас сабағы өткізіледі. Өлеңдегі қайталаулардың көркемдік ерекшелігі талданады.

16. «Студенттер» (2 сағат). Қадырдың оқырман ауызында жүрген атақты өлеңдерінің бірі. Өлең жаттауға ұсынылып, авторға тән астарлы әзіл мен юмор табиғаты талданады.

17. «Бәрі жедел». (2 сағат). Қазіргі заман ағымының жылдам ағысына, сол заман адамдарының өмір сүру дағдысына ақын көзқарасы. Қазіргі заман сипаты туралы пікірсайыс өткізу.

18. «Белгілі жайт» (2 сағат). Қоғамдағы келеңсіз құбылыстарды сынаған сыншыл лирика. Абайдың осы тақырыптас өлеңдерімен салыстыра талдау.

19. «Бақыт» (2 сағат). Өлең «Көкпар» жинағынан алынды. Бақыт деген ұғымның ақын толғанысындағы сипаты. «Менің бақытым» атты ойтолғау жазу.

20. «Қызыл кітап» (3 сағат). «Қызыл кітап» атты поэмасы табиғатты қорғау тақырыбын қозғайды. Жаратылыстану пәнімен байланыстыра отырып, кіріккен сабақ түрін өткізу.

21. «Әр күн сайын құлшынып» (2 сағат). Өлең «Мәңгі майдан» жинағынан алынды. Бұл туындыда әділет-қиянат, қуаныш-қайғы, шындық-өтірік сияқты қарама-қарсы құбылыстардың мәңгі майданы суреттеледі. Оқушылар өлеңдегі шындық пен өмірдегі ақиқатты салыстыра суреттейді.

22. «О адам» (2 сағат). Адаммен мәңгі майданға түскен ішімдік атаулыға ақын көзқарасы. Өлең жолдарындағы ойды арқау етіп пікірталас сағатын өткізу. Салауатты өмір салтын насихаттау.

23. «Қадыр деп мені атаған...» (3 сағат). «Иірім» атты эссесін, «Қылыш пен қанжар» өлеңдер жинағын басшылыққа ала отырып шығарма жазу.

24. «Ауылға ауыл, жерге жер ұластық па?» (2 сағат). Бұл өлең ақынның соңғы жинағы «Шырғалаңнан» алынды. Бірлікке, тұтастыққа үндейді. Еліміздің ішкі ұлт саясаты мен өлеңде айтылар ойды сабақтастыру.

25. Қадырдың прозалық шығармалары (3 сағат). «Иірім», «Жазмыш» аты естелік эсселерінің жанрлық ерекшелігімен танысу. Автордың өзіндік стилін анықтау. Пікірсайыс ұйымдастыру.

26. Қадыр өлеңдерінің көркемдік ерекшеліктері. (3 сағат). «Қорамсақ», «Көкпар», «Домбыра» жинақтарындағы өлең үлгілерін талдау. Троп пен фигураның өлең үлгілеріндегі көркемдік ерекшелігін зерттеп, танымдық-ізденіс сағатын ұйымдастыру.

27. Қадыр рухымен сырласу. (2 сағат). «Автор орындығы» арқылы сұхбат-сабақ жүргізу. Дарынды оқушылардың туындыларын тыңдау. Қадыр шығармашылығын басшылыққа ала отырып пікірсайыс өткізу.

28. Қадыр туралы пікірлер. (3 сағат). Қадыр туралы қаламдастары, замандастары, айтулы тұлғалардың пікірлері. Оқырман жүрегінен орын алған ақын туралы оқушы ойлары.

29. Қазақтың қадірлісі – Қадыр ақын (3 сағат). Әдеби-музыкалық монтаж сабағы. Қадыр өлеңдерін оқу, әндерін орындау, қойылымдар көрсету.

30. Мен білетін Қадыр (2 сағат). Қадырдың өмірі, шығармашылығы туралы тест жұмысы. Бұл қорытынды сабақта оқушылардың жыл бойғы білімдері тексеріледі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1) Қ.Мырзалиев. Таңдамалы көп томдық. А., «Қазығұрт», 2001; 2) Қ.Мырзалиев. Таңдамалы екі томдық. А., «Балауса», 1995; 3) Қ.Мырзалиев. Таңдамалы жинақтар. А., «Балалар

әдебиеті», 2006; 4) З.Мүтiev. Қадыр поэзиясындағы өмір категориясы-ның жырлануы. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, №8, 2005; 5) Р.Аяпбергенұлы. Қ.Мырзалиев поэзиясындағы теңеулердің ерекшелігі. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, №7, 2005; 6) Қ.Құрақұлан. «Таудан мұнартып ұшқан тарланым» (естелік).

Тақырыптық жоспар

№	Тақырып	Сағат саны			Сабақтың түрі
		Барлығы	Теория	Практика	
1	Өмірдерек	3	2	1	Ізденіс
2	«Өмірбаян орынына»	2	1	1	Пікір-алмасу
3	«Балалықсыз балалық»	2	1	1	Салыстыру
4	Балалар әдебиетінің бағбаны	3	2	1	Ізденіс
5	«Тарихпен тілдесу»	2	1	1	Ойтолғау
6	«Бабамыздың шоқ басқан табанымен»	2		2	Салыстыру
7	«Табиғаттан бабамыз ала берген секілді»	2		2	Пікірсайыс
8	«Күйші»	2	1	1	Кіріккен сабақ
9	«Құлақ күйі»	2	2		Дәстүрлі сабақ
10	«Азаматтың сыналатын жері – осы»	2		2	Пікірталас
11	«Өтіп-ақ шығар ойнақтап»	2		2	Көзқарас
12	«Домбыра»	2	1	1	Кіріккен сабақ
13	«Қазақтарды шетелдік қонақтарға таныстыру»	2		2	Ойтолғау
14	«От»	2	2		Дәстүрлі сабақ
15	«Бір үзім нан»	2	1	1	Пікірталас

16	«Студенттер»	2		2	Практикалық сабақ
17	«Бәрі жедел»	2		2	Пікірсайыс
18	«Белгілі жайт»	2		2	Көзқарас
19	«Бақыт»	2	1	1	Ойтолғау
20	«Қызыл кітап»	3	2	1	Кіріккен сабақ
21	«Әр күн сайын құлшынып»	2	1	1	Ойтолғау
22	«О адам»	2		2	Пікірталас
23	«Қадыр деп мені атаған...»	3	1	2	Шығарма
24	«Ауылға ауыл, жерге жер ұластық па?»	2	2		Дәстүрлі сабақ
25	Қадырдың прозалық шығармалары	3	2	1	Пікірсайыс
26	Қадыр өлеңдерінің көркемдік ерекшеліктері	3	2	1	Ізденіс
27	Қадыр рухымен сырласу	2	2		Сұхбат-сабақ
28	Қадыр туралы пікірлер	3	1	2	Ойтолғау
29	Қазақтың қадірлісі – Қадыр ақын	3	1	2	Әдеби-монтаж
30	Мен білетін Қадыр	2		2	Тест
	Барлығы	68	29	39	

Әдістемелік ұсыныс

Бұл қолданбалы курстың мазмұндық салалары бірнеше бағытқа бөлінеді. Автордың өмірбаянына шолу, балалар әдебиетіндегі туындыларын талдау, тарихқа, табиғатты қорғауға, өнерге арналған шығармаларымен танымдық-тағылымдық жұмыстар жүргізу. Сонымен қатар ұлтжандылық, адамгершілік тәрбиеге байланысты туындыларын таныстыру.

Курсты үйренуде шығарма, тест бақылау әдістері пайдаланылды.

ШӨЖЕ АҚЫН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ САТИРА СИПАТЫ ЖӘНЕ АҚЫНДЫҚ ШЕБЕРЛІК

Ойлы да отты жырдың иесі Шөже Қаржаубайұлы – үстем тап өкілдерін қатты сынға алып, апшысын қуыра аяусыз түйреген сын-сықақ өлеңдерімен қазақ сатирасына елеулі үлес қосқан ақын. «Шөже олардың қылмыс, мінін көре қойып, табан астында сатиралық шумақ-миниатюрамен әшкерелеп тастап отырған. Мұндайда ол өте батыл, тіліп түсетін турашыл, әділ болған» [1.75].

Жеті жасында қорасан шығып көзінен айырылған, жетімдік пен жоқшылықтың тауқыметін көп тартқан Шөже:

Атым – Шөже, баласы Қаржаубайдың,

Үйде жарлы болсам да түзде баймын.

Асығымнан алтыңға бөлесең де,

Дүние жүзін көрмеген сормаңдаймын, – деп соқырлығына назаланып, жарық дүниені көре алмаған тағдырына күйініп, ащы өмірдің зарына нәлет айтқан ақын [2.500]. Еңбек етуге жарамсыз, бірақ тілге ұста Шөже бала күнінен өлеңді серік етіп, ел үстінен күнелткен. Оған да тәубелік еткен ақын:

Мағлұм болған үш жүзге менің жайым,

Көзімді алып, сөз берген бір құдайым, – деп талай азулыны ауыздықтаған [3.382]. Ақын бойындағы талантымен байды да, жайды да аузына қаратқан тілмар, елі сүйген еркесі болған. Өнерге үйір Жанак, Орынбай, Арыстанбай, Тезекбай сияқты

дүлдүлдердің ортасында өсіп, олардың шешендік, өткірлік қасиеттерін өз бойына дарытып, нағыз от ауызды, орақ тілді, суырыпсалма ақын болған. Ол садақтың жебесіндей өткір де улы тілімен өзін «соқыр» деп кемсіткендерге арқасы қозып, намысын жанып қырғидай тиген.

Бірде өлең айтып, отырған Шөжені Алшынбай болыс «Мынау не сұрап зарлаған соқыр?» дегенде:

Дүрілдеп сөз сөйлейсің Алшынбай таз,

Өлең айтпай қайтемін, дәулетім аз.

Екі сөздің бірінде «соқыр» дейсің.

Шыныменен жаратқан құдай болсаң,

Былылдамай алдымен өз басың жаз, – деп шамдана оның да бойындағы мінін еш сескенусіз мысқылдай әшкерелеген [2.506].

Айтыс, сөз қақтығысы кезінде де ақындар Шөженің соқырлығын ретті, ретсіз мін етіп тұқыртпақ болады. Орынбаймен айтысында:

Соқыр деп соқтығасың өңшең мұндар,

Көзімді мен борышқа бергенім жоқ, – дей келіп,

Егер де Қарынбайдың бітсе малы,

Зәредей бір сәулеге сатпас па едім, – деп іште қайнаған ызалы арман-зарын толғаған [4.74].

Тілге жүйрік, сөзге шешен Шөже болыстардың байларға жарамсақтанып, кедейлерге қаскөйленген озбырлығын, ұрлық-қарлықтан, парадан байыған «бағына» мастанған жуандығын табан астында тіліп түсер турашылдықпен, өткір үйлесіммен әшкерелеген. Мәселен, қайта болыстыққа сайланып, ел жуандарымен үйінде мәжіліс құрып отырған Көпбайға:

Көпбайым, болыс болдым десеңізші,

Пара жеуге қоныс болдым десеңізші.

Байдың басын сыйласаң,

Кедейдің жанын қинасаң,

Жааннамнан түбі қоныс болды десеңіші,– [5] деп үйлесімді ұйқаспен, жұрт наразылығын өршітер мінездерін ащы мысқылмен сықақтаған. Бұл шумақтан-ақ ақынның мысқылдауға шебер екендігі көрінеді.

Ақын зорлардың сөзін сөйлеп жағынбаған, байлығына сатылмаған. Керек жерінде тұнып тұрған образды сөздерімен, бір қарағанда байқалмайтын астарлы әжуамен, сырттай мақтаған боп бермесін алып, сыйын көрген.

Өзі ойлы, тілі ділмар Шөже Қыпшақ Ыбырайға:

Ажал тағдыр болғанда, қатер – қауіп,

Жығылдым дәулетіңе «есім ауып».

Мен бозторғай болғанда, сіз – ақсұңқар,

Шабытың кетер ме екен маған ауып?

Дарияның ортасында сіз – бәйтерек,

Бұтаңа қорғалаған мен – көбелек.

Бұтағың көбелекті көтермесе,

Бәйтерек, аға сұлтан, неге керек? – деп тамаша

поэтикалық теңеулер, баламалар арқылы аға сұлтанның мысын басып, жанын жадыратқан [5]. Қадірлі қонағы болып, сый-сыяпатын алған. Ақын сатиралық мотивтерді орынды пайдалана білген. Ол суреткерлігі мен табан астындағы тапқырлығы, тілге жүйрік, сөзге шешендігімен даланың асқан ақыны атанған.

Шөже – қырғыз бегі Бәйтікті Шернияздың Баймағамбетті мақтағаны секілді мақтай айтқан, Бәйтіктің өз рұқсатымен Шернияз секілді сынап айтқан өлеңдері бар. Бәйтікке қошамет көрсете, мақтап айтқан өлеңінде:

Ассалаумағалейкүм, қара Бәйтік...

Саулаған тұла бойың ақыл еді...

О дүние, бұ дүниені бірдей алдың,

Патшаға Петербурда іздеп бардың... – [6.247] деген.

Сырттай қарағанда асыра мақтаған. Ал сөз астарында әсірелеу тәсілі арқылы сатиралық кейіпкерін әшкерелеу,

кекесінді мысқыл бар:

Бәйтікті мақтайды зой мұндағы елі.

Бетіне ақ патшаның тіке қарап,

Бәйтіктің батырлығын қарашы енді [6.247].

Онда еш батырлық жоқ, қайта сөз астарында кекесінді мазақ бар.

Күнде көріп тұрса да ешкім айта алмайтын кесепат көріністерді ақын жыр семсерімен әшкерелеп түзету үшін өзінің уытты сөздерін үстемелей, үдете қолданып күрес құралы етеді.

Ыбырай Жақыпұлы деген аға сұлтанның сатиралық портретін

«Қолағаштай мұрның бар қайқы төстек» [2.503] деген тармақпен-ақ көз алдыға елестетсе, *«Сен өзің қара бұқа сүзегенсің» [2.503]* деген тармақпен оның оспадар, дөрекі, топас мінезін нанымды өрнектеген.

Тілі өткір, кекесінді теңеулерді өз орнымен қолданып, сатиралық шумақтар жасаған. Ақынның байлардың жағымсыз бейнелерін келемеждеуде мысқылдауға ұсталығы, көркемдегіш тәсілдерді пайдаланудағы шеберлігі ерекше.

Алты алашты дүбірлеткен ақберен Шөженің айтыс өнеріндегі орыны ерекше. Айтыс кезінде ақындар бір-бірінің руын, атақты ел жуандарын, өз басындағы міндерін әжуалай сынап, залым болыстар мен паракор ұлықтарын, олардың жандайшап ұрыларын ел алдына әшкерелеп келемеждеген.

Ақынның айтыстарында сөз образдылығы, тіл өткірлігі, тапқырлығы мен сыншылдығы айқын.

Тобықтының ақыны Балтамен айтысқанда Шөже:

Кем-кетік жиналыпты таз бен соқыр,

Әрқайсысы өз құлқынын көздеп отыр [6.251], – деп айтыста ақынның арқа сүйеген атақты ру басыларын (Құнанбай, Алшынбай) әжуалаудан бастаған.

Соқыр десең, мен айтам «ұры – Балта»,

Ұрлық қылсаң тұқымың құрыр, Балта. [6.253]

... Егер соқыр халқыңа жайсыз болса,

Құтылсаңшы алдымен Құнанбайдан [1.77].

Шөженің ой-өрнегі астарлы, алуан сырлы, тілі мәнерлі де өткір, сөзі бейнелі де суретті.

Ақын Жолшора бидің әпербақан әділетсіздіктерін жеріне жеткізе әшкере етіп тұқыртып, мінін, кінәсін, күнәсін бетіне баса мойындатуды мақсат еткен.

Жолшора, өзің қажы, әкең Анай,

Параны бұрын беріп, жедің талай.

Алдыңда жеті тамұқ, сегіз ұрмақ,

Қайсысына кіруің екіталай.

Қажылықпен дүниеде жедің пара,

Бұл сөзді сен айтасың қалай-қалай?! [8.251] – деп

Жолшора бидің әділетсіз, парақор, жемқорлығын, тіпті қажылығын пайда, пара жолына пайдаланған күнәһарлығын сатиралық шумақпен әшкерелеген. Күнәһардың о дүниедегі орыны жайындағы аяттардан есіне сала, жанын тебіренетерліктей күйге бөлеген. Небары екі жылдай ауыл молдасынан оқып, зеректігінен исламиятты меңгерген Шөже «Бақара» сүресінің аяттарынан өлең ішіне кіргізуі арқылы би санасына салмақты, ойлы әсер етуді көздеген.

« ... Шөженің үстем тап өкілдеріне қарсы айтқан қатты сын сөздері де көп болды. Халықтың жадында сақталатын, түрлі әкімдерді масқаралап шенейтін сөздері Шөженің атын, әсіресе, көпшілікке қадірлі еткен» [7.340].

Ақын зілді сықақ, ызалы-кекті мысқыл, ащы әжуамен қоғамдағы бітіспес қайшылықтарына, сол қоғам мүшелерінің қоғамға зиянын тигізер жаман қылық, жат мінездеріне, жалпы қоғамдық дерттеріне батыл соққы берген.

«Шөже – үлкен әлеуметтік, қоғамдық тақырыптардың ақыны болмаса да, байлығы мен бағына кеуіп-піскендерге,

еңбек адамын елемейтін жуандарға қырғидай тиген, сықақ сөзімен берместің атын, ішкізбестің асын алған, не дөкейлердің төріне жеткен ақын» [1.79].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Т.Қожакеев. Адам. Қоғам. Сатира. А., «Қазақстан», 1980.
2. Х.Сүйіншәлиев. Қазақ әдебиетінің тарихы (оқулық). А., «Санат», 2006.
3. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. 1-кітап. А., «Қазақ университеті», 2001.
4. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, №2, 1993.
5. С.Қарамендин. Шөже ақын айтыпты. «Қазақ әдебиеті», 22.XI.1985.
6. Бес ғасыр жырлайды. 1-том. А., «Жазушы», 1989.
7. М.Әуезов. Әр жылдар, ойлар. А., «Жазушы», 1959.



Гүлжан СӘРСЕНОВА,
Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университетінің
қазақ филологиясы және
әлем тілдері факультетінің
магистранты.

ЖЫРАУЛАР ТІЛІНДЕГІ ҮНЕМДЕУЛЕР

Үнемделудің амалдары сан алуан. Белгілі ғалым Берікбай Сағындықұлы «Үнемдеу құбылысы тілдің бүкіл жүйесін — фонетиканы да, лексиканы да, морфологияны да, синтаксисті де қамтиды. Алайда бұл заңдылық тіл білімінде әр түрлі терминдермен аталып жүр. Мысалы, ол фонетикада элизия,

апокопа, гаплоглогия деп аталса, лексикада метонимия, морфологияда сіңісу, кіріккен сөздер, синтаксисте эллипсис, толымсыз сөйлемдер деп аталады» деген тұжырым айтады [1.167].

Француз ғалымы А.Мартине үнемдеуге (экономия) лингвистердің пікірлеріне талдау жасай келіп, басқаша түсінік берді. Ол үнем (экономия) терминіне пайдасыздарды жоюды да, жаңаның пайда болуын да, бұрыннан бардың да сақталуын жатқызды [2.81].

Қазақ этнонимімен тарих төрінен орын алған, қазақ халқының мәдени-рухани дүниесінің және эстетикалық талғамы мен сұранысын өтеп келген ақын-жыраулар поэзиясының халқымыздың бүгінгі өміріндегі рөлі, орыны, маңызы ерекше зор екенін танимыз. Әсіресе, XV-XIX ғасырлардан аты белгілі жыраулар шығармалары әдеби тіліміздің даму барысында ерекше орын алды. Сол жыраулар тілінде үнемделу тәсіліне қатысты жайттар көптеп табылып жатады және жыраулар шығармаларында өте жиі қолданылған тіл ерекшелігі болып табылады. Есімше формалы болымсыздық мәніндегі *-мын// -мін* ықшамдалып барып *өкінбеймін (өкінбен), аямаймын (аяман), жібімеймін (жібімен)* етістіктің жекеше түрінің болымсыздық мағынада жұмсалады, өзге жақта қолданылмайды [3.28]. Бұл турасында ғалым Ахмеди Ысқақов: «Жазуда да, ауызекі тілде (лебізде) де екінші үлгі бойынша жіктелетіні белгілі *өкінбеймін, аямаймын, жібімеймін* деген сияқты көсемшенің ауыспалы формасының орынына *өкінбен, аяман, жібімен* деген форма қолданылады» [4.73].

Зерттеушілер *-ман, -мен, -бан, -бен, -пан, -пен* формасын ауыспалы осы (келер) шақтың *-ма-й-мын, -ме-й-мін, -ба-й-мын, -бе-й-мін, -па-й-мын, -пе-й-мін* болымсыз тұлғасының I жақ түрінің қысқарған варианты деп көрсетеді. Бұл амал Доспамбет жырау өзі туралы толғағанында сан рет қайталап

келтіріледі.

Тоғай, тоғай, тоғай су,

Тоғай қондым, *өкінбен*,

Толғамалы ала балта қолға алып,

Топ бастадым, *өкінбен*.

Шалкиіз, Жиёмбет поэзиясында да жиі жұмсалған:

Алаштан байтақ озбаса,

Арабыдан атты сайлап *мінбен-ді*,

Үстіме көбе сайлап *кимен-ді*,

Алдыма алып *сүймен-ді*. (Шалкиіз).

Мұныға, ханым, *шыдаман*. (Жиёмбет).

Бұл тұлғаның беретін мағынасында үзілді-кесілділік реңкі (категоричность) бар. Жоғарғы мысалдарда осы реңк сақталған. Ал кейінгі дәуірлерде, айталық, ХІХ ғасырдың ІІ жартысында Абай тілінде бұл тұлға аталған мағынаны білдірмей-ақ жай хабарлау үшін де жұмсалатын болған. Ғалым Мәулен Балақаев өз зертеуінде «Болымсыз етістіктің келер шақтық тұлғасының бірі І жақта *май-й-мын* болуы – грамматикалық норма. Сонымен қатар ол ауытқып *-ман* түрінде де жұмсалады. Грамматикалық тұлғасының негізгі нормадан өзгеше болып ауытқуы бұл арада заңды: *-ман* (басқа варианттары да) тұлғасы осындайда *-май-мын* қосымшалары орынына жұмсалғанда ерекше стильдік қызмет атқарады: егер *бармаймын, айтпаймын* жай болымсыздық хабар болса, *барман, айтпан* деген істі білдіруден қайсарлықпен үзілді-кесілді бас тартқандықты білдіреді. Мұны нормадан жөнімен ауытқу деп тауып, сондайды дұрыс қолданған кісілерді қоштап отыру керек» деген пікір айтады [5.58].

Жыраулар шығармаларындағы ықшамдалу етістіктің болымсыздық категориясы *-мей* варианттары арқылы да беріледі. *Мей* (*ep+me+й*)-*ма// -ме* болымсыздық формасынан ықшамдалып қалыптасқан *e* (*ep*) түбір етістігінен өрбіген.

Емей көмекші өзі тіркескен сөздерге ешқандай шақтық мағына үстемейді, тек қана грамматикалық мағына жамайды, жақ формаларын қабылдамайды, болымсыздық мағына білдіретін дәнекер болып қалыптасқан.

Емей болжалды келер шақтың болымсыз тұлғасы Бұқар шығармаларында кездеседі.

Алыстан қызыл көрінсе,

Манат *емей* немене.

Көтеріліп ұшқан соң

Қанат *емей* немене.

Екі жақсы бас қосса,

Санат *емей* немене.

Грамматикалық ықшамдалулар қатарына *дүр* (*ды /-di, -ты// -ti*) формантының қолданылуын көрсетуге болады.

Мысалы:

Жауынды күні көп жүрме,

Жар жағасы *тайғақ-ты*. (Шалкиіз);

Сырым саған *тұзу-di*. (Жиембет).

Есімнен болған баяндауыш іс - әрекеттің нақты болған-болмағанын білдіру мәнін беретін *дүр* көрсеткіші қазіргі күнгі *-ды, -di* түрінде жеткен. XV–XVII ғасырлардағы қазақ поэзиясында *дүр* варианты басым болғанға ұқсайды. Бұл үлгілердің кейін хатқа түскенде *-ды/ -di, -ты/ -ti* болып өзгертілуі мүмкін. Зерттеуші F. Мұсабаев *-дүр* ықшамдалып *-ды /-di, -ты// -ti* етістіктің өткен шағының көрсеткіші дейді, өзгелері *-ды, -di, -ты, -ti* көмекші етістіктен (*еді*) ықшамдалған шылау дейді, ал Мелиоранский бұл жұрнақтың *-тұрған* деген сөзден ықшамдалып барып жасалғанын айтады [6.98]. Сондықтан, тіл ғылымы осы жағынан да басқа ғылымдардан өзінің ерекшелігімен айқындалады. Тіл аясында сыйып тұрған *-дүр// -дүр* тұлғасына ұқсас сияқты формалардың тілдің даму сатысында өз қалпынан өзгертпей жетуі, сол тілдік тұлғаны көнелік тұлғасын бұзбай қолдануы

ақын-жыршылардың үлкен шеберлігі. Бұл қолданыс, әсіресе, Жиёмбет жырау толғауында анық көрінеді.

Басы саудың *түгел-дүр*.

Толған тоғай *малы-дүр*. (Жиёмбет).

Жалп-жалп еткен бәйтерек

Жайылмаған *желден-дүр*. («Ақын». Қазан, 1912 ж.).

Үнемделу құбылысы поэзияның синтаксистік құрылысына тікелей әсер ететін *ырғақ*, *өлшем* талаптары негізінде туындайды. Бұл ретте белгілі ғалым Рәбиға Сыздықованың сипаттауы бойынша: «Өлеңнің синтаксистік құрылымының прозадағыдан айырмашылығының бірі де — ықшамдау (үнемдеу) принципінде. Бұл процесті тудыратын мотивтер де алуан, олардың ішіндегі бастысы — белгілі бір айтылмақ ойды (не бөлшегі) өлеңнің белгілі бір бөлігіне (айталық, бір немесе екі тармағына) сыйғызуға болады, яғни, өлшем талабы, одан кейінгі ұйқас талабы, бұдан соңғы стильдік талаптар» [7.140]

XV ғасыр жырларында көрінетін синтаксистік ерекшелік (өлеңнің ырғақ заңдылығы негізінде туған поэтикалық-тілдік тұрақты тәсіл) Асанқайғы, Шалкиіз, Доспанбет, Марғасқа, Бұқар өлеңдерінде де біршама көрініс береді.

Арғымағың (*ды*) жамандап,

Тұлпар (*ды*) қайдан табарсың. (Асанқайғы).

Күйбеңдескен көп жаман (*ның*)

Сөзі тигенге ұқсайды.

Жаздың алты ай (*ы*) жортсаң. (Шалкиіз).

Тоғай (*ға*) қондым — өкінбен. (Доспанбет).

Ей, Қатағанның хан (*ы*) Тұрсын. (Марғасқа).

Бес уақытты бес намаз (*дың*)

Біреуі қаза болмасқа.

Алтыншы тілек тілеңіз,

Алпыс басты ақ орда (*ға*)

Өзің қонған Көкшетау (*ға*). (Бұқар).

Бұл толғауларда септік, тәуелдік жалғауларының ықшамдалған сәттері де жиі қолданылған.

Ықшамдау (үнемдеу) ұстанымы – XV-XIX ғасырдағы қазақ тілінде бүгінгі нормалардан өзгеше келетін грамматикалық тәсілдердің болғанының дәлелі. Сондықтан жалғаулардың үнемделуі – тілдің барлық қабатынан көрінетін, грамматикалық заңдылықтарға бағынатын құбылыс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Б.Сағындықұлы. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. А., «Санат», 1994.
2. Р.Сыздықова. Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы. А., «Ғылым», 1970.
3. Шал ақын Құлекеұлы. Шығармалары. Зерттеулер/Құраст. С.Қосанов, Т.Әлібеков. А., «Дайк-Пресс», 1999.
4. А.Ысқақов. Қазіргі қазақ тілі. А., «Ана тілі», 1991.
5. М.Балақаев. Қазақ тілінің мәдениеті (оқу құралы). А., «Қазақстан», 1971.
6. Ғ.Мұсабаев. Қазақ тілі тарихы. А., «Мектеп», 1988.
7. Р.Сыздықова. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX). А., «Ана тілі», 1993.

Резюме

В статье рассматриваются онтологические особенности жанра толгау. Автор уделяет особое внимание анализу принципов структурно-семантической организации текстов исследуемого жанра.

Resume

The article devoted the syntaxis speciality in king of tolgau. The author have showed to relative of components of not main sentences to base sentence in cycle otder. So he have showed to relative of components of not main sentences in structure of base.

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ СЫПАТАЙ БАТЫР БЕЙНЕСІ

Қазақ халқының батыры Сыпатай Әлібекұлы туралы көптеген шығармалар жазылды. Поэзиялық туындылар батырдың туған еліне деген сүйіспеншілігінің қандай дәрежеде екенін айғақтайды.

Сыпатай батырдың Қоқанның ханы Құдиярға айтқаны қазақ әдебиетінде Сыпатай батырдың өжет те әділ, рухы асқақ екенін дәлелдеп тұр.

Әй, Құдияр,

Саудагер болсаң сатарсың,

Қасап болсаң соярсың,

Райымнан қайтпаймын.

Қалыңдық басы бір тіллә,

Беремін деп айтпаймын.

Өмірі алтын көрмеген,

Малдан басқа білмеген,

Кедей қайдан табады? («Райымнан қайтпаймын».

«Кітапта». «Сыпатай батыр». А., «Жазушы», 1991, 7-бет).

Бұл Сыпатайдың Құдияр ханға айтқаны. Батырда айбыну, қорқу жоқ. Қайта салық төлеуге мұршасы келмеген қазақ кедейлеріне араша болады. Мұнан біз Сыпатай батырдың халықшыл қасиетін анық байқаймыз.

Сыпатай батыр Құдияр ханға онан әрі былай дейді:

- Әділетті хан болсаң,
Қиянатты қоярсың,
Өз шығарған шақаңды
Аларсың да тоярсың,
Қиын болды кедейдің
Енді қатын алмағы.
Жиыrmасында бір кедей
Малын бақса бір байдың,
Жылына алса бір қара,
Қырық сегіз жылда бір қыздың
Зорға табар қалыңын.
Жетпіске келіп ол сорлы
Үйленгенде не болды?! (Сонда, 7-бет).

Батыр әділдік іздейді. Ойында адамгершілік сарыны сезіледі. Байлардың малын бағатын кедейлердің ауыр тұрмысы, үй болып шаңырақ көтерудегі кездесетін қиындығы, сол дәуірдің ауыр шындығы сипатталады. Сыпатай батыр сондай ауыр тұрмыстың елді ел қылатын азаматтардың басында тұрғанын ханға қаймықпай айтады. Ханнан адамгершілік қасиет іздеп адамға деген қамқорлық мәселелерін көтереді.

Онан әрі былай дейді:

- Тұқымсыз өтер, Құдияр,
Онда кедей кәрібің.
Тоқтылы қой – бата аяқ,
Қалыңы – сегіз, үш саяқ.
Сонда әйел алуға
Әлі келер жарлының.
Тіпті теңі табылса
Тегін бергін барлығын... (8-бет).

Батырдың ханға айтқанынан сол дәуірдегі халықтың ауыр тұрмысы көз алдыңнан өтіп жатады. Сыпатайдың сөзінен имандылық пен адамгершілік идеялары сезіледі.

Жамбыл Сыпатай батыр туралы былайша жырлайды:

Барайын енді аяңдап Сыпатайға,

Айтпай оны кетпеймін тегі жайға.

Ұлы жүздің тірегі – батырым зой,

Бір болмаған ығай мен сығайыңа.

Қайырымы қарашыға сондай жақсы,

Қандырар сусындатып қант пен шайға.

Байлық, бақыт тек оның ерлігінде,

Ерлікпен ел намысын берді кімге?!

(I том. А., «Жазушы», 1982, 86-бет).

Жамбыл да Сыпатай батырдың халықшылдығын жырлайды, «Қайыры қарашыға сондай жақсы...» деп оның қара халыққа іш тартатынын тілге тиек етеді. «Байлық, бақыт тек оның ерлігінде...» деп жырлауына қарағанда Сыпатай батырдың байлық, дәулеті онша көп болмаған сыңайлы.

Кімің бар Сыпатайдай төңіректе,

Арғымақ мінгізеді ат керекке.

Түгендеп бір жұмада бола алмайды,

Көсілтіп қамшы басып көксерекке.

Ерлігі мен жомарттығы жаннан асқан,

Пайдасы тиіп жатыр күнде көпке.

Кім мақтамас қайырымды ер Сыпатайды,

Дәулетімен ораған Алатауды.

Қанша халық аралап жүрсем-дағы,

Жалғанда көргенім жоқ ондай жанды... (87-бет).

Ақын Сыпатай батырдың жомарттығын адамгершіліктің асқар шыңына балайды.

Сыпатай батырдың ерлік істері белгілі ақын Шырын Мамасерікованың «Сыпатай» атты поэмасында жырланады.

Арғы бабасы Дулаттан шыққан Сыпатайдың халық қамқоршысы, халық панасы екенін жырға қоса отырып, даңқының Аспараға, бүкіл Ұлы жүзге әйгілі болғанын тебірене жырлайды. Ақын «Өзенге айналдырды көп бұлақты...» деп батырдың асқан батырлығын әрі даналық қасиетін паш етеді.

Ақын Сыпатай батырдың қырғыздың батыры Бәйтiкпен бiрiгiп Қоқан ханының озбырлық әрекетiне қарсы соғысқанын былайша жырлайды:

*Ұлы жүз датқалары басын қосып,
Билерiн, ақсақалын, жасын қосып,
Қордайда болып өткен құрылтайда
Сыпатай сөз сөйлепті даусын созып:
«Ресейге қосылсақ кем болмаймыз,
Жең жыртылып, басқаға жем болмаймыз.*

*Қоқанның қорлығынан құтылмасақ,
Орта жүз, Кiшi жүзге тең болмаймыз...».*

*Қырғыздың жас қыраны Бәйтiк батыр,
Ол да кiл аталы сөз айтып жатыр:*

*«Пiспектен шабуылды мен бастаймын,
Сыпатай, Черняевтан көмек шақыр...».*

Ежелден мұңдас халық табысады,

Екеулеп Қоқандармен шабысады... (Кiтапта: «Сыпатай батыр»).

Поэзия халықтың эстетикалық ләззат алатын асыл қазынасы десек, Сыпатай батырдың өрлік пен ерлікке толы бейнесiнен өскелең ұрпақ рухани күш-қуат алатыны анық.

Назгүл ТҰҢҒЫШБАЕВА,
№111 орта мектептің мұғалімі.
Қызылорда облысы,
Қармақшы ауданы,
Алдашбай Ахун ауылы.

ҮЗДІК ӘДЕБИЕТШІ

Мақсаты: оқушылардың әдебиетке деген қызығушылығын арттыру, білімдерін одан әрі толықтыру, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.

Сабақтың барысы.

Біз өткен сабақта айтыстың түрлерімен танысқан болатынбыз. Оның ішінде Біржан мен Сара айтысын өттік. Енді біз тақырыпты қаншалықты меңгергенімізді байқау мақсатында «Үздік әдебиетші» сайысымызды бастаймыз.

Ең алдымен сайысымыздың бөлімдерімен таныстырып өтейін.

I. Сен білесің бе?

II. Айтыс майталмандары.

III. «Иә» және «Жоқ»

IV. Шешендік өнер (ой толғау).

- Енді сайысымыздың алғашқы бөліміне кезек берейік. Бұл бөлімде сіздерге айтыс өнерінің майталмандары Біржан мен Сара жайында сұрақ қойылады.

Бұл бөлімнен кейін екі сайыскерімізбен қоштасамыз.

1. Біржан да, Сара да – көпке мәлім, тарихта белгілі адамдар. 1834 жылы дүниеге келген кім?

2. Неше жасында жетім қалып, жастайынан жоқшылық тауқыметін тартқан кім?

3. Сара Тастанбекқызы неше жасында қолына домбыра алып шаршы топқа түседі?

4. Қажыеке, күні құрсын ұрғашының,
Билігі болмаған соң бір басының.

Берген соң тері-терсек ит те алады

Пұлындай берекесіз арбашының... - деген Сара сөзінен

нені байқайсыздар?

(Сол кездегі қазақ әйелдерінің ауыр тұрмысын)

5. Сараны Есімбек, Тұрысбек сияқты ел билеушілері
оны жаны да ,тәні де кемтар кімге атастырып қойған?

7. Сара Біржанға сөзін мірдің оғындай қадап өнер
таластырса да кімге келгенде мүдіре береді?

12. Біржанның әні айналаны баурап алып, жұрт
түгел Біржан отырған үйге жиналады. Азнабайдың қыз-
бозбалаларға арнап тіккен үйі қаңырап босап қалады.
Бұған шыдамаған болыс поштабайын жібереді. Есер
поштабай ән шалқыған үйде иін тірескен адамдарды
итере қағып соғып, төрде домбырасын бүлкілдетіп, әсем
әуенін әуелетіп отырған Біржанның басын қамшымен
осып өтіп, домбырасын тартып алмақ болады. Бірақ
көпшілік араша түсіп, алып қалады. Жұрт көзінше
жасаған зорлық-зомбылыққа шыдамаған Біржан ащы
әуенге басады. Домбырасын бебеулеткен күйі Жанбота
отырған үйге баса-көктеп келіп не деп шырқай жөнелді?

Жанбота, осы ма еді өлген жерім,

Көкшетау боқтығына көмген жерің...

*Енді сайысымыздың келесі бөліміне көшейік. Бұл
бөлімде сіздерге төрт әдебиет тұлғасына байланысты
екі сұрақтан қойылады. Сайыстың шарты бойынша
сұрақты таңдау құқығы ұпайы аз оқушыдан басталады.
Бұл бөлімнен кейін ұпайы аз екі оқушымен қоштасамыз.*

Сара Тастанбекқызы.

1. Сара Тастанбекқызының Біржан салмен айтысы
айтыс өнерінің шоқтығы биік көркем үлгісі болып

саналады. Ақынның бұл айтыстан басқа қандай өлеңдері бар? («Жүрек сыры», «Ашындым», «Арсалаңаға алдында», «Жайлауда», «Әбіштің аруағына», «Жүрек», «Хош бол, елім» өлеңдері бар.)

2. Жетім қыз үшін мал алған Тұрысбек қажының әрекетін естіген Есімбек қажы дау шығарып, Сараны өз ауылына көшіріп алады, бірақ бұдан Сараға жақсылық болмайды. Ақырында бар шаруа екі қажының қыздың қалың малын тең бөліп алуға келісуімен тынады. Осылайша қаршадайынан басы дауға түскен ақын қыздың бағының ашылуына кім себепкер болады? (Біржан сал)

Біржан сал Қожағұлұлы.

1. Біржан сал Қожағұлұлы қандай тілдерді меңгерген? (араб, парсы, шағатай)

2. Біржан мен Сара айтысын басшылыққа ала отырып Мұқан Төлебаев қандай әйгілі операсын дүниеге әкелді? («Біржан мен Сара» операсы)

«Иә» және «Жоқ»

1. Сара Тастанбекқызы ма? 2. Сара Жиенқұлға тұрмысқа шықты ма? 3. Сара қайсар, ақылды ақын ба? 4. Біржанның «Ләйлім шырақ» өлеңі бар ма? 5. «Біржан парасатты» дегенге келісесің бе? 6. Сара үздік өнер иесі ме? 7. Біржан Абаймен кездесті ме? 8. Біржан Сараға теңдік алып берді ме? 9. Айтыс сөз жарысы ма? 10. Сара қазақ қыздарының бостандығы үшін күресті ме?

Сайысымыздың соңғы бөлімі «Шешендік өнер» деп аталады.

1. Қазіргі кезде айтыс өнері бізге керек пе?

2. Қазақ халқының дамып өркендеуіне айтыс өнерінің тигізер үлесі қандай?

МАХАМБЕТ ШЫҒАРМАЛАРЫ. ЖӘҢГІР ХАН

Сабақтың мақсаты: ақын шығармаларын талдай отырып, оқулықтағы және қосымша материалдар аясындағы деректерді тиімді пайдалану арқылы «Жәңгір хан» бейнесін ашу; образды жан-жақты талдау нәтижесінде салыстырмалы түрде қарауға, елін, жерін шексіз сүюге баулу; өз ойын еркін айтуға, пікірін дәлелдей білуге, жеке ізденіс қабілетін шыңдауға қалыптастыру.

Түрі: ізденіс. **Типі:** аралас. **Әдісі:** сұрақ-жауап, баяндау. **Көрнекілігі:** таблица, жиналмалы кітапша. **Пәнаралық байланыс:** тарих.

Сабақтың барысы.

1. **Ұйымдастыру.** «Сыңарынды тап» ойыны арқылы жұпқа бөлу.

2. **Үй тапсырмасын сұрау.** Махамбет өлеңдерінің көркемдік ерекшелігі. Өлеңді мәнерлеп айту.

Жеке оқушымен жұмыс. Оқулықпен жұмыс. Поэтикалық талдау.

Үзінді	Көркемдегіш тәсіл	Негізгі идеясы
Мен – тауда ойнаған қарт марал	Метафора	Еркіндік, теңдік

«Жұбыңмен талқыла»

1. Балалар өз түйіндемелерін оқыған өлеңдері бойынша дәлелдейді.

2. Махамбет Өтемісұлының өмір жолына байланысты жұптар бір-біріне сұрақтар қояды.

Жаңа сабақ.


Кіріспе сөз. Жәңгір хан туралы деректер топтамасына мән бергізу. (Ақыл тақтаға көңіл аударту.)

Ақын шығармасындағы хан бейнесі.

Кестені толтыр (Оқулықпен жұмыс)

Махамбет жырлаған Жәңгір хан	Сенің пікіріңше: ой-түйін

Сен тарих бетінен ерекше орын алатын Жәңгір хан туралы не білесің?



Сөздікпен жұмыс(дәптермен жұмыс жүргізу)

Көреген – көкірегі ояу, алыстағыны болжағыш, ерекше есті жан. *Білімдар* – білімді зор бағалаған, халқының білімді болуына еңбек еткен, ескіше де, жаңаша да сауатты адам. *Діндар* – дінді жақтаған, ораза тұтуға, зекет беруге, намаз оқуға жұртты міндеттеген жан, мектеп салдырған. *Сарабдал* – жан-жақты ой түйе білген, ұстамды, сабырлы.

«Кеңейтіп оқыту» әдісі. Жәңгірдің халқына тигізген қайыр шапағаты. Деректермен жұмыс.

Атқарған жұмыстар барысы	Қысқаша түсініктеме
1832жыл «Хан жәрмеңкесі» Шәңгерей Бөкеев «Ай белгілі ақ мешіт. Алпыс бөлме, жүз есік» Орда дәріханасы. Дәрігер ұстады. 1841 жылы ортақ мектеп ашқан. «Қазақ халқының шежіресі»	Сауда, алыс-беріс, барыс-келіс мәдениетіне ұйытқы болған. 1835 жылы мешіт тұрғызып, халқының имандылық жолына түсуіне ықпал етті. Қатерлі дертке ем жасатқан. Ханның ықпалымен көпшілік білімнің керектігін сезінген. Жәңгір ханның бұл еңбегі Қазан университетінің сирек қолжазбалар сапында сақталған.

«Жәңгірдің елімен қоштасуы»

Жантәсілім етер алдында арпалысып, айналасындағыларға сөз қалдырған екен.

<p>Қарашасына қарап...</p>	<p>Басыма қонған, құдайым, күлшедей бақты көре алмай, қотанда тұрып, ортасынан жарылып үріккен қойдай болып ең. Сені билеген әкімнің артында жақсы аты қалмас.</p>	<p>Менің пікірім</p>
<p>Арқаға жүзін бұрып</p> <p>Шығысқа назарын тіктеп</p> <p>Исатай мен Махамбет туралы</p> <p>Заманға арнап айтқаны</p>	<p>Көзің ашылсын, көкірегі оянсын деп мектеп ашып ем, ілімнен гөрі арызшағымға қаламың жүрдек болмаса не қылсын?</p> <p>Тақырға гүл өсер деп су құйып ем, оным былғар шалшыққа айналды.</p> <p>Әй, бірің ағам, бірің інім, бірің батыр, бірің ерім, кімге қарсы қол жинағаныңды білмей өттің-ау! Ақыры балақтағы өкпеге аспандағы мені саттың. Кінә қай-қайсымызда да жетерлік. (Кеш,-депті әлдебір өкініш хәм нала бауырын тырнап)</p> <p>Қазаққа біткен мандайы жарқыраған жақсының бәрі көгенделіп ілкі нәубет алғашқы соққыға ілінбесе қайтсін? Не бастың, не аяқтың есебінде жоқ можан-топай, түбінде сен озасың, сен,-депті бетін құбылаға бұрып</p>	

«Замандастық» (топтастыру). Балалардың пікірін жеке жаздырып, тыңдап шығу.

<p>Заман ағымы</p>	<p>Махамбет</p>	<p>Жәңгір хан</p>

ТАБИҒАТ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Білім беру саласы: таным.

Оқу іс-әрекеті: қоршаған ортамен танысу, экология.

Мақсаты: балаларға өлі және тірі табиғат туралы ұғым беру, табиғатты аялап қорғауға тәрбиелеу.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ұйымдас-тырушылық сезімді ояту	<p>- Балалар, Күннің қалай шыққанын көрген – үлкен қуаныш. Ол бізге мейірімді күлкісімен «Қайырлы таң!» дейді. Қане, біз де күнмен сәлемдесейік. «Қайырлы таң!» деп айтайық.</p> <p>Күннің сәулелері таңертең ыстық па, қолымызды терезеге созып көрейік. -Табиғатқа нелер жатады? Адам мен табиғат әрқашан да егіз.</p> <p>Адам үшін табиғат – ең қастерлі де қасиетті ұғым. Ата-бабамыз «Жер – қазына, су – алтын, мал – байлық » деп бекер айтпаған.</p> <p>- Табиғат туралы қандай тақпақтар білесіңдер? Кім айтып береді? Мақал-мәтел: 1. Орман – ел дәулеті, жер сәулеті.</p>	<p>- Армысыз, алтын Күн! Армысыз, Жер-Ана! Армысыз, Аспан ата! Күліп шықты күн бүгін, Қайырлы таң, қайырлы күн! Сәлеметсіз бе, апай!</p> <p>- Ыстық екен. - Күн, су, тау, тас және т.б.</p> <p>- Ей, табиғат, балаңмын, Ертеңіне алаңмын. Табиғаты ғаламның – Денсаулығы адамның.</p> <p>Сергіту жаттығуы.</p>

<p>Ұйымдас-тыру-ізденушілік</p>	<p>2. Жері байдың елі – бай. 3. Туған жер – алтын бесік. Жұмбақ жасыру: Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. Ол не? Дәмі де жоқ, түсі де жоқ. Пайдаланбас кісі жоқ. Ол не? Д/о: Қайырымды тастар.</p>	<p>Көгінде күн нұрын төккен, Жерінде гүл жұпар сепкен. Неткен сұлу, неткен көркем, Осы менің туған өлкем! Күн Су</p>
<p>Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау.</p>	<p>Тыйым сөздер Ағашты сындырма. Көк шөпті жұлма. Құстың ұясын бұзба. - Балалар, табиғатты аялайық, сүйейік, табиғатты қорғау керек. Оқу іс-әрекетіне белсенді қатысқан балаларды мадақтау.</p>	<p>«Ауаны ұста» жаттығуы. Балалар ауаның көзге көрінбейтінін байқайды. Ағаштың суретін салады.</p>

Күтілетін нәтиже. **Білуі тиіс:** табиғатты аялап, қорғау.
Түсінігі: өлі және тірі табиғатты ажырата білуі тиіс. **Көрсете білуі:** табиғи заттарды ажыратады.



Гуля ҚОЙБЕКОВА,
 «Алғабас» орта мектебі мектепке
 дейінгі шағын орталықпен»
 мемлекеттік мекемесінің тәрбиешісі.
 Алматы облысы,
 Қарасай ауданы.

ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫ: ТӨРТ ТҮЛІК

Білім беру саласы: қатынас. **Бөлімі:** тіл дамыту, қоршаған ортамен таныстыру.

Мақсаты: үй жануарлары туралы түсініктерін арттыру; тіршіліктерін бақылауға үйрету; ауызша сөйлеу дағдысымен тілдерін жетілдіріп ой-өрісін дамыту; қамқорлыққа

тәрбиелеу. **Әдіс-тәсілі:** түсіндіру, көрсету, әңгімелесу, сұрақ жауап, дидактикалық ойындар. **Көрнекілік:** төрт түлік суреттері, ұлттық қолөнер бұйымдары, киіз үй, қоржын.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру.

Табиғатым тамаша,
Көз тоймайды қараса.
Табиғатты аялап
Жүрейікші жараса.
Сәлем саған, Жер – Ана,
Сәлем саған, Нұрлы Күн.
Аман-есен болайық,
Бейбітшілік қалайық.

Жыл мезгілін, ай аттарын, жаз ерекшеліктерін, апта күнін сұрау, жыл мезгіліне байланысты балалар тақпақтары.

Осы кезде топқа әуен жетегінде атқа мінген Тазша бала келіп кіреді, иығында қоржыны бар.

- Сәлеметсіздер ме, балалар, сәлеметсіз бе, апай?! Мен жайлаудан келдім. Ондағы атам, әжем сендерге арнайы хат беріп жіберді. Әжем сендерге жайлаудың тәтті құрты мен ірімшігін беріп жіберді сендер тапсырманы жақсылап орындасын деп.

- Қане қарап көрелік, Ой, балалар, бұл үй жануарлары, төрт түлік туралы тапсырмалар екен. Орындауға дайынбыз ба?

- Дайынбыз.

- Мен хатты оқып берейін.

1-тапсырма. Үй жануарларына нелер жатады? Төлдерін ата.

- Үй жануарлары: түйе, жылқы, сиыр, қой, ешкі.

- Енді төлдерін атайық.

- Түйенің төлі – ботақан. Жылқының төлі – құлыншақ.

Сиырдың төлі – бұзау. Ешкінің төлі – лақ. Қойдың төлі – қозы.

2-тапсырма. Төлдер туралы тақпақ айту.

Төлді қалай шақырады?

1. Қой баласы қоңырым,
Қойдай жуас момыным.
Шопан ата түлігі –
Қошақаным, қайдасың? Пұшайт, пұшайт!
2. Жауын жауса бақырған,
Ешкі атасын шақырған.
Өрісте өскен жануар –
Шөкетайым, қайдасың? Шөре-шөре!
3. Жолға шықсам – көлігім,
Жапанда жүрсем – серігім.
Қамбар ата өсірген –
Құлыным менің, қайдасың? Құрау-құрау!
4. Тіліменен мұрнын жалаған,
Тілімен бойын тараған,
Көкке мұрнын шүйіріп,
Көз төңкеріп қараған.
Зеңгі баба өсірген –
Әукешім менің, қайдасың? Әүкім-әүкім!
5. Екі көзі танадай,
Екі өркеші баладай,
Елпендеген ойнақтап,
Енесіне қарамай.
Ойсылқара баласы –
Ботақаным, қайдасың? Көс-көс!

3-тапсырма. Төрт түліктің адамға пайдасы қандай?

Балалар: - Сүт, ет, жүн береді.

- Түйенің, жылқының сүтінен не жасайды? (Шұбат, қымыз)

- Қойдың, ешкінің, сиырдың сүтінен ше? (Май, құрт, айран, ірімшік)

- Қой, ешкі, түйенің жүнінен не жасайды? (Жіп иіреді, киім тоқиды, көрпе жасайды)

4-тапсырма. Төрт түлік қалай дыбыстайды?

Кім қалай дыбыстайды?

- Балалар, адамдар не істейді? (сөйлейді)

Ал сиыр ше? (Сиыр мөңірейді, Жылқы кісінейді, Қой, ешкі маңырайды, Түйе боздайды).

Сергіту сәті.

Далам қандай тамаша,

Тауға шығам таласа.

Ойға түсем зымырап,

Қозы-лақтай шапқылап.

Құлын-тайдай тебісіп,

Сергіп қалдым келісіп (3 рет).

5-тапсырма. Төрт түлік туралы жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтелдер, тыйым сөздер айтыңдар.

Жұмбақ.

Кішкене ғана бойы бар,

Айналдырып киген тоны бар. (Қой)

Жаңылтпаш

1. Тебіншек ат – шегіншек, Шегіншек ат – тебіншек.

2. Әй, әй, Айдарбай, Иір мүйіз сиырыңды
Үйіңе айдай бар.

Тыйым сөз. 1. Буаз малды өріске айдарда немесе өрістен қайтқанда қуалауға болмайды. 2. Мал қораның сыртында және ішінде ысқырмайды. 3. Жатқан малдың үстінен аттамайды. 4. Малды теппе, ақты төкпе.

6-тапсырма. Төрт түліктің пірлерін біліп алайық.

Түйе: Ойсылқара. Жылқы: Қамбар ата. Сиыр: Зеңгі баба. Қой: Шопан ата. Ешкі: Шекшек ата.

Тазша бала: - Барлық тапсырманы жақсы орындадыңдар. Ата-әжеме қуанып баратын болдым. Рахмет сендерге!

Жазғы демалыста жайлауға келіп демалыңдар. Қош сау болыңдар.

Балалар: - Ата мен әжейге бізден сәлем айтып барыңыз.

Тәрбиеші: - Балалар, бүгінгі сабақ сендерге ұнады ма? Тазша бала әкелген тапсырманы жақсы орындадыңдар. Әжей беріп жіберген құрт пен ірімшікті сендерге үлестіріп берейін.

Мадина МУСАЕВА,
Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университетінің
магистранты.

ДЫБЫСТАРДЫҢ АРТИКУЛЯЦИЯЛЫҚ ЖАСАЛЫМ БЕЛГІЛЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Қазақ (түркі) сөздерінің үндесім айтылымы жайлы басты деректерді ХІХ ғасыр ғалымдарының еңбектерінен іздеуге тура келеді, себебі зерттеушілер өздерінің еңбектерін тілдің тікелей естілімін бақылау арқылы жазды: қалай естісе, солай жазып алып отырған. Тілдің естілім үлгілері Н.И.Ильминский [Материалы к изучению киргизского наречия. Казан, 1860], В.В.Радлов [Опыт словаря тюркских наречий. 4 томдық. СПб, 1888-1911] т.б. еңбектерінен табылады.

Н.И.Ильминский үндесім заңдылығын бүкіл түркі тілдеріне тән құбылыс ретінде атайды: «Закон созвучия по которому в известном слове, сколько бы оно длинно ни были, все гласные и согласные должны быть либо толстые, либо тонкие, - закон общий всем языкам тюркского семейства, существует и в киргизском наречий» [14-б.].

Қазақ тілі дыбыстарының құрамын анықтай келіп, дауыстыларды екі топқа жұптап берген, өйткені олардың айтылымы жоғарыда көрсетілген үндесім заңына сәйкес екіге жіктелетінін көрсетуге тырысқан: «Гласные – а, ә, е, ы, і, о, ө, ұ, ү. Согласные – п, б, м, у [w], т, д, н, ж, з, ш, с, р, л, й, қ, ғ, к, г, ң. Гласные расположены нами по-парно. Первую в каждой паре назовем толстою, вторую (и, ә) тонкою. Толстые,

В отношении степени толстоты, сходны с русскими, тонкие же все равномерно чужды остроты русских гласных, напр. «те киргизское-русскому тэ» [6-б.]. Автор қолданған «жуан/жіңішке» атауларының да сол кезде қалыптаса бастағанын көреміз. Ең бастысы орыс тілінің ықпалымен «твердый/мягкий» атауларының тікелей аудармасын іздемей, «толстый/тонкий» атауларын алғанын байқаймыз. Бұл атаулар қазақ тілінде орнығып, тұрақты және үйреншікті зерттеу құралына айналып отыр. Артикуляциялық (жасалым) фонетиканың ғылыми аппаратының (тілдің көлденең қалпы) орнына перцепциялық (естілім) фонетиканың ғылыми аппараты (жуан/жіңішке) қолдана бастағаны да осы кез болуы керек. Зерттеушілер үшін артикуляциялық деректен гөрі перцепциялық деректің (дыбыстың жуан/жіңішке естілімі) түйсінімі жақын болған.

Ғалым еңбегінің аса бір құнды тұсы деп оның дауыссыздарға қатысты айтқан пікірін алуға болады. Н.И.Илминский қазақ тілінде дауыссыздардың да жуан-жіңішке болып айтылатынын аңғарған: «Подобно гласным согласные бывают толстые и тонкие. Гортанные различаются в этом отношении так резко, что нельзя было бы не дать им особого начертания; прочие же согласные все и каждая могут быть толстою и тонкою смотря по гласной, напр. ат, ет. И так как это определяется системою звуков (ерекшеленген — біз), то мы и не отличили этой двоякости согласных никаким значком» [8-б.] Бұл жерде ғалым пікірінің ерекше жағын атауға болады. Алғаш рет артикуляциялық «көмей» (гортанные) атауын пайдаланады. Дауыссыздардың жуан/жіңішке артикуляциясын дауысты дыбыстардың артикуляциясына бағындырып отыр. «Гармония гласных» теориясының бастау көзі де осы кезден басталған болып шығады.

Қазіргі зерттеулердің нәтижесіне сүйенетін болсақ, онда дауыссыздардың жуан/жіңішкелік белгілері қазақ тілінің құрылымдық ерекшелігін көрсететін бірліктер болып табылады.

Жоғарыда айтылғандай, сингармонизмнің бұзылмаған үлгісін сол күйінде қағазға түсірген зерттеушілердің бірі — В.В.Радлов. В.В.Радлов түркі тілдеріндегі сингармонизмнің артикуляциясын талдай келіп, оның негізгі артикуляциялық көрінісі ретінде өзіндік белгілерді ұсынады, олар: ауыз қуысының толық қалпы, яғни, еріннен көмейге дейін; ауыз қуысының ықшамдалған қалпы, яғни, тістен көмейге дейін; ауыз қуысының жартылай қалпы, яғни еріннен тіл алдына дейін; ауыз қуысының жартылай ықшамдалған қалпы, яғни, тістен тілдің алдына дейін.

Артикуляциялық қалыптар: ауыз қуысының толық қалпы, яғни, еріннен көмейге дейін; ауыз қуысының ықшамдалған қалпы, яғни, тістен көмейге дейін; ауыз қуысының жартылай қалпы, яғни, еріннен тіл алдына дейін; ауыз қуысының жартылай ықшамдалған қалпы, яғни, тістен тілдің алдына дейін.

Проф. М.Жүсіпұлы «...қазақ артикуляциялық базасының (дыбыстау мүшелерінің) сингармонизм заңына нық бейімделгенін анықтау керек» [1.7] дейді. Басқаша айтқанда «Сингармонизм — ...сөз құрамындағы барлық дыбыстарды (дауысты, дауыссыз, жарты дауысты) қамтиды» [107]. Ендеше, қазақ сөзінің артикуляциясы тек сингармонизм арқылы ғана дұрыс айтылады.

Қазақ тіліндегі дыбыс тіркесі күрделі артикуляциялық құбылыстардың бірі болып табылады: дыбыс тіркестерінің артикуляциялық сипаты. Қазақ тіліндегі дыбыс тіркестерін зерттеуге көп еңбек сіңіріп, арнайы еңбектер жазған проф. Сапархан Мырзабеков дыбыс тіркесіне «Дыбыстар

тіркесі – тілдегі дыбыстардың бірімен-бірінің қатар тұру мүмкіндігі, тарихи қалыптасқан орыны. Бұл – халықтың ұрпақтан ұрпаққа жалғасып жетілген, жүйеленген сөйлеу өнерінің (қаруының) жемісі, нәтижесі» [2.81] деп анықтама береді. Ғалым берген анықтаманың болашақ зерттелімдерге нұсқау болатын екі тұсына арнайы тоқтауға тура келеді. «Дыбыстардың бірімен-бірі қатар тұру мүмкіндігі» – біздің зерттеу нысанымыз тұрғысынан қатар тұрған екі дыбыстың артикуляциялық үйлестігі. Егер екі дыбыстың арасында артикуляциялық үйлесім болмаса, онда ол дыбыстар тіркес құрай алмайды. Ендеше, дыбыс тіркестері тілдегі буын, сөз, сөз тіркесі тәрізді тұрақтаған, оны бұзуға болмайтын қалпы бар айтылым үлгі болып табылады.

Ерте дәуір зерттеушілеріне тән жаңсақтық негізінен жарты дауыстылардың дауыстылармен тіркесіне байланысты кездесіп отырады. Оның себебі қазақ тілінің қысаң дауыстыларының айтылымы мен жарты дауыстылардың айтылымының бір-біріне өте ұқсас келетінінен болса керек. Біріншіден, олардың артикуляциясы өзара жақын, екіншіден, артикуляциясы жақын болған соң олардың естілімі де өзара жақын болады. Сондықтан олардың тіркес құрамындағы дыбыстардың жігін ажырату өзге тілді зерттеушілер үшін қиындық туғызатыны сөзсіз. Соның нәтижесінде аралық дыбыстарды аңғармай қалып, айтылымын сәйкес келмейтін қайшы тіркестер құрастырып жатады.

Қазақ тіліне тән дыбыс тіркестерінің бастау көзін көне түркі жазуынан табуға болады. Мысалы, *нк, нқ, лп, ңг, нт*, т.б. дыбыс тіркестерінің үлгісін кездестіреміз. Мұндай дыбыс тіркестері қазіргі қазақ тілінің дыбыс құрамына жатп емес. Тіркесім дыбыстар сыңарларының жасалу орынына қатысты артикуляциялық үйлесімі жиі кездеседі. Мысалы, тіл ұшы *н* дауыссызының тілшік *ң* дауыссызымен алмасымы:

бір сыңарының артикуляциялық алмасымы нк-ңк; екі сыңарының да артикуляциялық алмасымы нқ-ңз.

Қазақ жазуын қалыптастыру мақсатында өткен ғасырдың 20-30-жылдарында еңбек еткен қазақ зиялыларының еңбектерінің артикуляциялық зерттелім үшін маңызы зор. Алайда дыбыс тіркесімі нақты артикуляциялық тұрғыдан қарастырылған жоқ. Ахмет Байтұрсынұлы қатаң мен ұяңның дыбыс тіркесін құрай алмайтынын атайды [3.178].

Сөз құрамындағы дыбыстың артикуляциялық қалпын акустикалық зерттеулердің нәтижелері көрнекі көрсетеді, сөздің басқы буынындағы қысаң дауыстылар артикуляциялық редукцияға қатты ұшырайды: «... узкие гласные... характеризуются неустойчивостью и способностью к редукации. ...они редуцируются вплоть до полного исчезновения» деп жазады Байынқол Қалиев. Дауыссыздардың редукциясына арналған монографиясында да осы фонетикалық жайтқа арнайы тоқталады [4]. Мұндай редукцияны сөз басындағы дауыссыздар мен қысаң дауыстының артикуляциялық тіркесімінің нәтижесі деп қарау керек: к[і]сі, к[і]ші т.б.

Қазақ тілінің дауысты дыбыстарына байланысты еңбегінде Әлімхан Жүнісбек қысаң дауыстылардың нөлдік редукциясы бар екенін, алайда дауыстының артикуляциясы жоғалып кетпей, дауыстының нөлдік (өшік) варианты (глухой вариант) ретінде сақталатынын айтады [5.78]. Сонда дауыстының дауыс қатысына байланысты белгісі (дауыс желбезегінің тербелісі) жоғалады, ал қалған белгілері (тілдің көлденен/тік қалпы) сақталады.

Қазақ тілі дыбыстарының кездесіміне жан-жақты тоқтала келіп М.Жүсіпұлы «В казхском языке к регрессивной ассимиляции относятся следующие позиционные чередования: н/ң, н/м, з/ж, з/с ... Чередования н/ң происходят

в результате влияния на *н* заднеязычных *з, г, қ, к: н/ң* (сынғыш/сыңғыш), *сенгіш/сеңгіш...*» [1.122] деп мәселені дыбыс алмасымы тұрғысынан қарастырып отырғанымен, қазақ тіліндегі дыбыс тіркестерінің құралуына тікелей қатысты. Ең бастысы ғалым қазақ тілінің материалын жазба мәтін түрінде емес, ауызша айтылым үлгісінде қарастырып отыр. М.Жүсіпұлының өзге еңбектерінде де қазақ сөзінің артикуляциялық үлгісінің жан-жақты талданғанын көреміз.

Қазақ тілі дыбыстарының зерттелім тарихы тілдің дыбыс құрамына деген пікірдің түрлі-түрлі екенін көрсетті. Зерттелім кезеңдерін төмендегідей ретпен дәуірлеуге болады: ерте кезең – В.В.Радлов нұсқасы (XIX ғ.); алғашқы (бастау) кезең – Ахмет Байтұрсынұлы нұсқасы; орта кезең – Исмет Кеңесбаев нұсқасы; жаңа кезең – «Қазақ грамматикасының» нұсқасы. Ерте кезеңгі (XIX ғ.) зерттеушілер қазақ тілін тікелей естіп/білу арқылы бақылағандықтан қазақ тілінің төл дыбыс құрамын негізінен қоспасыз дұрыс анықтаған. Қазақ сөзінің жуан/жіңішке әуезді болып айтылуына байланысты оның құрамындағы дыбыстардың да жуан/жіңішке болып айтылатынына көңіл бөлген.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М.Жүсіпұлы. Ахмет Байтұрсынов және қазіргі қазақ тілі фонологиясы. А., «Ғылым», 1998.
2. С.Мырзабеков. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі. А., «Сөздік-Словарь», 1999.
3. А.Байтұрсынұлы. Тіл тағылымы. А., «Ана тілі», 1992.
4. Б.Қалиев. Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың редукциясы. А., «Ғылым», 1984.
5. А.Джунисбеков. Гласные казахского языка. А., «Наука», 1972.

ІЛИЯС ЖАНСҮГІРҰЛЫ. «ӘНШІ»

(7-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – автор жайлы мәлімет беру, өлеңдегі ақын ойы, сезімі, поэтикалық тілі, қазақ әнінің сарыны мен өзгешелігі, Әсет бейнесі; **дамытушылық** – ойлау, мәнерлеп оқу, жүйелі сөйлеу іскерліктерін, шығармашылық қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** – әннің адам өмірінде алатын орыны, оқушыларды поэзияны сүйуге, оның кестелі тілін сезінуге, эстетикалық ләззат алуға, көркем сөйлеуге баулу.

Түрі: жаңа сабақ. **Әдісі:** баяндау, сұрақ-жауап, ойын, сатылай кешенді талдау, проблемалық іздендіру. **Көрнекілігі:** Ілиястың, Әсеттің суреттері, үлестіріме қағаздар, слайдтар. **Пәнаралық байланыс:** музыка, тарих.

Сабақ барысы.

Ұйымдастыру

- Сәлеметсіздер ме, балалар! Барлығымыз түгелміз бе? Көңіл күйлерің қалай? Ендеше, бүгінгі ерекше сабағымызды бастайық. Келген қонақтарға әдепті де әдемі, білімді екенімізді көрсетейік!

Үй тапсырмасын сұрау.

Ойын: «Білім терезесі» (4 топқа 2 сұрақтан тақтаға жасасырылады).

1. Сәкен Сейфуллин кім?
2. Оның қандай шығармаларын білесіңдер?
3. Жамбыл Жабаев кім?
4. Халық поэзиясының шағын түрлері деген не?

5. Баяндау дегеніміз не?

6. Суреттеу дегеніміз не?

7. Диалог деген не?

8. «Бандыны қуған Хамит» шығармасындағы басты кейіпкер кім?

Мақсат қою.

Тақырыпты, сабақтың 3 мақсатын жариялау.

Дәптерлеріне күн ретін, тақырыпты жазғызу.

Жаңа сабақ.

Хронологиялық кесте

Жылдар	Оқиғалар
1894 жыл 14 мамыр	Талдықорған облысы, Ақсу ауданында дүниеге келген.
1919 жыл	Ташкенттің 2 жылдық мұғалімдік институтында оқиды.
1928 жыл	«Сағанақ» атты тұңғыш кітабы жарық көреді.
1925-1928 жылдар	Мәскеудегі журналистика факультетінде оқиды.
1928 жыл	«Еңбекші қазақ» газетіне қызметке жіберіледі.
1932 жыл	Жазушылар одағын ұйымдастыру комиссиясының төрағасы
1934 жыл	Жазушылар одағының алғашқы төрағасы
1934-1937 жылдар	«Қазақ» саяси баспасының редакторы
1937 жыл	Саяси айыппен тұтқындалды.
1938 жылы 26 ақпан	Қуғын-сүргін құрбаны болды.
1958 жыл	Ақталды.

Илиястың тілі – сегіз қырлы жебедей, төрт құбыласы сай, аса бейнелі, қуатты тіл. Осыған бір дәлел: енді біз «Әнші» өлеңімен танысамыз.

Өлеңді мәнерлеп оқыту (тізбектей оқыту)

Әсет Найманбайұлы жайлы қысқаша мәлімет.

Әсет Біржан сал, Ақан сері дәстүрін жалғастырды. Оның «Кіші Ардақ», «Үлкен Ардақ», «Мақпал», «Қисмет», «Інжу-маржан», т.б. әндері бар.

Бөлімдерге ат қою (Төрт топ өздеріне берілген үзіндіге ат қояды)

Әсеттің өзін таныстыруы

Әсет аралаған жерлер

Әсеттің «Інжу-маржаны»

Сүйеді сұлу әнді менің жаным.

Шығармаға талдау.

1-топ. Шығарма идеясын ашу.

Шығарма идеясы – әнді, әннің құдіретін түсіне білу, әнді нақышына келтіре орындау. Халық композиторларын ұмытпау, мақтан тұту.

2-топ. Шығарма кейіпкерлерін таныстыру, мінездеме беру.

Шығарма кейіпкері – Әсет. Қазақ елін аралап ән салған, айтысқан. Ол әнді желдетіп, аңыратып, әуелетіп, нақышына келтіре орындайды. Жігерлі де қайсар, аңқылдаған ақ көңіл.

3-ші және 4-топ. Шығармадағы әдеби-теориялық ұғымдар.

Метафора: бұлбұлмын, тұлпармын, жорғамын, майдамын, тауықпын, сөз – жаңбыр, дауысым – дауыл, әнім – ескек, сарайым – сабам.

Теңеу: үйректей, қаздай, өзімдей, аққудай, қоңыр қаздай, сауулы інгендей, нөсердей, қазандай, қамыстай, Әсеттей.


Эпитет: майда желіс, аса топыр жиынында, ми дала, меңіреу шөл, күміс көлдер, тоқсан бунақ ән, асқақ ән, сар дала, ән құмар әлеумет, алтын күрек, қарқынды үн, сұлу ән, бал тілін, ән қымызы.

Сабақты бекіту.


1-топ. «Әнші» шығармасындағы жер-су аттары

Жер-су аттары	Сипаттамасы
Өзен-көлдер	
Таулар	
Елдер	


2-топ. Топтастыру стратегиясы



3-топ. Венн диаграммасы



4-топ. Ілияс шығармаларын топтастыру.



Бағалау. Топ басшылары белсенді қатысқан топ мүшелерін бағалайды.

Үйге тапсырма: «Әнші» өлеңін жаттау.

ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІ ЗЕРТТЕЛУ АСПЕКТІСІНЕ ҚАРАЙ ТОПТАСТЫРУ

Қазақ ғалымдары фразеологизмдердің жасалу жолдарын, этимологиясын, түрлерін, стильдік қызметін, аударылуын басқа тілдермен салыстыра отырып сан қырынан зерттеген.

Қазіргі таңда қазақ тілі лексикасының барлық қабаты қарастырылып зерттелуде, соның ішінде әр қабатқа қатысты тұрақты тіркестерді тақырыптық топтарға бөліп, оларды әр түрлі аспектіде талдау кеңінен тарап келеді.

Тұрақты тіркестерді тілдік заңдылықтарға сүйене отырып зерттеумен қатар халықтың дүниетанымына, салт-дәстүріне, ұлттық болмысына байланысты сипаттаған дұрыс, себебі тұрақты тіркестер тек тілдің бейнелеуші элементі ғана емес, сонымен қатар халқымыздың рухани өмірінің байлығын көрсетуде ерекше қызмет атқарады.

Ендігі ретте фразеологизмдерді зерттелу аспектісіне қарай топтастырып көрейік.

I. Мағынасына қарай зерттелген фразеологизмдер тобы: 1) тұрмыс-салттық фразеологизмдер, оның ішінде қолөнерге, жан-жануарларға қатыстылары; 2) соматикалық фразеологизмдер; 3) эмоционалдық фразеологизмдер; 4) фразеологизмдерді салыстыра зерттеу (ағылшын, неміс, қытай, орыс тілдері және т.б.).

II. Фразеологизмдердің грамматикалық тұрғыдан зерттелуі.

1. Тұрмыс-салттық фразеологизмдер, оның ішінде қолөнерге, жан-жануарларға қатысты фразеологизмдердің

зерттелуі.

1) «Қазақ қолөнеріне байланысты фразеологизмдердің этномәдени аспектісі» (А., 2010) еңбегінде З.Ержанова қазақ қолөнеріне байланысты фразеологизмдерді жан-жақты зерттеген. Ол өз еңбегінде қазақ тіліндегі өзінің бейімділігімен, әлеуметтік мәнділігімен ерекшеленетін фразеологизмдерде халқымыздың тарихы мен салт-дәстүріне, ойлау жүйесіне, материалдық және рухани мәдениетіне байланысты мол ақпарат бар екеніне зерттеу жүргізген. Ол фразеологизмдердің шығу арналары, тарихы мен танымдық қызметін қазақ қолөнері материалдарының негізінде қарастырады.

Бұл жұмыста фразеологизмдердің шығуының тарихи негіздері, қалыптасуы болып табылатын табиғи тастар мен асыл тас, бағалы металдар, ағаш, тері, т.б. материалдарды өңдеумен байланысты пайда болған сөз орамдарына ұйытқы болған атаулардың этномәдени мазмұны баяндалады.

Бұл зерттеуде қазақ қолөнері материалдары негізінде фразеологизмдердің келесі түрлері анықталып отыр: салт-дәстүр, материал мен оның сапасы, жасалу технологиясы, түр-түс, форма, т.б.

2) Жанар Байтелиеваның «Қазақ тіліндегі жылқы малына қатысты фразеологиялық тіркестердің этномәдени уәждемесі» (А., 2007) атты жұмысында қазақ тіліндегі жылқыға қатысты фразеологиялық тіркестердің этномәдениетпен сабақтастығы этнолингвистикалық аспектіде арнайы зерттелінген, этнолингвистикалық табиғатын экстралингвистикалық факторлар арқылы айқындай отырып мағынасын ашу, жылқы малына қатысты фразеологиялық тіркестер жинақталып, тақырыптық-мағыналық топтарға жіктелген. Түркі тілдеріндегі жылқы малына қатысты фразеологиялық тіркестердегі ұқсастықтар мен айырмашылықтар анықталған. Ғалым өз еңбегінде

мал шаруашылығымен шұғылданған қазақ халқының тұрмысында ерекше орын алған төрт түліктің ішіндегі жылқы шаруашылығына қатысты молынан кездесетін жылқының тегі мен табиғи ерекшеліктеріне байланысты фразеологизмдерді жан-жақты зерттеген.

2. Соматикалық фразеологизмдер зерттелген еңбектер.

Бұл тақырыпты қарастырғанда Айсұлу Нұржанованың «Дүниенің қарабайыр бейнесі: фразеологиялық фрагменттің соматикалық коды» (А., 2010) еңбегінен бастаған орынды. Ғалым өз еңбегінде қазақ тілінің фразеологиялық қазынасындағы соматикалық фразеологизмдердің мағыналық-мазмұндық құрылымын және оның дүниенің қарабайыр тілдік бейнесімен байланысын зерттейді.

Соматикалық фразеологизмдер зерттелген еңбектердің қатарына А.Кәріпжанованың «Фразеологиялық коннотацияның прагмастилистикасы (Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармалары бойынша)» (2010) еңбегін де жатқызуға болады. Бұл еңбекте адам бойындағы қуану, шаттану, күлу, ашулану, күйіну, ренжу, жақсы көру, жек көру сияқты қасиеттердің қазақ тіліндегі соматикалық фразеологизмдерден мол көрініс табуы, Мәшһүр Жүсіп фразеологизмдеріндегі соматизмдердің метафоралық қолданылуы зерттеледі.

3. Фразеологизмдер – адамның эмоциясын жеткізуде жиі қолданылатын тілдік құралдардың бірі.

Қарлығаш Сарекенова 2001жылы «Қазақ фразеологизмдерінің стильдік саралануы» атты кандидаттық диссертациясында фразеологиялық тұлғалардың эмоционалдылығы олардың түрлі сезімдерді, эмоцияларды білдіру мүмкіндігі екендігін айта отырып, прагматикалық функцияларды білдіретін тілдік амалдарға экспрессивтілікпен бағалаушылықпен сипатталатын фразеологиялық тұлғаларды жатқызуға болатынын, сондықтан олардың

жоғарғы ақпараттылық пен эмоционалдылық реңкті білдіретін мазмұны бай, тұлғасы ықшам құралдар болып табылатындығы фразеологизмдердің эмоционалдылығын анықтай түсетіндігін еңбегіне арқау еткен.

4. Фразеологизмдерді салыстыра-салғастыра зерттеу мәселелері.

Фразеологизмдердің ішкі мазмұндық құрылымын, көркемдеуіш-бейнелеуіш амал-тәсілдер арқылы көмкерілетін сыртқы тұрпатын, грамматикалық құрылым-құрылысы мен компоненттік құрамын, мағыналық-мазмұндық өрісін, дүние суретінің фразеологиялық фрагментін түзетін тілдік модель және тілдік код ретінде жұмсалу қасиетін салыстыра-салғастыра зерттеу мәселелері ғылыми зерттеулердің өзекті мәселесі болып қойылды.

Соңғы жылдары қазақ тілі фразеологиясын герман (неміс, ағылшын) тілдері фразеологиясымен салғастыра зерттеуге арналған бірталай жұмыстар жарық көрді: Г.Карбозова, Ш.Арғынғазина, Ф.Оспанова, А.Молдасанова, Г.Қапышева, Р.Атаханова, Т.Мықтыбаева, т.б.

Бірі түркі, бірі герман тілдері тобына жататын қазақ және ағылшын, қазақ және неміс тілдерінің тілдік, ұлттық мәдени ерекшеліктерін түрлі тілдік бірліктер, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер бойынан тауып, олардың бір-біріне ұқсастық немесе бір-бірінен айырмашылық дәрежесін анықтауға, ұлттық нақышты тереңірек түсінуге талпынған ғылыми еңбектер баршылық.

Диалектілік фразеологизмдер туралы ой-пікірлердің жалғасы Қостанай қазақтарының тілдік ерекшеліктерін зерттеген А.Байжоловтың (1963), Орда қазақтарының тілдік ерекшеліктерін зерттеген Ә.Бөрібаевтың (1964), Маңғыстау сөйленісіндегі тұрақты тіркестерді зерттеумен айналысқан С.Омарбековтың (1965), жоғары оқу орынына арналған «Қазақ диалектологиясы» оқулығында құрамында

Әдеби тілде жоқ сөздер кездесетін тұрақты тіркестерге ерекше тоқталған Ғ.Қалиев пен Ш.Сарыбаевтың (1991), қазақ тілінде сөйлеу батыс тобындағы аймақтық сөз тіркестерін синтаксистік ерекшелік ретінде көрсеткен Ә.Нұрмағамбетовтың (1974), оңтүстік сөйлеуге жататын Түркістан тұрғындарының ерекшеліктерін қарастырған Б.Жүсіпованың (2003) еңбектерінде берілген. Сонымен қатар Қаламқас Қалыбаева (1997), Мереке Атабаева (2006) еңбектерінде диалектілік фразеологизмдерге жүйелі талдау жасалған.

Рахила Үрімova өзінің «Қазақ тілінің аймақтық мақал-мәтелдері мен фразеологизмдерінің этноқұрылымдық сипаты» (2009) атты ғылыми еңбегінде аймақтық қолданыстардағы мақал-мәтелдердің түркілік ортақ ойлау жүйесінің көріністерін салыстыра отырып фразеологизмдердің этноқұрылымдық сипатын зерттеді, аймақтық мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің қалыптасуына әсер еткен географиялық, этномәдени, тарихи-әлеуметтік және тілдік факторларды анықтайды және аймақтық мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің құрамындағы кірме сөздерге ғасырлар бойы қоян-қолтық араласа өмір сүріп отырған жергілікті тілдердің әсерін көрсетеді.

5. Фразеологизмдердің грамматикалық тұрғыдан зерттелуі.

А.Байтелиевтің «Қазақ тіліндегі номинативтік және коммуникативтік фразеологизмдердің тілдік табиғаты мен контексте қолданысы» (2009) атты ғылыми диссертациясында қазақ фразеологиясы номинативтік және коммуникативтік фразеологизмдерінің тілдік және қолданыстық табиғаты кешенді түрде зерттеліп, олардың тілдік табиғаты мен мәнмәтіндік қолдану ерекшеліктері, айырым белгілері көрсетілді. Зерттеу барысында тілдегі

қызметі тұрғысынан топтасатын номинативтік және коммуникативтік фразеологизмдердің қазақ тіл білімі фразеология теориясының үлкен арнасы ретінде танылып, өзінің ерекше тілдік табиғаты, заңдылықтары, қалыптасу жолдары, семантикалық және құрылымдық түрлері, сөз таптарына жіктелімі, морфологиялық жақтан түрленіс жүйесі, мәнмәтіндік ерекшеліктері анықталды.

Алтай Аманжолов «Етістікті фразеологизмдер» ғылыми еңбегінде етістіктік фразеологизмдерді жете зерттейді. Нағима Қошанова «Қазіргі қазақ тіліндегі тұрақты тіркесті сөйлем мүшелері» еңбегінде фразеологизмдердің сөйлемде қолдану мәселесін қарастырған.

Резюме

В статье фразеологизмы классифицируются по аспектам исследования.

Resume

In this article the phraseologies are classified according to the aspects of the research.



**Мәншүк ОСПАНБЕК,
«Көксай» орта мектебі
мектепке дейінгі шағын орталығымен»
коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің мұғалімі.**

Алматы облысы,
Райымбек ауданы,
«Көкбел» ауылы.

ОЮ-ӨРНЕК СЫР ШЕРТЕДІ

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушылардың ою-өрнек туралы түсінігін арттыру, мүйіз оюын матадан қиюды үйрету

арқылы іскерлік дағдыларын қалыптастыру, оқушылардың ұлттық өнер түрлерімен таныстыру; **дамытушылық** — оқушылардың іскерлігі, ою-өрнектің түрін түсіндіру, сырына мән беру, мәдени шежірені түсіндіру арқылы оқушылардың ізденушілігі мен шығармашылық қабілеттерін шыңдау, ой-қиялын, көркемдік қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** — ою-өрнек арқылы оқушылардың ой-өрісін, білімін жан-жақты дамыту, халқымыздың асыл мұрасын, салт-дәстүрін, өнерін құрметтеуге тәрбиелеу, ұқыптылыққа, сұлулыққа, жинаққылыққа назар аудара отырып, эстетикалық тәрбиеге баулу.

Түрі: аралас сабақ. **Әдісі:** топтық жұмыс, сұрақ-жауап, ізденіс. **Көрнекілігі:** «Ою-өрнек сыр шертеді» буклеті, тест сұрақтары, ою үлгісі, ою-өрнектің негізгі бес элементінің көріністері. **Пәнаралық байланыс:** тарих, бейнелеу, музыка, математика.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру. Оқушылармен сәлемдесу. Кезекші арқылы түгелдеу. Оқушыларды сабаққа даярлау.

Үй тапсырмасын тексеру.

Жаңа сабақ.

Өнерді таудың бұлағынан, қойдың құлағынан, апамның киізінен, қошқардың мүйізінен үйрендім. (Әбілхан Қастеев).

Ою-өрнек ісі тым ерте заманнан бастап-ақ қолөнердің барлық түріне бірдей ортақ әсемдеп әшекейлеудің негізі болып келді.

Ертедегі қазақ оюларын мазмұны жағынан іріктесек, негізінен үш түрлі ұғымды бейнелейді: 1) мал өсірумен аңшылықты; 2) жер-су, көшіп-қону көріністерін; 3) күнделікті өмірде кездесетін әр түрлі заттардың сыртқы бейнесін береді. Шеберлер іске беріліп, жұмыс әдісіне төселе келе өздерінің көрген ою-үлгілерін жатқа жасап,

оюға өз бетімен жаңа түрлер енгізу дәрежесіне жетті. Халық мұндай адамдарды «Оюшы» деп атады. Әрбір елде, әрбір руда атағы шыққан таңдаулы оюшылар болды. Ондайлар өз өнерінің тамаша үлгісін өзінің руына, маңайындағы елдерге таратып отырды. Осыдан келіп ою-өрнектерде, киімдер мен кілемдерде, сырмақтар мен кестелерде, т.с.с түрлі мәнерлер пайда болды.

Қазақтың ою-өрнегі мүйіз түрінен бастау алғандықтан қандай ою түрін жасағанда да осы ою түрі басты көрініс табуы қажет. «Қошқармүйіз» оюы – байлық пен молшылықтың нышаны. Бұл ою қазақ бұйымдарының кез келген түрінде кездеседі.

Ою-өрнектердің түрлері.



«Қошқармүйіз» ою-өрнегі қойдың төбесі мен екі жаққа иіріле түскен мүйіз бейнесінде келіп, оның қолтық тұсынан қойдың құлағын долбарлайтын тағы бір шолақ мүйіз тәрізді екі буын шығып

тұрады. Одан байқаған адамға қошқардың тұмсық бейнесі аңғарылады. Текемет, сырмақ, басқұр, алаша, кілем, былғары, сүйек, ағаш, зергерлік бұйымдардың барлық түрлерінде кездеседі.



«Мүйіз» – қазақ оюының ең көне мәнері. Ою-өрнектің бұл элементі мүйізді мегзеуден шыққан. «Мүйіз» ою-өрнегі кейде ұсақ, кейде ірі болып келеді. Ұсақ түрлері ағаш, сүйек, мүйіз сияқты нәзік

қолөнер саласында қолданады. Ірі түрлері сырмақ, текемет, алаша, кілем, сәулет өнерінде сан түрлі мәнерде қолданылады. Мүйіз элементтері «аймүйіз», «қосмүйіз», «сыңармүйіз», «сынықмүйіз», «қырықмүйіз», «маралмүйіз», «еркешмүйіз», «қошқармүйіз», т.б. түрлерге бөлінеді.

«Мүйіз» өрнегі үй жиһаздарында (кілем, сырмақ, текемет, алаша, көрпе, түскиіз, шымши), тұрмыстық заттарда (саба, шанаш, күбі, оқшантай, торсық, сандық, т.б.), сондай-ақ қару-жарақтарда (қынап, оқшантай, торсық, садақ), киім-кешек, ат әбзелдерінде (ертоқым, айыл) қолданылады.



«Қосмүйіз» ою-өрнегі қойдың, ешкінің, сиырдың екі мүйізін ғана бейнелейді және кейде «ырғақ», кейде «ілмек» деп аталатын оюларды «қосмүйіз» дейді. Үй жиһаздары мен тұрмыстық заттарды, киім-кешек, қару-жарақтарды безендіру үшін пайдаланатын, қой, ешкі, сиыр, бұғы, марал сияқты жануарлардың қос мүйізін бейнелейтін ою-өрнек. Қазіргі кезде «қосмүйіз» ою-өрнегін сәукелеге, айыр қалпақтың төбесіне, шетіне, қамзолдың алдыңғы жағына, етіктің қонышына салады.



«Арқармүйіз» деп аталатын ою-өрнек – қойдың мүйізін бейнелейтін оюдың түрі. Бұл элемент «қошқармүйізге» өте ұқсас, бірақ оған қарағанда шиыршықтанып, тармағы одан көбірек болып келеді. Кілем, түскиіз, сырмақ, кесте, киім-кешек пен үй жиһаздарында кездеседі.



«Қырықмүйіз» ою-өрнегі – біріне-бірі жалғаса, тармақтала қосылған, көп мүйізден құралған ою-өрнектің бір түрі. Ол көбінесе дөңгелек не төртбұрыш ішінде бейнеленеді, кейде бұтақтың ағашы тәрізді тармақталып, жайылып бейнеленеді. Түскиіз, тон, кежім, сырмақ, текемет, сәулет өнерінде молырақ кездеседі.

Сабақты бекіту. «Ою-өрнек» тақырыбына байланысты тест сұрақтарына жауап беру.

Сұрақтар	Жауаптар	Дұрысы
Көне әлемге байланысты өрнектер:	А) Шұғыла; Ә) Тышқан; Б) Көбелек.	А
Ою-өрнектің неше түрі бар?	А) 300; Ә) 400; Б) 500.	Б
Гүл оюы нені бейнелейді?	А) бейбітшілік; Ә) қуаныш; Б) дархан.	Ә
Жануар тектес ою-өрнек:	А) Иттіс; Ә) Ботакөз; Б) Құмырсқа.	Ә
Геометриялық ою-өрнек:	А) Құсмұрын; Ә) Сүйір; С) Жауқазын.	Ә
Кесте өнерінде көп қолданылатын ою:	А) Жылан; Ә) Қырық шақа; Б) Алтын жіп мүйіз.	Б
Бас-аяғы жоқ ою	А) Итқұйрық; Ә) Сұлама; Б) Тарақ.	Ә
Үзілмес бағыт, мәңгілік нышаны қай оюмен өрнектеледі?	А) Өткізбе; Ә) Төртүшкіл; Б) Дөңгелек.	Б

Қорытындылау. «Ою ойғанның ойы ұшқыр»

Ою-өрнек – ұлттық сана оятар,

Ою-өрнек үнсіз ғана ой айтар.

Ою-өрнек шеберлікке жетектеп,

Білгеніңді қажетіңе жаратар

Ою-өрнек тәрбиенің көзі екен,

Қазағымның қолөнері, өзі екен.

Әжем салған ою-өрнек қарасаң,

Саған берген ақыл-кеңес сөзі екен.

«АҚКУЛАР ҰЙЫҚТАҒАНДА»

Сабақтың мақсаты: ақын өмірінен мәлімет бере отырып, поэзиясының өміршеңдігін таныту, поэманың тақырыбы мен идеясын, көркемдік тілін ашу; оқушының сөйлеу тілін дамыту, өз ойын еркін, жатық жеткізе білуге дағдыландыру, мәнерлеп оқу дағдысын жетілдіру; туған жерге деген сүйіспеншілікке, адамгершілікке, табиғат әсемдігін түсінуге, қасиетті нәрселерді қадір тұтуға тәрбиелеу.

Типі: жаңа сабақ. **Пәнаралық байланыс:** орыс тілі, ағылшын тілі, өзін-өзі тану. **Көрнекілік:** ақын портреті, шығармалары, газет-журнал материалдары, аққулар макеті, слайдтар.

Сабақтың барысы.

Слайд №1. Викториналық сұрақтар:

1. Мұқағали Мақатаевтың өмірі жайлы не білесіздер?
2. Мұқағали ақынның отбасы жайлы деректер.
3. Ақынның шығармалары туралы не айта аласыздар?
4. Мұқағали аудармалары.
5. Ақын поэмалары.

Сұрақтар үш тілде қойылады, оқушылар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жауап береді.

Слайд №2. Ойқозғау. Суреттер бойынша болжау жасау.

Үйге берілген тапсырма бойынша «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы туралы оқушы ізденісі .

Слайд №3. Поэма бойынша жұмыс

Салыстыру. «Аққулар ұйықтағанда» және «Аққудың айырылуы» поэмаларын салыстыру .

Ойтолғаныс. Әдебиет лотосы

Зерттеу. Слайд №4.

Поэма тақырыбы, автор идеясы. Автордың сөз қолданысы мен тілдік ерекшеліктері. Аққудан басқа киелі саналатын аң-құстар, Қазақстандағы қорықтар. «Қызыл кітап», оған енген қандай құстар бар? Аққудың қандай түрлері «Қызыл кітапқа» еніпті?

/Сұңқылдақ аққу, сыбырлақ аққу, кіші аққу/

Қолдану. Слайд №5.

«Сұлулық» сөзінің антонимін тапқызу. «Сұлулық», «зұлымдық» сөзіне анықтама бергізу.

Тапсырмалар:

1. Аққудың рең әсемдігін айқындау. 2. Аққудың мүсін келістігін табу. 3. Аққудың әдемі, жарасты әрекеттері. 4. Оқ тиген аққудың мүшкіл халі. 5. Табиғаттағы рең, түс ерекшеліктері. 6. Су тазалығын ашатын детальдар. 7. Ананың аққуды ату себебі. 8. Теріс ниеттен көлге барған ана толғанысы. 9. Құсты атққаннан кейінгі ана өкініші. 10. Бала өлімін көрген ана қасіреті.

Поэмада оқушылардың түсінуіне қиындық тудыратын сөздермен жұмыс.

Қасиет – айырықша ерекшелік, жақсы белгі. **Қасірет** – басқа түскен уайым-қайғы. **Сызат** – болар-болмас сызықтың ізі, жарықшақ. **Тегеш** – ас-су құюға арналған шұңғыл үлкен ыдыс. **Қаныпезер** – жауыз, қанішер. **Желік** – бір нәрсеге елігіп құмарлану. **Кәззап** – жексұрын, алаяқ, оңбаған. **Аракідік** – анда-санда. **Жалбыз** – сулы жерде, бұлақ басында өсетін хош иісті, көпжылдық дәрілік өсімдік.

Сабақты қорыту. «Менің сөзім» /оқушы монологы/.

Үйге тапсырма. «Менің Мұқағалиым» айдарымен ақынды әр қырынан таныта отырып ойтолғау жазу.

Үй тапсырмасының негізгі шарты – ақынның өзіңе ұнаған өлең-жыр, естелігін оқып, «Сенің Мұқағалиыңның» ерекше тұлға екенін дәлелдеу.

МӘТІН

(3-сынып)

Сабақтың мақсаты: 1) мәтін туралы берілген түсінікті кеңейту, мәтіндегі азат жолдың рөлін байқату, берілген тақырып бойынша мәтін құрастыру, мәтін тақырыбын және ондағы негізгі ойды анықтау, мәтіннің қай түріне жататынын ажырату; 2) оқушылардың өз бетімен жұмысы арқылы теориялық ойлауын, сөйлеу тілін дамыту; 3) ұйымшылдыққа, адамгершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу; 4) оқулық, дәптер бетіндегі нысанаға байланысты жұмыстар жүргізу, ұсыныс бойынша көру қабілетінің кемшіліктерін түзету.

Түрі: аралас сабақ. **Әдісі:** түсіндіру, көрнекілік, талдау, жинақтау, ой қозғау, мағынасын ашу. **Көрнекілігі:** слайдтар, сюжетті суреттер, үлестірме қағаздар, интерактивті тақта.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру.

– Бүгінгі сабағымыз тақтадағы жоспар бойынша өтеді.
«Білегі күшті бірді жығады, білімі күшті мыңды жығады».

«Бірлік болмай, тірлік болмас».

«Еңбегінен ел таныр».

«Бойы сергектің ойы да сергек».

«Алғырлар мен тапқырлар».

«Денсаулық – зор байлық».

«Білімдіге – дүние жарық, білімсіздің күні – кәріп»

II. Үй тапсырмасын тексеру.

«Білегі күшті бірді жығады, білімі күшті мыңды жығады».

– Оқушылар, біз қыркүйек айынан бастап оқыған «Дыбыспен әріп» тарауын бітірдік. Олай болса мен қазір сұрақтар арқылы сендердің осы тақырыпты қалай меңгергендеріңді тексеріп көрейін.

Дыбыспен әріптің айырмашылығы қандай?

Қазақ тілінде қанша дыбыс, қанша әріп бар?

Орыс тілінен енген сөздерде қандай әріптер болады? (ф, в, ч, щ, э, я, ю)

Дыбыстың қандай түрлерін білесіңдер?

Дауысты дыбыстар нешеге бөлінеді?

Дауыссыз дыбыстар нешеге бөлінеді?

III. Жаңа сабақ.

«Бірлік болмай, тірлік болмас».

Көркем жазу: Цц Цц Цц Цц Цц Цц Цц Цц Цц Цц Цц Цц Цц Цц Цц Цц Цц Цц

– Мен қазір жұмбақ жасырамын. Жұмбақтың жауабында *ц* әрпі бар сөздер болады. Сендер сол сөздерді қатесіз жазып шығасыңдар.

– Ата заң (*Конституция*)

– Өлшем бірлігі (*Центнер*)

– Санның таңбасы (*Цифр*)

– Көлік түрі (*Мотоцикл*)

Мәтінмен жұмыс.

Цирк – өнердің өте ертеден келе жатқан түрі. Цирктің көшпелі және тұрақты түрлері болады. Үнемі көшіп жүретін цирк көшпелі цирк деп аталады.

Алматыда бір тұрақты цирк бар. Онда акробаттар мен шабандоздар, күлкілі клоундар өнер көрсетеді.

– Не оқыдық? (мәтін)

– Мәтін екенін қайдан білдіңдер? (Сөйлемдер бір-бірімен өзара мағына жағынан байланысып тұр.)

– Мәтін дегеніміз не? (Өзара мағыналық байланыста айтылатын екі не одан көп сөйлемнен құралатын автордың ой-пікірі)

– Мәтіннің қандай түрлері бар? (Әңгімелеу мәтіні (не істеді?), сипаттау мәтіні (қандай?), пайымдау мәтіні (неліктен?))

Бұл мәтінге қандай ат қоюға болады? (Цирк)

– Барлығымыз бірігіп жаңа тақырыпты аштық.

«Еңбегінен ел таныр».

Өз беттеріңмен еңбектеніп жаттығу орындайсыңдар.
3-жаттығу.

(Оқушылар бір-бірінің жұмыстарын тексереді. Содан соң жазған жұмыстарын тақтамен тексереді.)

«Бойы сергектің ойы да сергек». Сергіту сәті.

«Алғырлар мен тапқырлар». Слайд көрсету. Оқушылар сурет бойынша әңгімелеу, сипаттау, пайымдау мәтіндерін құрастырады.

«Денсаулық – зор байлық».

Көзге арналған жаттығулар.

«Білімдіге – дүние жарық, білімсіздің күні – кәріп».

Әрбір оқушыға мәтін беріледі. Балалар мәтін тақырыбын және ондағы негізгі ойды анықтап, мәтіннің қай түріне жататынын ажыратады.

IV. Сабақты қорытындылау.

– Мәтін деген не?

– Мәтіндегі сөйлемдердің орынын ауыстырып айтуға бола ма? (жоқ)

– Мәтіннің қандай түрлері бар?

САБАҚҚА ТИІМДІ ТРЕНИНГТЕР

Мақсаты: әрбір тренинг арқылы баланың білімін дамыта отырып, рухани ізгілікке қол жеткізуге болады. Әр сабаққа балаларды сезімді күйде қалыптастыру мақсатында жанға жайлы әуен болуы керек, сонда балалардың түсінуі мол болады. Оқыту барысында тренингтің көмегімен оқушыларға білім беріп, олардың тәжірибелік әрекетін ұйымдастыруда өзінің іс-әрекетін оқушылардың таным әрекетіне басшылық етумен байланыстырады.

«Бекіту». Әдебиет пәнінен өткен сабақтағы кейіпкерлерді мүсіндеу, сол арқылы пысықтау

Өткен сабақты қайталап бекіту.

Бөлмеде жанға жайлы баяу әуен естіліп тұрады. (2-3 мин.)

- Балалар, қазір біз сендермен ойын ойнаймыз.

Ойын: «Психологиялық мүсін».

Жүргізуші балаларға денелерімен жалпы бір бейне «мүсіндеулерін» сұрайды. Кілемде жатып та жасауға болады.

Мысалы: гүл, теңіз жұлдызы, машина, т.с.с.

Балалар мүсіндеп қана қоймай оны тірілтеді.

Өткен сабақта көрген үзіндіні еске алу.

Балалар көргендерін еске түсіріп, алмасып, кезек-кезек әңгімелейді.

«Өзін-өзі жарнамалау». Оқушылардың сөйлеу, сауатты жазу және ойларын жүйелі айта білуге дағдыландырады.

Өзін-өзі ашу, өзін-өзі тану, психологиялық мінездемесін анықтау және талдау іскерлігін дамыту.

Ойынға қатысушылар жұмыс берушіге 25-30 минут ішінде өзінің көрсететін қызметін, психологиялық ерекшелігін, икемділігін, жетістіктерін көрсетіп хат жазады. Хатына қолын қойып оны жүргізушіге береді. Барлық хат жиналған соң жүргізуші авторлардың есімін оқымай, тек хаттың мазмұнын ғана оқиды. Шеңбер бойындағылар хатқа талдау жүргізеді. Хат авторын табу керек.

«Сергіту» тренингі. Оқушыларға әріптер жазылған парақтар таратылады. А, Ә, Ж әріптерінен басталатын ән шырқау керек.

«Жейдешедегі қолтаңба». Оқушыларға кәсіптік бағдар беру бағытында мамандығын дұрыс таңдай білуіне, өз-өзіне сенімді болуға ықпал етеді.

Өзін өзі құрметтеу, өзі туралы ойын дамыту.

Қатысушыларға парақ таратылады, оған өз жейдешелеріне қандай жазу жазатындары туралы жазу керектігі айтылады. Ол жазу адамның бір нәрсеге бейімділігі туралы (олардың немен айналысатынын, ойындарын, әлемге қатысын және т.с.с) білдіруі керек. Бірнеше жазу таңба ойлауға да болады. Жұмысқа 5-10 минут беріледі. Осыдан кейін қатысушылар өздерінің жазу таңбалары туралы әңгімелейді.

Жаттығуды талдау. Осы жазу таңбалар не туралы айтады? Өзіміз туралы өзге адамдарға не айтқымыз келеді?

«Бір сөзбен айт». Шапшаң, тапқыр болуға және сауатты оқуға бейімдейді.

Әр топқа алты парақ қағаз беріледі. Парақтарда «Оқу құралдары», «Пәндер», «Мамандықтар», «Жеміс», «Үй жануары», «Азық-түлік», «Дене мүшесі», «Көкөніс», «Түстер», «Андар», «Киім», «Отбасы мүшесі» деген сөздер жазылған. Оқушы қолына тиген парақтағы сөзді оқып, сол сөзге қатысты бірнеше сөз айту керек. Мәселен, парақтағы сөзде «Оқу құралы» деп жазылған. Оқушы дауыстап оқымай, біраз ойланып «Кітап, қалам, өшіргіш, қарындаш, сызғыш» дейді.

ӘЙЕЛ – АНА, АНА – ӘЛЕМ

Кештің барысы.

1-жүргізуші: - Құрметті аналар, қымбатты апайлар, аяулы қыз-келіншектер!

Көктемді қанатына қондырып, жан жылуын көкірегіне толтырып жеткен әйел-аналардың дәстүрлі мерекесі — 8 наурыз күнімен, анадай шуақты, құлпырған қызғалдақтай әсем мерекемен шын жүректен құттықтаймыз.

Хор: «Анаға сәлем».

2-жүргізуші:

- Сендерден өскен балалар —

Батырлар мен даналар.

Құттықтаймыз мерекемен,

Құрметті абзал аналар!

Мерекелік құттықтау сөзді мектеп директоры _____ береміз.

Ән: «Ана туралы жыр».

Әдеби монтаж

1. Өмірде ана — бақыт, ана — пана,
Өмірді өркендетер ана ғана.
Өсірген талай көсем, талай шешен,
Талай ер, талай ақын, талай дана!
2. Ана! Ол біздің елде ардақты адам,
Кіші де, үлкені де ардақтаған.

Өзінің аяулысы – Отанын да
«Ана» деп біздің халық текке айтпаған.

3. «Ана» дейміз бәріміз де аңқылдап,
«Ана» дейді жас сәби де жарқылдап.
Ана деген – бәйтерегі өмірдің,
Ана деген – алтын қазық, алтын бақ.
4. Ол – ана, адамзатқа қанық үні,
Әр жүрек, әр көңілдің жарық күні.
Ол деген алыбы ғой алыптардың,
Ананың тілі емес пе халық тілі?!

Ән: «Ана жылуы».

Әдеби монтаж

5. Ардақты ана, аяулы ана, қымбаттым,
Тәтті ұйқыңды бөліп талай үн қаттың.
Өміріме нәрін берді ақ сүтің,
Кең құшағың аясындай гүл бақтың.
6. Мен өзіңмен қайда болсам біргемін,
Махабатың жүрегімде жүр менің.
Күн нұрындай жадырай бір күлгенің,
Қандай жақсы ортамызда жүргенің!
7. Ана мейірімі күн көзімен пара-пар,
Тұла бойға қуат болып таралар.
Өміріме шуақ шашып әрқашан,
Көп жасаңдар, ақ ниетті аналар!

Ән: «Бала тілегі».

1-жүргізуші: - Осында отырған барлық аналарды
құттықтау үшін барлық ағалайлардың атынан сөз кезегі
ардагер ұстаз _____ ағайға сөз береміз.

Би: «Қара жорға».

2-жүргізуші: - Бүгінгі біздің мерекелік кешке ұстаз апайлармен бірге ата-аналар да келген екен. Олай болса осы аналармен шағын ойын ойнасақ.

1-жүргізуші: - Ортаға аналарды оқушы қыздарымен шақырсақ. Сіздерге сұрақ қоямыз, екеулеріңіз бірге жауап бересіздер.

1. Терезені жуудың тәсілін айтып берсеңіздер?
2. Әшекей бұйымдарға нелер жатады?
3. Жұмыртқадан қандай бұйымдар жасауға болады?
4. Бір асты дайындау тәсілін айтып беріңіздер?

Ән: «Ләтима».

2-жүргізуші: - Оқушы ер баласы бар үш ананы (үш ер баланы) ортаға шақырамыз.

1. Жұмыртқаны қалай қуырады?
2. Шалбар жылтыр болып қалмауы үшін қалай үтіктейді?
3. Бір пакет сүт қанша тұрады?
4. Сіздердің шаңсорғыштарыңыздың маркасы қандай?
5. Лампочканы салғанда қай жаққа қарай бұрайды?

Ән: «Анашым».

1-жүргізуші: - Ал енді ортаға ойынға қатысқан үш қызбен үш ер баланы шақырамыз. Сендердің аналарыңды қаншалықты білетіндерінді байқап көрелік.

1. Анаң қандай түсті киімдер ұнатады?
2. Жақсы көретін тағамы қандай?
3. Бос кезде немен шұғылданғанды жақсы көреді?
4. Сырғасы қандай, неден жасалған?
5. Ұнататын әншісі кім?
6. Анаңның көзінің түсі қандай?
7. Ұнататын гүлі қандай?

Әдеби монтаж:

8. Анам менің күн көзіндей шуақты,
Даладай кең, таулы өзендей қуатты.
Дүниедегі жақсылықтың барлығы
Жан анадан тарап жатқан сияқты.
9. Ер жеткізіп, елге берген баласын,
Ақылдысың, ардақтысың, данасың.
Қарайтыным – қас қабағың бір сенің,
Қайратыңнан қайта көрме, анашым!
10. Аяулы да алтын нұрлы, анашым,
Жүрегіммен мәңгі бірге боласың.
Сен – асқарсың, сен – аспансың, биіксің,
Сен – дархансың, сен – жомартсың, данасың.
11. Бір өзіңнен бастап өмір жолдарын,
Жүрегіңе жүрегімді жалғадым.
Өзің мына сыйға берген өмірде
Ақ сүтіңді ақтап өту – арманым.
12. Қуанып көз алдында жүргеніме,
Құмарсың менің келер күндеріме.
О, ана, жетсе екен бар өмірің
Қартайған шағымда да бір көруге.

Ән: «Мұстафа».

2-жүргізуші: - Бүгінгі кешімізде де әйел аналардың, ардақты әжейлердің ұлылығын мойындап, номинация ұсынатын кез де келген сияқты.

1-жүргізуші: - Көп балалы ана бола тұра, өзгенің баласын асырап бауырына басқан, қалалық әжелер сайысына қатысып жүлделі орын алған әжемізді _____ «Дархан жүректі әже» номинациясымен марапаттаймыз.

2-жүргізуші: - «Асыл әже» номинациясымен _____ әжемізді марапаттаймыз.

1-жүргізуші: - «Мейірман ана» номинациясымен _____ анасы _____ анамызды марапаттаймыз.

2-жүргізуші: - «Көп балалы ана» номинациясымен _____ анасы _____ анамызды марапаттаймыз.

1-жүргізуші: - «Абзал ана» номинациясымен _____ анасы _____ анамызды марапаттаймыз.

2-жүргізуші: - Ал енді ұстаз, мұғалім аналарымызды да марапаттайтын кез келген сияқты.

«Алтын нұрлы ана» номинациясымен _____ пәнінің мұғалімі _____ марапаттаймыз.

1-жүргізуші: - «Күн шуақты ана» номинациясымен _____ пәнінің мұғалімі _____ марапаттаймыз.

2-жүргізуші: - «Кең пейілді ана» номинациясымен _____ пәнінің мұғалімі _____ марапаттаймыз.

1-жүргізуші:

- Анам менің – жасыл бағым жайнаған,
Сол бағымда асыр салып ойнағам.

Пәк жүректен ән шырқайды перзентің,
Бар бақытты жалғыз маған сыйлаған.

Кезекті асыл әжелердің құрметіне әсем әнге берсек .

Ән: «Асыл әжем».

2-жүргізуші: - Дүниеде адамзаттың сүйіспеншілігіне лайық жандар аналарға, апаларға, бойжеткендерге арналған кешімізді

«Теңдесі жоқ данасың,

Арқа тұтар панасың.

Еңбегінді ақтаймын,

Аман болшы, анашым» деген өлең жолымен аяқтаймыз.

Назгүл БОЛАТБАЙ,
«Тайпақ» жалпы орта білім
беретін мектебінің мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы,
Ақжайық ауданы,
«Қарауылтөбе» ауылы.

ЖАНҒА ЖАҚЫН ЖЫРЛАРЫ

1-жүргізуші: - Қайырлы күн, қадірменді жыр сүйер қауым! Қазақтың қара өлеңін кие тұтқан, жүрегінің түбінен қайнап шыққан асыл жырларымен қалың жұртшылықты махаббатына бөлеген Мұқағали Мақатаев шығармашылығына арналған «Жанға жақын жырлары» атты поэзия кешімізді бастауға рұқсат етіңіздер.

«Арыз жазып кетейін». Думан Алдоңғаров.

2-жүргізуші:

- Бұл өлеңінде ақын көңілінің түкпіріндегі өкпесін өлеңмен білдірген. Бүгінгі күні ақынның болашаққа жазған арызы оқырмандарына жетті деп айта аламыз.

1-жүргізуші:

- Иә, болашаққа қара өлеңмен арыз жазып кеткен хас талант ақынның өлеңі ғой бұл. Ақын «Поэзия махаббаттан басталып, парасатпен аяқталуы тиіс. Барым менің, балам менің, жарым, жақсылығым менің – поэзия, тек сені сақтап қалсам екен» дейді.

«Поэзия». Рауан Самизоллин.

2-жүргізуші:

- Ақиық ақын өлеңдерін үлкен де, кіші де сүйсіне оқиды, таңырқай оқиды. Ақын өлеңдерінің өміршеңдігі олардың мағынасы терең мазмұнында, кез келген адамның

жүрегіне жетер қарапайымдылығында жатса керек. Өлең – өнер, өлең – дерт, оны туа біткен дарын иесі, шын талант қана дүниеге әкеледі, жүрек пен сезімнің отына орап ақ қағазға түсіреді. Сол ақ қағаз иесін тапқан әрбір сөз жүректерге ән болып, әуен болып жетіп жатады. Талантты ақын Мұқағалидың көптеген өлеңдеріне ән жазылып, сахна төрінде шырқалып жүр.

«Жарығым-ай». Нұрмұқан Құлымжанов.

1-жүргізуші:

- Туған жерге, елге, халқына, Отанына, ана тіліне деген махаббат сезімі ақын ретінде оның басты тақырыбы еді. Ақындықпен айналысқан 30 жыл ішінде ол көзімен көргендерін, ақындық санамен түйсінгендерін қазақтың кара өлең үлгісімен төгілтіп жырлай берді, жырлай берді.

«Ұлыма». Сағынгерей Ғайноллин.

2-жүргізуші:

- Ақын шығармаларының үлкен бір саласы – оның поэмалары. «Аққулар ұйықтағанда» поэмасында табиғатты аялау сезімі, адамгершілік көзқарасы жатыр. Табиғаттың еркесі, сұлулық рәмізі – аққулар бейнесінде адал сезімдер жырланады. Бұл поэма 1973 жылы «Жалын» жинағына жарияланады.

Көрініс: «Аққулар ұйықтағанда».

1-жүргізуші:

«Тірлігінде шекпен кимей, шен алмай,

Еңбегінің қызығын да көре алмай,

От боп жанып өтіп кеткен ақынға

Мәңгілік қып өмір берген өлеңді-ай!» деп Айтақын

Әбдіқал жырлағандай, келесі өлеңі – «Өлең деген тумайды жайшылықта». Шынар Ізімғалиева.

2-жүргізуші:

- Қазақ поэзиясының аспанында ерекше нұрланып, жанып, жарқырап өткен біртуар ақын – Мұқағали Мақатаев, яғни, Мұхамедқали, өзі тебіреніп жырлап өткен Қарасаз өңірінде, құнарлы топырақта, қасиетті мекенде 1931жылы дүниеге келеді.

1-жүргізуші:

- Ақын қандай ашуы келсе де балаларды көргенде майдай ериді екен. Балажан ақынның қабырғасын қайыстырған 10 жасар қызы Майгүлдің мезгілсіз қазасы болды.

«Майгүлге». Ернұр Бірлесов.

2-жүргізуші:

- Біздің мектебімізде Мұқағали жырларынан үлгі алып, өз сезімдерін жырмен өрнектеген талантты шәкірттердің бірі Төлебаева Тәттігүлге сөз кезегін береміз.

«Ақынға арнау». Тәттігүл Төлебаева.

1-жүргізуші:

- Жылдар өтер... Әлі небір ақындар дүниеге келер. Бірақ қара өлеңнің құдіретін аспанға бір-ақ көтерген Мұқағали есімі қашанда биіктен көрінер. Мұқағали поэзиясы әрбір мезгілмен бірге, әр ұрпақпен бірге мәңгілік жасай бермек.

2-жүргізуші:

«Өлсе өлер Мұқағали Мақатаев,

Өлтіре алмас алайда өлеңді ешкім».

Иә, өлең өлмейді. Ендеше ақын да өлмейді. Өлеңін рухани азық еткен, халқына бақыт сыйлаған ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың рухына арналған поэзия кешімізді тәмамдаймыз.

МҰЗТАУДЫҢ МҰЗБАЛАҒЫ

Мақсаты: Оралхан Бөкейдің шығармашылығы жөнінде мәлімет беру, кітап оқу дағдыларын қалыптастыру, ой-өрісін, дүниетанымын кеңейту.

Кештің өту барысы.

1-жүргізуші: - Қымбатты көпшілік қауым, ұстаздар мен оқушылар, Оралхан Бөкейдің мерейтойына арналған «Мұзтаудың мұзбалағы» атты әдеби кешімізді өздеріңізбен бөлісуге шақырамыз.

2-жүргізуші: - Қадірменді көзі ашық, көңілі ояу әдебиет сүйер қауым! Жалған дүниенің жарығында небәрі 50 жыл ғана өмір кешкен жазушы халқының жүрегінде мәңгі қалды. Енді жазушының өмір жолы мен шығармашылығына кезек берейік.

1-жүргізуші: - Оралхан Бөкей 1943 жылы Шығыс Қазақстан облысының Қатонқарағай ауданында дүниеге келген. 1963 жылы сырттай Қазақ мемлекеттік Университетінің журналистика бөліміне түскен.

1-жүргізуші: - Жазушы шығармасында адамға деген гуманистік сезім жоғары. Оны «Апамның астауы» деген әңгімесінен байқаймыз.

(Әңгімеден үзінді оқылады).

1-жүргізуші: - Дүниеде анаға бас имеген, анаға табынбаған пенде жоқ. Ендеше, мына бір әнді музыкалық сәлем ретінде жолдаймыз: «Ана туралы ән».

2-жүргізуші: - Ол «Лениншіл жас» («Жас Алаш»),

«Жұлдыз», «Қазақ әдебиеті» газет-журналдарында бөлім меңгерушісі, редактор сияқты қызметтер атқарып, туған әдебиеттің өркендеуіне көп үлес қосты. Оралханның шығармаларында Алтайдың асқақтығы бар. Оның бір кереметі – саф таза, қарапайым халық тілімен өмірдің өзін көз алдымызға әкелетіндігі.

(«Қасқыр ұлыған түнде» әңгімесінен үзінді).

1-жүргізуші: - Жазушы қаламынан туған көптеген прозалық шығармалар туды. «Өз отынды өшірме», «Қар қызы», «Құм мінезі», «Атаукере», «Мынау аппақ дүние», «Қайдасың, қасқа құлыным», «Сайтан көпір». Солардың ішінде кең тынысты, мазмұнға бай, тілі шұрайлы шығармаларының бірі – «Құм мінезі». «Құм мінезіндегі» Бархан бейнесі шынайы суреттелген.

(Екі оқушы осы шығармадан үзінді оқиды).

2-жүргізуші: - Оның тілші, жазушы болып қалыптасуында қазіргі заманғы қазақ әдебиетінің беделді өкілі Шерхан Мұртазаның көрегендігі мен ағалық қамқорлығы маңызды рөл атқарды.

1-жүргізуші: - Жазушы өзі туралы былай деген: «Мен өз шығармамды жазуға отырған сайын ең алғашқы әрі ең ақырғы шығармаға кіріскендей көңілім толқып жүрексінемін».

Би: «Сарыарқа». Ән: «Туган жер».

1-жүргізуші: - Оралхан бар шығармасын замандастарына арнады. Олардың ішкі жан дүниесінің жықпыл-жықпыл қалтарыстарын зерттеді. Сондай шығармаларының бірі – «Тортай мінер ақ боз ат».

2-жүргізуші: - Ендеше, осы шығармасынан үзінді көрейік. Көрініс.

1-жүргізуші: - Оралхан тіршілік туралы толғанған. Толғанып отырып пайымдаған.

Оны өз күнделігінде жазып қалдырған.

(Бір оқушы күнделіктен үзінді оқиды).

2-жүргізуші: - Оралханның халқының тәуелсіздігі жолында большевиктік геноцидпен арыстанша арпалысып, мұз үстінде жанған алау-қаһарман жастарымыздың образын сомдаған «Желтоқсан желі» драмасын жаның ауырмай, жүрегің сыздамай оқи алмайсың.

Оқиғалары сонау 1953 жылғы сәуір айынан, миллиондардың қанын мойынына жүктеген «Халықтар көсемі» Сталин өлген күннен басталатын «Алданған ұрпақ» романы да қазақтың ауыр тағдырын сөз еткен.

(Жазушыға арналған арнау).

1-жүргізуші: - Жазушының әр сөзі – көзін суарған, жүрек төріне ұялатқан өмір көрінісі. Кей-кейде табиғаттың тылсым күшіне қалам тербеген. Ол былай дейді: «Табиғат та адам секілді. Өзін кім сүйсе, соған ғана ықыласы ауып, ырқына көнеді».

Ән: «Туған жер».

2-жүргізуші: - Кейіпкерлері туралы былайша сыр толғаған.

«Жер бетіндегі миллиондаған адамдар қаншалықты бір-біріне ұқсамайтын әйтеуір бір ерекшелігімен дараланса, олардың мінез-құлқы, жан-қалтарыстары да соншалықты өзгеше, ешқандай ілім-білімнің қолынан келмейтін жұмбақты дер едім. Пенденің не ойлап тұрғанын, жан сарайында ненің жанып жатқанын күні бұрын білер амал-айла, құрал-сайман ойлап табылған жоқ. Сол секілді табиғат иеміздің де толайым құпия сырларын ала алдық па?! Міне, мен жазған дүниелердің тылсымдығы әрі кейіпкерлерімнің қиялшыл да арманшыл болып келері сондықтан».

1-жүргізуші: - Драматург, жазушы Оралхан Бөкей тірі болғанда қазақ прозасының абыз ақсақалы болып отырар ма еді, амал не, бүгін ол кісі ортамызда жоқ. Бірақ рухы бізбен бірге.

Ән: «Көк тудың желбірегені».

2-жүргізуші: - Тау биіктігімен, теңіз тереңдігімен, дала кеңдігімен көрікті десек, Оралхан жанға жайлы әңгімелерімен, драмаларымен көрікті.

1-жүргізуші: - Оралхан мұрасы – біздің ғана емес, болашақ ұрпақтардың да еншісі, қастерлеп қадірлейтін қазынасы.

2-жүргізуші: - Ендеше, сол қазынаны сақтау – барша-мызға міндет екенін естен шығармайық. «Мұзтаудың мұзбалағы» атты кешімізді «Жаса, қазағым» әнімен аяқтауға рұқсат етіңіздер.



Білім бәсекесі

Динара СЕРІКҚЫЗЫ,
«Алтыншоқы» орта мектеп-бақшасы»
КММ мұғалімі.
Шығыс Қазақстан облысы,
Үржар ауданы,
«Алтыншоқы» ауылы.

«ЕЛІМ МЕНІҢ» САЙЫСЫ

(10-11-сыныптар арасында өткізілген)

- Өнерлілер арасында шалқындар,
Білімді бар арамызда, тапқыр бар.
Бәсекеге түскелі тұр дәл қазір
Әрбір сөзі саф алтындай тапқырлар
Армысыздар, құрметті ұстаздар, оқушылар. Әр адамның

азаматтық қасиеті мен мәдениеті өз халқын, өз атамекенін қалай сүюімен, өз ана тілін қалай білуімен өлшенбек. Әркімнің өз тіліне деген құрметін өз анасына, өз ұлтына, өз Отанына деген құрмет деп білу қажет. Сонымен сайысымыз мынадай тоғыз бөлімнен тұрады:

1. Таныстыру;
2. Сұрақ – бізден, жауап – сізден;
3. Сурет – жұмбақ;
4. Мағынасын тап;
5. Сегіз қырлы, бір сырлы;
6. Бейне сұрақ;
7. Адасқан әріптер;
8. Поэзияға саяхат;
9. Ойтолғау.

Енді әділ баға берер қазылар алқасымен танысайық: мектебіміздің оқу ісінің меңгерушісі – әділ қазымыз Ботагөз Рамазанқызы, қазақ тілі мен әдебиет пән мұғалімі – Бекенбай Жағыпарұлы, тәрбие ісінің меңгерушісі – Еркін Сайлаубекұлы.

Сайыскерлеріміз дайын болса, сайысымызды бастайық.

Қазақтың өнерлі ғой бар баласы,

Сонда да солардың бар таңдамасы.

Жүзден бір, мыңнан озық жүйріктерді

Таныстыру – бұл сайыстың бастамасы.

Әр топ өзінің тобының атын, топбасшысы топ мүшелерімен таныстырады.

2-бөлім: «Сұрақ – бізден, жауап – сізден». Мен сұрақ қоямын. Жауап нақты болуы керек. Әр дұрыс жауапқа – 1 ұпай.

1-топқа 10 сұрақ:

1. Тіл дыбыстарын зерттейтін ғылым саласы. 2. Қазақ

тілінде неше сөз табы бар? 3. «Қазақ хрестоматиясын» кім жазды? 4. Қамбар батырдың сүйген жары. 5. Абайдың неше қара сөзі бар? 6. Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері. 7. Абай айтқан бес асыл іс. 8. «Алаш» партиясының жетекшісі. 9. Көшіп келген көршіге берілетін қонақасы. 10. «Зар заман ақындары» кімдер?

2-топқа 10 сұрақ:

1. Қазақ тіліндегі буынды ата. 2. Қызыл кітап поэмасының авторы. 3. Кіші жүздің биі. 4. Ер Тарғынның сүйген жары. 5. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері. 6. Абай айтқан бес дұшпан іс. 7. Желтоқсан көтерілісі құрбандары (Қайрат, Ербол, Ләззат). 8. «Тамаша» сөзінің синонимі. 9. Үйленген ұлға берілетін үлес. 10. Екі адамның сөйлесуі.

3-бөлім: «Сурет – жұмбақ». Әр топ үйден салып әкелген суретін қарама-қарсы топқа көрсетеді. Олар қандай мақал екенін табуы керек.

4-бөлімде тұрақты тіркестің мағынасын ашу керек.

1. Қабағынан қар жауды. 2. Тайға таңба басқандай. 3. Сағы сынды. 4. Ит арқасы қиянда. 5. Шашбауын көтерді. 6. Жағасын ұстады.

5-бөлім.

Қазақ елі – өнерлі халық нағыз,

Қызы сырлы, ұлдары – нағыз аңыз.

Сайратып қойып өнер жұлдыздарын,

Сабырмен тыңдай берсек тынығамыз.

Білімді сайыскерлеріміздің қандай өнерлері бар екенін көрейік (Сайыскерлер өнер көрсетеді).

6-бөлім: «Бейне сұрақ». Оқушылар таңдаған ұяшығын ашады, ішінде бейне сұрақ болады.

7-бөлім: «Адасқан әріптер». Төрт оқушының алды мен артында екі әріптен болады. Олар өз орынын табуы керек.

1. Біржанмен айтысқан қыз (Сара) _____ С
2. От басы, ... қасы (ошақ) _____ А
3. Көмірді «қандай алтын» дейді (қара) __ Р
4. Әнші Тамара ... (Асар) _____ О
5. Жаңа туған бала – қызыл ... (шақа) __ Ш
6. Мал қамайтын орын (қора) _____ Қ
А

1. Істеген ісі ... кетті (кері) _____ К
2. Үйленгенде ... қиылады (неке) _____ Е
3. ... жігер (Ерік-) _____ Р
4. Мектептегі сабақ: ... шынықтыру (дене) _ І
5. Қан сорғыш (кене) _____ Д
6. Үйдің төбесіне қарама-қарсы (еден) ____ Е
Н

8-бөлім. «Поэзияға саяхат» бөлімінде төменгі сыныптарда жатталған ақын өлеңдерінен үзінді беріледі. Оның бір шумағын жатқа айтып, авторын табу керек.

1. Ау, қызғыш құс, қызғыш құс...
2. Ақ киімді денелі, ақ сақалды...
3. Қараңғы қазақ көгіне...
4. Жақсылық көрсем өзімнен...
5. Жасымда ғылым бар деп ескермедім...

9-бөлім. «Ойтолғау» бөлімінде сайыскерлеріміздің бірінен бір оқушы шығып, өзінің тілге шешен екенін көрсетеді. Тақырып беріледі, сол тақырыпты қорғайды.

Осымен сайыс аяқталады. Қазылар шешімін шығарып, жеңімпаздарды марапаттайды.

Сара ҚОЯНБЕКОВА,
Қазақстан Республикасы
ҰҚК Академиясының профессоры, ф.ғ.д.

ҰҚК МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАУДА МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ОҚЫТУДЫҢ МАЗМҰНДЫҚ САПАСЫН ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕСІ

Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде орындайтын негізгі қызметі – қоғамдық өмірдің барлық саласы бойынша ақпарат алмасу. Осыған байланысты қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде қазіргі таңда әлеуметтік-коммуникативтік жүйенің негізгі компоненті болып табылады, сондықтан оны білу, жетік меңгеру әрбір қазақстандықтың міндеті мен парызы болуы тиіс. Қазақстанның әлемдік қауымдастық төрінен өз орынын алып, барлық қызмет саласы бойынша бірігуі қоғамның дамуына өз әсерін тигізетін тұрақты заңдылықтарды қалыптастыруда. Көлемі мен мазмұны жағынан ақпараттар ағынының көбеюі, білім беру мен білім алудағы технологиялардың өзгеруі, ғылыми және ақпараттық технологиялардың адам өміріне қарқынды өнуі кез келген салада кәсіби маманға деген сұранысты арттырып, өзбетінше нақты шешім қабылдай алатын, кәсіби тілдік дайындығы жоғары маманды дайындау қажеттігін туындатып отыр. Қазіргі таңдағы Қазақстанның білім беру жүйесіндегі өзгерістер аталған талаптардың нақты орындалуын қадағалай отырып, пәндік білім берудің де мазмұнын жан-жақтан қарастырып, білім беру мақсаты білімнің сандық көрсеткішінен сапаға көшуін талап етуде. Бұл білім алушылардың қоғамдық өмірге белсенді араласуымен сипатталып, жеке тілдік тұлға ретінде

калыптастыруды көздейді. Тәуелсіз еліміздің дамуының басты қозғаушы күші кәсіби мамандар болып табылатындықтан олардың саналы, терең, сапалы білім алулары жоғары білім беру жүйесін жаңа арнада оқытуды жүзеге асырады. Сонымен қатар Қазақстанның бірыңғай Еуропалық білім кеңістігіне енуі жоғары білім туралы дипломдарының халықаралық деңгейде танылуын қамтамасыз етуге жасалған маңызды қадамдар деп айтуға болады. Ол үшін жоғары білімді ізгілендіру әрбір жеке тұлғаның нақты көлемдегі сапалы мазмұндағы білім алуын мақсат етіп, білім беру қызметінде ұлттық құндылықтарды ескере отырып жаңа бағытта білім беруді көздейді. Қазіргі кезде мемлекеттік тілді оқытудың мазмұндық сапасын жетілдіру мәселесі педагог-ғалымдар тарапынан жан-жақты қарастырылып, төмендегідей нәтижелер ұсынылған. Оның негізгісі – білім алушылардың деңгейін ескеру мәселесі оқыту мақсатымен тығыз байланыста қарастырылуы қажет.

Осыған байланысты ҰҚК мамандарын даярлауда мемлекеттік тілді оқытудың мазмұнын жетілдіру мәселесі кәсіби оқыту үдерісінде ерекше назар аудартады. Себебі кәсіби қазақ тілін оқыту, мазмұнын анықтау бүгінгі күнгі қазақ тілінде зерделенген оқыту әдістемесінде әлі де нақты шешімін таба алмай отырғаны белгілі. Әсіресе, аталған мәселелер мемлекеттік тілді кәсіби бағдарлап оқыту мазмұнын анықтауда тіл ғылымымен тығыз байланыста қарастырылуы көп жағдайда шет қалып отыр. Атап айтқанда, тілде қолданылатын стилистикалық құралдар мен тілдің дыбыстық, морфологиялық, синтаксистік, лексикалық қырларын және де ауызша және жазбаша сөйлеудің кәсіби бағдарын зерттеумен ұштастырылуы жүйелеуді қажет етсе, ал әдістеме тілді оқытуды жаңа инновациялық технологияларға негізделуі тиіс. Тілді оқытудың мазмұны үнемі қозғалыста болатын және өзгерістер енгізілетін оның пәндік қырлары мен процессуалдық қырлары көрініс табатын категория болып табылатындықтан, оның

құрамына оқыту үдерісінде әлем туралы білім, қызмет атқару тәжірибесі, кәсіби мамандығы, шығармашылық деңгейі ескеріледі. Ал оқыту пәнінің мазмұнын жетілдіру оқыту теориясында олардың негізгі компоненттері оқу материалдарын ұтымды таңдау, оны тиімді орналастыру, оқу материалдарын өңдеу, қажетті ақпараттарды бөлу, т.б. оқытудың жүйесінде білім алушының өзбетінше жұмыс жасауына қажет. Білім дағдыларын шоғырландыру оқыту уақытын үнемді қолданумен сипатталады. Алайда қазіргі кезеңде арнайы сала мамандарына кәсіби бағдарлы білім беру, оның ішінде кәсіби қазақ тілін оқытудың жүйеленген тұжырымдамасы, стандарты, типтік бағдарламалары дайындалмағандықтан қазақ тілінің жоғары оқу орындарындағы пәндік қызметі тек қана білім беру стандарттары мен типтік бағдарламаларының мазмұндық деңгейінде қалып отыр. Сондай-ақ ЖОО-да қазақ тілінің жаңа педагогикалық технологиялармен оқытудың негізінде дайындалған ғылыми-әдістемелік базаның нақты шешімін таба алмауы – қазақ тілінің кәсіби бағдарлы қарым-қатынас құралы қызметін толық атқармауының бірден-бір себебі. Мемлекеттік тілдің кәсіби бағдарлы дамуы қазіргі кездегі тілдер туралы барлық заңнамалық актілерде көрініс тауып, оның қолдану аясы және дамыту жолдары белгіленген. Қазіргі кәсіби қазақ тілін оқыту әлемдік деңгейдегі тілдік білім берудің озық жетістіктерін толық игере отырып жаңа сапаға көтеруді қажет етеді. Осыған орай заманауи талаптарға сай тілдік білім берудің үш аксиологиялық блогы ұсынылған: **тілдік білім беру – мемлекеттік құндылық; тілдік білім беру – қоғамдық құндылық; тілдік білім беру – тұлғалық құндылық.**

Аталған құндылықтардың өзара байланыста қарастырылуы тілді игерту үдерісінде жаңа оқыту жүйелерінің пайда болуына әкеледі және олар білім беруде субъект-субъектілік қатынастың негізінде өрбиді. Осындай мақсаттарға жетуде білім беру жүйесі модернизациялауды

қажет етеді. Себебі қазіргі білім беру бұқаралық сипат алып, білім көзінен ажыратылған деген тұжырымдар да айтылуда. Бүгінгі қазақстандық білім беру жүйесі, соның ішінде ЖОО-да оқытылатын қазақ тілінің мазмұны болашақ маманға жалпы мәселелер, оның ішінде қазақ тілінің грамматикасы тұрғысынан білім беруге бағытталған. Ал қазақ тілінің белсенді қызметі қоғамдағы жаңа идеялардың туындауымен ұштасып, оқыту үдерісінде кәсіби мазмұндағы білім беруді бүгінгі күннің өзекті мәселесі ретінде танылып отыр. Кез келген жағдайдағы білім беруде маңыздылық танытатыны – білімнің мақсаттылығы, сенімнің тәрбиеленуі, дағдылар мен біліктерді үйрету. Бұл ЖОО-да кәсіби қазақ тілін оқытудың негізгі мазмұнында қарастырылуы тиіс. Қазіргі білім берудегі тұлғалық-бағдарлық қағидаларды ұстану қазақ тілін оқытуда игертіліп, білім алушының жеке тілдік тұлғалық ерекшеліктерін мойындаумен сабақтастырылып, кәсіби шеберлікке баулу ұштастырылады. Қазіргі әлеуметтік жүйе оқыту үрдісінде төмендегідей талаптар міндеттейді:

жоғары деңгейдегі кәсіби шеберлілік; рухани мәдениет саласындағы танымның кең болуы; мораль талаптары нормаларын орындау; өз қызметінің нәтижесіне жауап бере білу; өзіне және өзгеге дұрыс талап қоя білу.

Аталған мәселер болашақ кәсіби маманның мемлекеттік тілге деген жауапкершілігін, міндеттілігін жүктейді. Білім берудің әлеуметтік негіздерін қарастыруда оның тек қана қоғамдық сипаттарына мән беріліп қоймай, білім алу мен білім берудегі тұлғалардың күнбе-күн өміріндегі қызметтің маңызды элементі ретінде қарастыруды ескеру қажет. Себебі білім беру мен білім алу – белгілі бір деңгейдегі өзара қарым-қатынастардан туындайтын жүйе. Қорытындылай айтқанда, жалпы білім адамзат үшін маңызды, тәрбиелеуші күші бар, білім ақпаратын таратушы қызметтегі, мәдениетті тарату мен дамытушы ретіндегі қоғамдағы рөлімен ерекшеленеді. Ал бүгінгі күнге тән кәсіби икемділік ҰҚК мамандарын дайындауда ерекше маңыздылық танытып, қазақ тілін оқыту

нәтижесінің кәсіби қағидасы анықталады.

Мемлекеттік қызметкерлерге мемлекеттік тілді меңгерту мазмұнының сапалық деңгейін арттыру мәселелері әрбір сабақта жіті қадағалануы тиіс. Қазақстан Республикасы ҰҚК мамандарына қазақ тілін оқыту мәселелері кәсіби бағдарды ескере келгенде оқытылу мәселесі бүгінгі күн талабының өзекті мәселесі болып табылады, өйткені тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік деңгейдегі бағдарламалардың орындалуы ең алдымен мемлекеттік органдардан талап етіледі. «Ұлттық қауіпсіздік – тіл қауіпсіздігі» екенін ескерсек, әрбір кәсіби маман өз саласында мемлекеттік тілді жетік меңгеріп, сауатты қолдану нәтижелерімен көрінеді. ХХІ ғасыр мамандардың кәсіби шеберлігіне ерекше назар аудартып жоғары талаптар қойып отырғаны белгілі. Еліміздің құқық қорғау органдарында қызмет ететін білікті қызметкерлердің кәсіби дайындық мақсаттары ең алдымен қоғамның сұраныстарымен өлшенеді. Ол кәсіби қызмет пен іс-әрекеттің негіздемесі, ал іс-әрекет жеке тұлғаның тілдік тұлғасымен байланысты болатындықтан мұны шын мәніндегі кәсіби тілдік тұлғаның сипаттамасы деп таныған орынды. Сондықтан ҰҚК органдарында мемлекеттік тілді оқыту кәсіби бағдарға негізделген білім берумен анықталып, жоғарыда атап көрсетілген білім сапасы мен мазмұнын жетілдіре отырып, тілді өмірлік қажеттіліктеріне айналдыратындай мақсаттарды көздейді. Бұл қызметкерлердің күннен күнге толығып ұлттық кадрлар даярлау саясатын жүзеге асырудың белгілері болмақ. Әрбір қызметкер өз қызмет бабында ақпараттық-талдау жұмыстарында тілді еркін қолдану қасиеттерін шыңдап, мемлекеттік тілді толыққанды қолдану қажеттіліктеріне айналдыруды міндеттейді. ҰҚК қызметкерлерінің мемлекеттік тілді жетік меңгеруінің бірден-бір белгісі Отанына адал қызмет ететін, ұлттық мүдделерді жан-тәнімен қорғайтын кәсіби тұлғаның заман талабына сай келбетін қалыптастыру сипатымен анықталады. Осы

орайда мемлекеттік тілді тиімді оқытуды ұйымдастыру, тіл әдістемесін жетілдіру мәселелеріне айырықша мән беріліп, оқу-әдістемелік құралдарды жаңа инновациялық технологиялар негізінде дайындау қажеттілігін туындатады. Олардың қатарында кәсіби бағдарды негізге ала отырып дайындалатын оқу-әдістемелік материалдардың сапасын арттыру, сөйлеу мәдениетін жетілдіру біліктіліктерімен ұштастырылады.

Тіл қарым-қатынас құралы ретінде қоғамдық талап, мемлекеттік мүдде ұғымдарын тоғыстыра алған жағдайда ғана мемлекеттік мәртебеге ие болатыны сөзсіз. Кез келген қоғам мүшесінің, соның ішінде, әсіресе, мемлекеттік қызметкердің тілдік құзыретін қалаптастыру не дамыту қазақ тілін оқыту сапасымен тікелей байланысты екенін ескерсек, мемлекеттік тілді ҰҚК қызметкерлеріне оқыту жүйесінің көздейтін нысаны – Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметкерінің тілдік тұлғасын қалыптастыру. Осындай келелі мақсаттың жүзеге асырылуы ҰҚК қызметкерінің қазақ тілін үйрену үшін танымдық қызметін ынталандыратын «тілдік тұлға» қалыптастыру логикасына негізделеді.

Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік деңгейдегі бағдарламаларының орындалуы ең алдымен мемлекеттік органдардан талап етіледі. Бағдарлама негізіне сүйенсек, еліміздің Қарулы Күштерінде мемлекеттік тілдің толыққанды қолданылуы ұлттық қауіпсіздікті нығайту мәселелесі болып табылатыны да атап көрсетілген. Осы орайда кәсіби тұлғаның заман талабына сай келбетін қалыптастыру негізгі алғы шарттардың бірі ретінде қарастырылады. Құқық қорғау органдарында мемлекеттік тілді оқытуды тиімді ұйымдастыру және тіл әдістемесін жетілдіру мәселелеріне айырықша мән беріліп, тілді оқытудың белгіленген деңгейлеріне байланысты кәсіби қазақ тілінің типтік оқу бағдарламалары, жұмыс бағдарламалары дайындалып, жаңа сатыда үйлестіру қажеттілігі туындап отыр. Әр деңгейге

арналған оқу-әдістемелік құралдардың дайындалуы осы мәселелерді шешудің дәлелі болмақ. Мақсатты жұмыстар қатарында ҰҚК қызметкерлеріне тілді кәсіби бағдарда оқыту мәселесінің мазмұндық және сапалық деңгейлерінің жетілдіруі ретінде оқу үдерісінде тиімділік танытатын «Қазақстанның ішкі және сыртқы саясаты», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес», «Есірткі бизнесіне қарсы күрес», «Терроризмге қарсы күрес», т.б. тақырыптармен қатар елтанымдық бағытта білім беру жүйелі қарастырылған.

Сондай-ақ тіл саясатының басым бағыттарының бірі — іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізу мәселесі де нақты қойылған. Іс қағаздарын арнайы сала мамандарына оқыту проблемасының қиыншылықтары да өз шешімдерін табуда. Тілші-ғалымдар тарапынан ресми іс қағаздарын оқытуға арналған оқу құралдарының дайындалуы дәлелді мысалдарының бірі болмақ. Оқулық және оқу құралдарында білім алушылардың мемлекеттік тілді меңгеру жүйесін құруға бағытталған ұстанымдар мүмкіндігінше негізге алынып, мақсатқа жеткізетін басты фактор мемлекет пен қоғамдағы мемлекеттік тілге деген кәсіби бағдарлы сұраныс талаптарын қажеттілікке айналдырумен сабақтастырылады. Оқулық, оқу құралдарының басты мақсат-міндеті мемлекеттік тілді жетік меңгерту, функционалдық стильдер негізінде сөйлеу нормаларын, тіл мәдениетін қалыптастыратын тілдік заңдылықтарды меңгертумен ұштастырылады. Арнайы кәсіби сала мамандарына қатысты кәсіби терминологиялық сөздіктерді дайындау мәселесі де назардан тыс қалған жоқ. Қазіргі таңда өзектілік танытып отырған терроризм мен экстремизмге қарсы күреске арналған жүйелі оқыту материалдарының дайындалуы оқыту сапасының жүйеленуімен қатар заң және құқық саласындағы мәселелердің нақты шешімін табуда үлесі зор. Алдағы атқарылатын жұмыстар қатарындағы іргелі мақсат-міндеттерге әрбір қызметкердің белсенді атсалысуы патриоттық сезіммен етене қарастырылған.



Ақын, инженер-энергетик, ғалым, аудармашы, журналист **ТОБАЯҚОВ БАҚЫТЖАН ОШАҚБАЙҰЛЫ** – журналымыздың шынайы жана-шыры. Халықаралық Түркі поэзиясы, Абай поэзиясы сыйлықтарының лауреаты, академик С.Бәйішев, Алаш көсемі – Ә.Бөкейханов атындағы сыйлықтардың жүлдегері, Қазақстанның

еңбек сіңірген энергетигі, КСРО өнертапқышы, ҚР Ұлттық Инженерлік Академиясының мүшесі-корреспонденті, Қазақстанның Мәдениет қайраткері, Алматы облысындағы Кербұлақ ауданының құрметті азаматы, жазушы-шайыр атанған оны біз де биылғы мерейтойымен құттықтап, оған зор денсаулық, шығармашылық шабыт, баянды бақыт тілеп, білікті тәлімгердің мұғалімдерге рухани жыр азығы ретінде ұсынған «Мағжанға мадақ» топтама өлеңдерін жариялап отырмыз. Әріптестеріміздің жүрегін жылытып, сезімін тербетіп, қиялына қанат бітірсе, қуанышымызда шек жоқ.

МАҒЖАНҒА МАДАҚ

Кескіні көркем, кербез кемелдердей,

Естіні таң қалдырар кемеңгердей.

Алаштың маңмаңгері – Мағжан аға

Бойлаған туған жерге емендердей!

Жасынан тәрбиелі, ақыл көзді,

Басынан асырмаған тасыр сөзді.

Маңайын жарқыратқан Мағжан аға –

Наркескен тіліп түсер жантық езді.

Жонында жортатұғын ақ бөкені,

Сасықкөл, Сартомары – бақ мекені.

Нақақтан жала жапса, бас кетеді,

Көкейден кетпес сұрақ әлі күнге
Мылтықпен қай жерде оны атты екені?

Қызылжар – қырмызы өлке, қарағайлы,
Көңіл-күс ақын жерін аралайды.

Торқалы топырағы, суы – шәрбат,
Тудырған Мағжан тектес нар ағайды.

Тежемнен шықса деймін атым семіз,
Ежелден ақынменен ақын егіз.

Мақаң мен Есениндер – замандастар,
Жырлары бір-бірімен жақын деңіз.

Жырлаған олар қайың ақ балтырлы,
Артына өшпес мұра, ат қалдырды.
Аямай бар асылын елдері үшін,
Мерт болып қапияда тапқан қырды...

*** ***

Дариға, жыр-сусынын татам балдай,
Бар ма екен бекзат жандар Мақандардай?!
Әр тасы туған жердің ағашымен
Ақынның есімімен аталғандай.

Жастандық «Батыр Баян» жыр-дастанын,
Өлеңнің ұшар биік нұрлы асқарын.
«Қойлыбай қобызымен» - озығымен
Алаштың күңіреңтті кең аспанын.

Дегенде атбек қандай, ұстаз қандай,
Ақындық тәлімдікпен ұштасқандай.
Оқулық жазған шандоз ұрпағына
Жүсіпбек, ғалым Елдес тұтастардай.

Ендігі елім қандай,
Белім нардай,
Егемен болдық бүгін керім жандай.
От-алау жақты өрен оғландарым,
Ортада Мағжан ақын – серім бардай.

Көк туды олар көкте желбіретті,
Егілтті тәмам жұртты, елжіретті.
...Ғайыптан ғарыш асып келген Мақаң
Елінің ертеңіне елбірепті.

Абайдың шешен сөзі – кемел батам,
Алаштың көсемдері – егем атан.
Мұхтарды сақта деген абыз Ахаң,
Мағжанды сақта деген аңыз Жақаң.

Сақталды біреуі тек сағы сынбай,
Айналды кең арнаға-ағысындай.
Екіншім сақталмады, ғайып болды
Арманы арда кеткен арысымдай.

Оқыдық Кәкішевтей-әкемдерден,
Дос еді Мағжан ақын, Сәкендермен.
Шырқайық әнін біздер екеуінің,
Достым-ау, домбыраны әкел бермен.

Зер салып Сәкен сері талғамына,
Еліктеп ұрпақ өссін Мағжанына!
Лаулайық ағалардай Отан үшін,
Қарамай жалғыз жаңқа жанғанына!

Көкейінде жүрмеді топтың қамы,
Іштің, жедің секілді оттың малы.
Байлығыңнан кердендеп, ісіп-кеуіп,
Абай айтқан болдың ғой боқтың қабы.

Қай ісінді татитын санамақпын,
Жақыныңа нақақтан жала жаптың.
Дүние жинап шіріген надан байдай
Қара қоңыз дегенге баламақпын.

Пәле жаптың кезінде ақын жанға,
Одан адал жоқ еді жақын маңда.
Сенің жетті түбіңе дүние-боқ,
Ал ол – теңдес алаштық ақылманға!

...Қиындыққа десекте көп шыдаймыз,
Рухы асқақ адамға тапшыдаймыз.
Аулақ жүрсін ұрпақтан қорқау жандар,
Ал өзіміз – мылтықсыз сақшыдаймыз...

Бас редакторы – Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.

Қазақ тілі мен әдебиеті» –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Жауапты редакторы – Рыскелді САБЫРБАЙ.

Корректоры – Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.

Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы
ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат
және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат
комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек
айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке
қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 05.03.2013 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 5090.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Бас редактордың қабылдау
бөлмесі және бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: KazUlagat@mail.ru.

Басылатын жері – «Према» ЖШС.

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №3, 2013 ж., 144 бет, Алматы.